

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы  
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



## **«Саналы азamat»: Оқушының білім алуды мен кәсіби дамуының жеке бағыты әдістемелік ұсынымдамалары**

**Методические рекомендации «Саналы азamat»: индивидуальный  
маршрут образовательно-профессионального развития обучающегося**

**Астана  
2018**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2018 жылғы 9 тамыздағы №8 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 8 от 9 августа 2018 года)

«Саналы азамат»: Оқушының білім алуды мен кәсіби дамуының жеке бағыты әдістемелік ұсынымдамалары – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 128б.

Методические рекомендации «Саналы азамат»: индивидуальный маршрут образовательно-профессионального развития обучающегося.– НАО им. И. Алтынсарина, 2018. – 128 с.

«Саналы азамат»: Оқушының білім алуды мен кәсіби дамуының жеке бағыты әдістемелік ұсынымдамалары» оқушының білім алуды мен кәсіби дамуының жеке бағытын түбегейлі өзгертудің объективті қажеттілігінен туындары.

Бұл ұсынымдамалар оқушылардың жасы мен ерекшеліктерін ескере отырып білім берудегі жеке бағыттарын әзірлеу үшін педагогтерге қажетті психологиялық-педагогикалық білімді қалыптастыруға бағытталған.

Бұл басылым педагогтерге, мектеп директорларының орынбасарларына, сынып жетекшілеріне, әдіскерлерге, мұғалімдерге, жетекшілер мен ұйымдастырышыларға, сонымен қатар басқа да мамандарға арналған.

Разработка методических рекомендаций «Саналы азамат»: индивидуальный маршрут образовательно-профессионального развития обучающегося» вызвана объективной необходимостью кардинальных преобразований в выборе и подготовке учащихся к профессиональному образованию и деятельности путем создания педагогических условий для построения учащимися своего индивидуального образовательно-профессионального маршрута.

Содержание данных рекомендаций направлено на формирование у педагогов психолого-педагогических знаний, необходимых для разработки индивидуальных образовательных маршрутов с учетом возрастных и индивидуальных особенностей учащихся.

Данное издание адресовано педагогам, заместителям директоров школ, классным руководителям, методистам, учителям, руководителям и организаторам, а также другим специалистам.

© Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2018

© Национальная академия  
образования им. И. Алтынсарина, 2018

## Кіріспе

Коммуникация құралдарының дамуы қарқын алған тынымсыз қозғалыс, жаһандану дәуірінде қоғамның негізгі капиталы - қарым-қатынасты, ойлауды, өмір салтын өзгертетін және адамның ақыл-ойын, жақсы түрмисын түрлендіргіш жасампаздық қабілеті болып табылады.

Қазақстан Республикасының қоғамдық-саяси және экономикалық өміріндегі аса ірі өзгерістер болашақ азаматтардың, бәсекеге қабілетті мамандардың тұлғалық қалыптасуына жауап беретін білімге жоғары талаптар қояды. Қазіргі кезенде мемлекетте жас ұрпақтардың тек адамгершілік тәрбиеленуі, ұлттық және әлемдік мәдениетке кіріктірілген, жоғары адамгершілік құндылықтарға бағытталған тұлғаның зияткерлік білімі ғана емес, сонымен қатар болашақта қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуына қатысуға қабілетті, тіршілік және кәсіптік проблемаларды шешуге құзыретті, өмір бойы тиімді еңбек етуге және оқуға дайын тұлғаларды даярлау аса маңызды.

Өмірдің саяси, әлеуметтік және экономикалық салаларының дамуы қоғамдық сананы озық түрлендірумен қатар жүреді.

Қоғамдық сананы түрлендіру Қазақстан халқының дәстүрлері мен әдеттерін жоғалтпай жаһандану қауіптеріне жауап бере алатын жобаларды іске асыруды талап етеді.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласында болашақтың кілті білім болып табылатын бір ұлттың бәсекеге қабілетті, прагматикалық, жауапты, шығармашылық тұлғасын қалыптастыру міндеті алға тартады [1]. Бұл міндетті іске асыру жолы «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасында, мысалы, «Саналы азамат» базалық жобасында көрсетілді.

Өндірістің әртүрлі сегменттеріндегі заманауи индустріяның дамуының басымдылықтары нарық конъюнктурасына айтарлықтай байланысты, оның өзі түлектердің кәсіптік даярлығының мазмұнында әлеуметтік тапсырыстың қайта қаралуын талап етеді.

Бұл проблеманың өзектілігі еңбек нарқында жоғары білікті мамандарға сұраныстың болуына байланысты және мамандықты саналы таңдау үшін білім алушыларды мақсатты даярлауда оқыту процессін жаңа технологиялар негізінде үйымдастыру қажеттілігінен туындалап отыр. Сондықтан «Саналы азамат» базалық жобасы мынадай проблемаларды: оқушыларды өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне қарай және еңбек нарқының дамуының талаптары мен перспективаларын ескере отырып, кәсіптік бағыттау және олардың кәсіптік өзіндік анықталуы үшін жағдай жасау проблемаларын шешуге; еңбек нарқында мамандықтардың қажеттіліктері мен сұраныстары және кәсіптік білім алу мүмкіндіктері туралы ақпарат таратуға; таңдалып алынған мамандық бойынша білім алушылардың кәсіптік жарамдылықтарын анықтауға бағытталған.

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында әрбір оқушы үшін жеке дара білім беру маршрутын жасау өзекті болып табылады, ол нақты

тәрбиеленушінің психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оның білім алуына, оның жеке қабілеттерін дамытуға бағытталады. Мектептің өзінде балалар өз қабілеттерін ашып көрсететін мүмкіндіктерге ие болуы, мына жоғары технологиялық бәсекелестік әлемде өзін бағыттай алуы тиіс.

Жаңартылған білім берудің негізгі идеясы ол жекеленген, функционалды және тиімді болуы қажет. Өнімді оқыту және ҰБТ-ға ұтымды дайындалу сол оқытудың жекеленген білім беру маршруттары арқылы іске асырылуы мүмкін. Жекеленген білім беру маршруты –бейіналды және бейінді даярлау контекстінде білім беру процессін жекелендіру міндетін іске асыру болып табылады. Мектептегі жекеленген білім беру маршруттарының мәні, сонымен қатар оларды жобалау және іске асыру Т. Б. Алексееваның, Л.Н. Бережновоаның, В.С. Безрукованаң, С. В. Воробьеваның, Е.С. Заир-Бектің, В. Е. Радионовтың, А. П. Тряпицынаның, М. Б. Утеповтің және т.б. енбектерінде қарастырылған.

Қазіргі кезеңде жекеленген білім беру маршруттарын жобалау проблемасы қофамның өзгерген әлеуметтік-экономикалық шарттарына, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының жаңа қарастырылған мазмұнына байланысты, себебі олар білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр.

Бұл жұмыс жастардың болашақ кәсіптерін саналы таңдауы үшін мақсатты даярлауға оң әсер ететін жекеленген білім беру маршруттары жағдайында жоғарғы сынып оқушыларының өзіндік кәсіптік анықталуын қалыптастырудың өзекті проблемасына арналған, себебі бұл проблеманы шешу болашақ енбек қызметтеріндегі ұтымдылықтың кепілі болып табылады. Жоғарғы сынып оқушыларының өзіндік кәсіптік бағдарлануының негізгі белгілері вариативтік негізінде оқытуды жекелендіру, бейінді және деңгейлі дифференциация, әлеуметтік бағытталуды қарқыннату, олардың анықталған қажеттіліктерін, қызығушылықтарын және қабілеттерін ескере отырып, олардың кәсіптік бағдарланулары болып табылады.

«Саналы Азамат» әдістемелік ұсынымдарының негізгі мақсаты: білім алушының білім-кәсіптік дамуның жекеленген маршрутын анықтау, білім алушылардың жекленген білім-кәсіптік маршруттын әзірлеу және ұйымдастыру үшін педагогтерге әдістемелік көмек көрсету.

## **1. Экономиканы құрылымдық өзгерту және қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында оқушылардың білім алуды мен кәсіби дамуы**

### **1.1. Жаңа Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы жағдайында кәсіпті саналы таңдауға жастарды мақсатты даярлау**

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласында білім күлті жалпыға ортақ болуы тиіс деп атап көрсетті. Біздің елімізде жоғарғы білімді адамдар әлемдегі бәсекеге сай болуы үшін барлық мүмкін шаралар қолға алынуда. Мемлекет басшысы айтқандай, «білім беру саласын бюджеттік қаржыландыру үлесі бойынша Қазақстан бүгінгі күні әлемдегі алдыңғы қатарлы елдердің қатарында». Ұлт көшбасшысы бәсекеге қабілетті болу үшін жоғарғы білімді болу қажет деп атап көрсетті [1].

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында төртінші басымдық ретінде адами капиталдың сапасын жақсартуды атап көрсетті. Тұбегейлі жаңаша ойлауға негізделген іргелі реформалар іске қосылу кезеңіндегі Қазақстанның қазіргі білім беру жүйесінде бұған ерекше қоңіл бөлінген [2].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев 2006 жылы 27 мамырда Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі «Білім экономикасына инновация және білім арқылы» дәрісінде «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті алдыңғы қатардағы 50 елдің ішіне кіру міндетін тек оны ғылымды қажетсінетін технологияларды менгерген, басқару дағдылары бар, нарық экономиясында бағдарлана біletін жоғарғы білікті мамандардың жүзеге асыруы арқылы ғана атқарылатынын» атап көрсетті [3].

Динамикалық қарқынды дамитын қоғамға әртүрлі салада өнімді жұмыс істей алатын жаңа типтес мамандар қажет. Бұл жағдайда біздің қоғамның аса өзекті проблемаларының бірі тез өзгеріске ұшырап отырған әлеуметтік және экономикалық жағдайларда өмір сүре алатын ғана емес, сонымен қатар қазіргі болмысқа белсенді әсер ететін, оны жақсартуға ат салысатын, бәсекеге қабілетті тұлғаларды қалыптастыру болып табылады. Қазіргі кезенде мамандарға талаптарды еңбек нарқы қалыптастырады. Проблемаларды өзі дербес және командада біріккен іс-қимылдар арқылы шеше алатын, тәуекелге баруға мүмкіндік беретін, бастамашылдық, білім деңгейін арттыруға ұмтылу және т.б.біліктераса құндылық болып табылады. Солармен қатар адамнан жеке жауапкершілік, міндеттілік, сөйлесе білу, жеке және кәсіптік ұтқырлық қасиеттері талап етіледі.

КР орта білім мазмұнын жаңарту – білім беру мен ғылым салаларының бәсекеге қабілеттіліктерін арттырудың, экономиканы тұрақты көтеру үшін адами капиталды дамытудың негізгі шарттарының бірі болып табылады. Кәсіптік білімге және кәсіптік қызметке дейінгі дайындық кезеңінде жоғарғы сынып оқушыларында қосалқы құзіреттер мен кәсіпке дейінгі білім мен дағдыларды қалыптастырудың жаңа тетіктері мен тәсілдері қажет. Бұның өзі

«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы мен негіздерінің аса маңызды міндеттерінің бірі және Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын құрудың қажетті шарты болып табылады.

Жаңа Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғам жағдайында болашақ нәтижелі еңбектің кепілі ретінде кәсіпті саналы таңдауға жастарды мақсатты даярлауаса маңызды міндет болып табылады. Көптеген жағдайда мектепті бітірушілердің еңбек нарқының талаптары, өнірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктері, әртүрлі кәсіби салалардағы мамандардың қажетті сапасы туралы ақпараттары жоқ.

Қазіргі кезде жалпы білім беру мектептеріне қоғам тарапынан әлеуметтік тапсырыс тек қана белсенді, жоғары мәдениетті және білімді адамдарды даярлап қана қоймай, сонымен қатар Жалпыға ортақ еңбек қоғамының кәсіптік анықталған мүшелерін даярлау болып табылады. Жаңа индустріалды-инновациялы экономика жағдайында жастарды өмірге даярлау мектептегі жоғарғы сыныптарда бастау алады. Қазіргі жастар болашақта саяси, экономикалық және ғылыми элитаның негізін құрайтын болады. Сондықтан, жастардың жеке және кәсіптік түрғыда қалай бағдарланғандарына, Қазақстан мәдениетінің, тарихының қандай құндылықтары олардың тұлғалық дүниетанымдық ядросын құрайтынына, олардың азаматтық жауапкершіліктері деңгейі қандай болуына байланысты Қазақстан қоғамының дамуының табыстылығы да соларға тікелей байланысты болады.

Әлемнің динамикалық даму жағдайында іргелі пәндер бойынша білімдер міндетті бола отыrsa да, оларқоғамның талаптарына, мемлекеттің тапсырыстарына және еңбек нарқына толық жауап бере алмайды. Білім алушылар білім, білік және дағдылар жыныстығын менгеріп қана қоймай, сонымен қатар олардың өте жоғары дәрежеде өзін-өзі іске асыруы үшін ақпараттарды өзі дербес табуды, талдауды және тиімді қолдануды олардың бойына сіңіру өте маңызды. Былайша айтқанда, оқушыларды алған білімдерін жаңа білім алу үшін қолдана білуге, белгілі бір біліктер мен дағдыларды, әлеуметтік тәжірибелерді менгеруге үйрету қажет.

Еңбек нарқының, жекеленген оқыту негізінде оқушыларды өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі іске асыруға даярлаудағы әлеуметтік серікестер қажеттілігі, кәсіптік білімді менгеруге дайындықтары кәсіби педагогиканың ғылыми зерттеулерінің маңызды және өзекті бағыттары болып табылады. Бұгінгі күні жалпы білім беру мектептері шеңберінде білімді және жоғары мәдениетті жастарды даярлап қана қоймай, сонымен қатар кәсіпті саналы таңдай білетін, қоғамның заманауи қажеттіліктеріне сәйкес өзін-өзі іске асыруға және өзін-өзі дамытуға қабілетті және соған дайын жастарды даярлау аса өзекті міндетке айналып отыр.

Білім берудің қазіргі жағдайы білім беру қызметінің аса тиімді нысандарын белсенді іздестірілуімен, оқушылардың қабілеттерін толық ашып көрсетуге мүмкіндік беретін оларды оқыту мен дамытудың шарттарын жасаумен сипатталады. Қоғамның қазіргі кездегі даму кезеңінде әрбір тұлғаның интеллектуалдық және психологиялық ресурстарын максимал

диапазонда дамуын қамтамасыз ететін білім беру моделін әзірлеу болып табылады. Білім беруде баланың жеке дара ерекшеліктерін толық ескере отырып, оның өзін-өзі жетілдірудің (өзін-өзі танудан бастап өзін-өзі іске асыруға дейін) кешенді біліктіктерін қалыптастыру үшін жекеленген білім беруді идеал деп қарастыруға болады.

Қоғамның өзгерген әлеуметтік-экономикалық шарттары білім беру жүйесіне, оның мақсаттарына және оны реформалау бағыттарына: икемділігі мен ұтқырлығын арттыру, білім беру жүйесінің реал вариативтігін жасау, білім алушылардың жеке сұраныстары мен жеке мүмкіндіктерін толық есепке алу сияқты жаңа талаптарын қояды. Біргінде жиі-жіңі оқушының білім берудің мазмұны мен процессуалды аспектілерін таңдап алу мүмкіндігінің қажеттілігі, осы таңдаудың оқушының нақты қызығушылығына және мүмкіндігіне максимал жақындауының қажеттілігі айтыла бастады.

Мектеп жоғары сынып оқушылары үшін өзін Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамында, заманауи динамикалық дамып жатқан әлемде өмір сүре алатын, шығармашылықпен айналыса алатын және қызмет істей алатын Адам ретінде таныта білудің бастапқы алаңы болуы тиіс.

## **1.2. Бейінделудің білім алушылардың кәсіптік бағдарлануы және өзіндік анықталуында жеке дара бағытталған оқыту жүйесі ретінде қарастырылуы**

Қазақстан білім беру жүйесінің жаңғыртуға бағытталған нормативтік құжаттарда тек білім алу және абстрактілі тәрбиелеу міндеттеріне арналған бағыттарды өзгерту қажеттілігі, жаңа әлеуметтік қажеттіліктер мен құндылықтарға негізделген тұлғаның әмбебап қасиеттерін қалыптастыру туралы ой тасталған. Білім беру саласы жекелеп оқытуды негізге ала отырып, тұрақты жаңартылуда.

Бұғінде көптеген білім беру тұжырымдамалары оқушылардың өзіндік білім алулары, біліктіктері мен дағдыларына негізделген. Жаңа жағдайларда қажетті маңызды сапаның бірі мақсатты анықтай білу, өз мақсатына жету жолдарын жобалай білу, өз жетістіктерін бақылай және бағалай білу болып табылады. Бұл мақсатқа қол жеткізу білім беру процесін жекелендіруге тікелей байланысты, ол оқушыларды жеке дара білім-кәсіптік маршруты бойынша оқыту деген сөз.

Біз бейінделуді оқушылардың кәсіптік өзіндік анықталуы мақсатында оқытудың жеке дара бағытталу жүйесі деп қарастырамыз. Бейінде оқыту – жоғары сынып оқушыларын олардың үздіксіз кәсіптік білім беруге қажеттілігін ескере отырып, дифференциалдан және жекешелендіріп оқытудың біртұтас мамандандырылған даярлық жүйесі [12].

Ата-аналар мен жоғарғы сынып оқушыларында жоғарғы оқу орындарын формалды түрде таңдап алулары жиі кездеседі, оның барысында таңдалған жоғарғы оқу орны оқушының реал мүмкіндігіне, қызығушылықтарына және қол жетімділігіне сәйкес болмауы мүмкін. Және

практика көрсеткендей, мұғалім «өз» пәнін ең маңызды, негізгі пән деп қарайды. Осы фактілер жоғарғы сынып оқушыларын білім берудің жекеленген маршруты бойынша оқыту мүмкіндігін азайтады. Мектеп өз ресурстарының мүмкіндігінің төмен болуына байланысты бейіндер санын азайтуға мәжбүр болып отыр.

Жоғарғы сынып оқушыларын тәрбиелеу және әлеуметтендіру бойынша жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі бағыттарының бірі тәрбиелеу күштерін жекелендіру және дифференциациялау болып табылады. Ол жоғарғы сынып оқушыларының мектептен кейінгі жекеленген маршруттарын жобалауға, олардың өзіндік кәсіптік-білімін анықтауға, бағдарламаның вариативтігін күшетуге байланысты. Соның негізінде жоғарғы сынып оқушылары өздерінің әлеуметтік тәжірибелерін, әлеуметтік құзыреттерін кеңейту үшін бағыттарды өздері таңдап алады, сабактарды ұйымдастырудың, сабактағы және сабактан тыс іс-қимылдардың нысандарын және мазмұндарын анықтауға мүмкіндік береді [16].

Осы аталған фактілердің барлығы оқу процесінің барысында білім алушылардың жеке дара мүмкіндіктері мен қабілеттері ескерілген жекеленген білім беру маршруттары негізінде білім беру процесстерін іске асыру мүмкіндігін көрсетеді. Оқытудың бұл моделі жоғарғы сынып оқушыларына кең еркін таңдау мүмкіндігін береді және үздіксіз білім алуға және кәсіптік өзіндік анықталуға дайындықтың қалыптасуына оң әсер етеді.

Білім беру ортасы тұлғаның даму механизмдеріне кіріктіріледі, соның арқасында ол ортаның мақсатты және функционалды міндеті анықталады, сонымен қатар, қоғам мәдениетінің пәнделілігіндегі оның көзі анықталады. Табыстың жеке жағдайын ұйымдастыру – шарттардың мақсатты ұйымдастан жиынтығы, оның барысында жеке тұлғаның болсын, барлық ұжымның болсын, айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігі туады. Педагогикалық тұрғыдан қарағанда бұл нәтижені педагогтің ойластырып дайындаған стратегиясы мен тактикасы деп қараған жөн [23].

Бейінді оқыту принциптері мен жеке-бағдарланған оқыту принциптерін салыстырып қарау арқылы қажетті және міндетті талаптар анықталды, ол талаптар жеке оқу жоспарлары бойынша оқыту процесінің нормативтері болып табылады және осы модель бойынша білім беру процесстерін дамыту бағыттарын: вариативтік принциптерді, жеке дара білім беру, тұлғалық мақсатты, өзіндік іске асыруды, жекеленген білім беру маршруттарын таңдауды, білім беру процесстерінің субъектілерінің демократиялық қарым-қатынасын, ситуативтік оқытуды, оқытудың өнімділігін, білім беру рефлексиясын, оқушыладың жекеленген-білім беру маршруттарын педагогикалық камсыздандыруды айқындайды.

Оқушылардың жеке оқу-зерттеу іс-қимылдарын анықтау технологиясы жекеленген оқу жоспары мен бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз ететін, субъект-субъект қарым-қатынасына негізделген мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасын қамтамасыз ететін оқытудың нысанын қолдануды қарастырады. Оқушының жекеленген білім алу маршрутын іске асыруды қамтамасыз ететін қажеттілікті зерделеу, оқытудың мақсаттарын

қою, өміртіршілігін жобалау бойынша педагогтер мен жоғарғы сынып оқушыларының біріккен іс-қимылдарына кеңістік құру қажет. Ол үшін оқу жоспарына кәсіптік тәжірибелерді, әлеуметтік практикаларды, өнірдің белгілі азаматтарымен кездесуді, олардың (дәрігерлердің, жоғары оқу орындарының оқытушыларының, инженер-технологтардың, энергетиктердің және т.б.) кәсіптік тәжірибелерін кіргізу қажет. Оқушыларды оқыту бейінімен тығыз байланысты әртүрлі әлеуметтік-еңбек және қоғамдық-пайдалы қызметтер түрлеріне кіргізу орын алып отыр [23].

Алдыдағы кәсіптік жолды таңдау стратегиясына оқыту жекеленген оқу жоспарларын іске асыруды талап етеді. Бұл шарт субъектілік тәжірибенің дамуына және оқушының өзіндік дамуына тұлғалық дайындығына және болашақ кәсіптік жолды саналы таңдап алуынабағытталған [28]. 10,11 сыныптардың оқу жоспарларына әлеуметтік практиканы енгізу қажет, себебі ол практика жоғарғы сынып оқушыларын мүмкін болатын болашақ кәсіппен, еңбек шарттарымен, осы кәсіп қызметкерлеріне қойылатын талаптар деңгейімен, осы қызметке қатысты біліктірмен таныстыру мақсатында жүргізіледі.

Педагогтер білім алушылардың жеке қажеттіліктері мен қабілеттерін, олардың өмірлік тәжірибелерін, кәсіптік-құндылық бағдарларын, өмір жолын жобалау міндеттерін ескереді және өзектендіреді.

Жекеленген білім беру маршруттары негізінде білім беру процессін ұйымдастыру жұмысы өмірлік және кәсіптік өзіндік анықталу қабілеттерін қалыптастыру бойынша жұмыстармен бірге жүргізілуі тиіс [8].

Әрбір жоғары сынып оқушысының өмірлік өзіндік анықталуының барлық компоненттері үйлесімді болуына, олардың өзара қарым-қатынасына, үйлесімділігінің артуына ұмтылу қажет.

Оның барысында өмірлік және кәсіптік өзіндік анықталуды қалыптастырудың бірнеше деңгейін көрсетуге болады:

1 деңгей - тәмен: өмірлік өзіндік анықталу толық емес, оның компоненттері толық қалыптаспаған, немесе ол барабар емес элементтермен толтырылған, немесе көрсетілген екі элемент те орын тапқан, адамның белсенділігі жақын мақсаттарды ізде табуға және ситуативтік тұтынысты қанағаттандыруға бағытталған.

2 деңгей – тұлғалық жаңа құрылым белгілерімен сипатталады, ол субъектінің кәсіптік қызмет саласын таңдап алуымен, өзінің кәсіптік-еңбекті таңдауындағы шектілікке рефлексиясымен, кәсіптік іс-қимылдың мағынасын іздеумен және кәсіптік мәдениет әлемінде мінез-құлықты реттеумен сипатталады.

3 деңгей – өзінің белгілі бір әлеуметтік топқа және қоғамдық қатынастарға қатыстылығының социумдағы нормаларына және қолданыстағы критерийлерге көзқарасын анықтау. Өмір жолын таңдау қоғамдық қатынастардың қажеттілігіне, борыш сезіміне және өзінің әлеуметтік статусына сәйкес.

4 деңгей – жоғарғы сынып оқушыларын жекелеген өмір жолы құндылығына, жеке табыстылығына қол жеткізу үшін тұрақты ұмтылысқа,

жеке өзінің рефлексиясы негізінде өзінің «мен» деген образын құрауға және оны бекітуге, ортаға белсенді қарсы тұра білуге және оны өз қызығушылығына бағындыруға жетелейді.

5 деңгей – өмірлік өзіндік анықталу «тиімді тұтастық» белгілеріне ие болады. Бұл жоғарғы деңгей, өмірлік өзіндік анықталудың барлық компоненттері жүйелі иерархияға бағынады, онда құндылық-бағытталған компонент жетекші роль атқарады, ал өзіндік анықталу жоғарғы сынып оқушыларын жалпы мәдениеттік құндылықтарға, өмірлік тандаудың адамгершілік мағынасына бағыттайты; адамгершілік тұрғыда акталған өмірлік жолды жобалауды анықтайты [25].

Бұл деңгейде өзіндік анықталу этикалық және адамгершілік тұрғысынан шектелуді өз еркімен және саналы түрде қабылдаудан, өз іс-қимылдарының келешектегі салдарын көре білу және олар үшін жауапкершілікті алып жүру, өмірдің мағынасын іздеп табу қабілеті көрініс табады.

Жоғарғы сыныптарда табысты оқудың шарттарының бірі жоғарғы бейінді мектепте оқуға дайындықты қалыптастыру болып табылады.

Дайындық оқушының мынадай құзыреттіліктерінен көрініс табады:

Зияткерлік – әртүрлі ақпараттармен жұмыс істей алу, білімді өз бетімен табу және менгеру әдістерін білу, гипотеза, іздеу, зерттеу жағдайларында жұмыс істей білу қабілеттері;

Жеке бастық – дербестігін, бастамашылығын, еркін, өз іс-қимылын жоспарлай алуын және ұйымдастыра білуін, ынтымақтастығын көрсеткісі келетіндігі және білігі;

Коммуникативтік – оқу диалогіне қатыса білуі, монологтік түрде сөйлей білуі;

Рефлексивтік – өз іс-қимылын бақылай және бағалай білуі, өз іс-қимыларының салдарын көре білуі, кездесетін қындылықтардың себептерін жоя білуі, өзінің жетістіктерін объективтік бағалай білуі;

Іскерлік – практикалық мәселелерді оқу мәселелеріне айналдыру білу, стандарттық емес жағдайда іс-қимылдың алгоритмін түрғыза білу, тандау жағдайында жұмыс істей білу қабілеттері;

Креативтік – жаңа идеяларды қабылдай білуі, түпнұсқалы және жаңа шешімдер қабылдауға қол жеткізу;

Эмоционалдық – оқу-тәнімділік себептер жүйесі, оқу ситуацияларына эмоционалдық реакция [15].

Бейінді таңдалуға дайындықтың көрсеткіштері

1. Кәсіптік жоспарлардың бар болуы
2. Кіршіксіз кәсіптік образдың бар болуы.
3. Кәсіптік және кәсіптен тыс құндалықтардың ара қатынасы.
4. Өзіндік анықталуда көмекші ретінде мектептің танылуды.
5. Кәсіптік қалыптасу барысында қабылданатын және қабылданбайтын сипаттамалардың бар болуы және айқындығы.
6. Кәсіптік білім алу әдістері, кәсіптің қажеттілігі туралы көзқарас.

7. Кәсіптік өзіндік анықталудағы әлеуетті көмекшілер туралы көзқарас.

8. Қосалқы вариантардың болуы, физикалық және психологиялық қалыпқа кәсіптің әсері туралы көзқарас.

9. Кәсіптік бағдарлама ақпараттарының көздері туралы көзқарас.

10. Жақын адамдардың кәсіптік қызметтері туралы көзқарас.

11. Жекетүлғалық артықшылықтар, мүмкіндіктер, ерекшеліктер мен оларды қолдану нұсқалары туралы (олардың кемшіліктері туралы да) көзқарас.

12. Өз қажеттіліктерінің қалыптасуы, оларды іске асыру жолдары туралы көзқарас.

13. Әлеуметтік маңызды іс-қимыл, қыншылықтарды жеңе білу немесе оларды жеңе алмау туралы тәжірибелерінің болуы.

14. Жалпы құзыреттіліктердің әртүрлі көріністерінің (контакт орната білу, өз ойларын жеткізе білу, басқалардың ойын түсіну, топта жұмыс істей білу, өнім өндіре білу жеңе т.б.) қалыптасуы.

15. Өзін презентациялау тәжірибесі.

16. Адамдармен өзара қарым-қатынас орната білу, өзінің кәсіптік және өмірлік жоспарларын іске асыру бойынша тәжірибесінің болуы.

Білім алушылардың жекетүлғалық және кәсіптік өзіндік анықталуы үшін жағдайлар жасау мектептердің ең жетекші тәрбиелік және білім беру міндеттерінің бірі болып табылады, олардың бұл бағыттағы шығармашылық іс-қимылдарының көптеген түрлері болып табылатын жұмыстарының өте үлкен әлеуеті бар, олардың ішінде әрбір білім алушы өзіне ұнайтын істі тауып алына болады. Егер білім алушы, сабактан тыс іс-қимылмен айналысса немесе таңдау курсарындағы сабактарда өзінің шығармашылық қабілеттерін өзі дербес іске асыра алса, онда бұл оның тұлғалық, өмірлік және кәсіптік өзіндік анықталуына оң әсер ететін шешуші факторлардың бірі болып табылады.

### **1.3. Шетел мемлекеттерінде оқушылардың кәсіптік бейімделуінжәне өзіндік анықталуын ұйымдастыру тәжірибесі**

Шетелдік ғылыми-педагогикалық әдебиетте «кәсіптік бейімделу» деген термин тұра айтқанда кездеспейді, бірақ «мансалты дамыту» деген түсінік бар [21].

Айтартықтай ақпараттық және әдістемелік ресурстар, арнайы даярланған мамандар әрбір адамдың кәсіпкер ретінде дамуы бағытында екі әлеуметтік-тұлғалық аспектінде жұмыс істейді: классикалық білім беру мекемелерін, әртүрлі меншік нысандары бойынша ұйымдар мен өндіріс орындары іске асыратын қолданыстағы көмек бағдарламаларын реформалау, кәсіптік мансаптарын қолдау және қоса алып жүру тәрізді жұмыстарды жүргізеді. Оларда бір жағынан кәсіптік дағдыларды қалыптастыру іске асырылады, екінші жағынан – тұлғаның әлеуметтік-бағытталған

қызығушылығы және кәсіпті таңдап алу себептері қалыптасады, онда тұлғаның кәсіптік және азаматтық қалыптасу процесі тұтастай реттеледі.

Кәсіптік қызметі өз қызығушылықтарына, қабілеттеріне, мінездеріне сый болған адамдар ғана тиімді қызмет істей алады. Осы себеппен адамның мансабын мақсатты жоспарлау, қолдау және қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады [14]. Ол үшін біріншіден, мансап түсінігінің мазмұны анықталады, ол дегеніміз: әйгілі және атақты болуға, пайда табуға қол жеткізу; бір белгілі іс-қимыл саласында алға жылжу; кәсіптің түрі анықталады. Ғылыми әдебиетте және практикада бұл терминнің бірыңғай түсінік аппараты жок, алайда ғалымдар мансаптың мазмұнды компоненттерін және мансапты таңдаудың процессуалдық аспектілерін, оған бейімделудің процессуалдық-мазмұнды моменттерін ой елегінен өткізіп, түсіндіруге тырысада. Айта кететін жай, мансапты қалыптастырудың жекелік және әлеуметтік факторлары адамның бүкіл өмірі бойы іске асырылатын үздікіз білім беру шенберінде қарастырылады.

Кәсіптік бейімделу жүйесі Қазақстанда кейінгі он жылдарда бұрыннан да биік деңгейге көтерілді. Соған қарамастан, тек қана отандық тәжірибеге ғана қарап қалмай, сонымен қатар шетел мемлекеттерінің кәсіптік бейімделу практикасының көптеген жылдарғы дәлелденген ең озық технологиялары мен тәжірибелерін талдауға, оларды қолдануға тырысу қажет.

Осындай көзқарас тұрғысынан үш мемлекеттің – Германияның, Францияның, Финляндияның тәжірибелері аса қызығушылық тудырады.

Германияда оқушылардың кәсіптік бейімделуі – өмірбаяндық тұжырымдамада кәсіпті таңдауға дайындық болып табылады, ол үш қадамнан тұрады: өмірге құрылған жоспар аясында жеке тұлғалық сапаны талдау; оқу, өмірдегі мақсат, нормалар, құндылықтар туралы көзқарастар; оку кешенін іске асыру стратегиясы тұрғысынан кәсіптің мүмкіндігін тексеру. Бұл тұжырымдаманың қызықты технологияларының бірі мектеп фирмаларында оқушылардың кәсіптік бейімделуі болып табылады. Болашақ кәсіпті таңдау – өте қыын іс. Кәсіптік оқыту – осы таңдауға оң әсер ететін процесс, бірақ мектептерде классикалық білім береді, «кәсіппен жолынуды» қарастырмайды десе де болады. Қалыптасқан білім, бойда бар қабілет теория жүзінде қалып қоюы әбден мүмкін. Осы қарама-қайшылықты жою үшін Германияда NEBS жобасы жасалды, оған Берлиннің 47 арнайы педагогикалық орталықтары (250 фирма, 2000 оқушы) қатысады. Бұл өндірістегі оқушылардың негізгі міндеттері – дербес мектеп фирмаларында жұмыс істей жүріп, өмірдегі еңбекке дайындала жүріп (250 фирма), оқуларын жалғастыру.

Бұл педагогикалық жоба тек фирмалық өндірістік жағдайын модельдейді, ол нақты үйым болып табылмайды. Ондай фирмалар, әдетте, мектеп ғимаратына орналасады және нағыз экономикалық процессті – өндіріс өнімін шығаруды және сатуды, қызмет көрсетуді, қаржы және тауар ағындарын басқаруды көрсетеді. Жас балалар әртүрлі рольдерде команда жұмыс істей алу, жеке жауапкершілік, тәуелсіздік сияқты қабілеттерін және біліктіліктерін дамытады. Нарық экономикасының құралдары арқылы

балалар кәсіпкерлер сияқты ойланып іс-қымылдар жасауға үйренеді. Бұл жобада жекетүлғалық қабілеттер де, қоршаған ортамен қарым-қатынасы да (өндірістуралы ақпараттар беріледі, өндірістік практика өтіледі) дамытылады. Мұғалім бұл жағдайда модератор қызметін атқарады [9]. Оқушылар бизнес-процесспен іштей танысып, біледі, менгерілген дағдыларды келесі оқыту бағдарламалары арқылы өзіндік дамытуға мүмкіндіктері мол. Кәсіптік бейімделу интегративтік іскерлік ойын түрінде осындай нақты өндіріс процессинің моделі арқылы іске асырылады.

Германияда оқушылардың кәсіптік бейімделуі сауалнама, тестілер және консультациялар арқылы, ата-аналар мен үйымдардың өкілдері бірігіп өткізетін іс-шаралар арқылы жүргізіледі. Ерекшелігі оқушылар жұмыс дәптерлеріне отбасы, жеке қызығушылықтары, өзіндік кәсіптік анықталуы, бейімділігі, болашақ мамандығы, үлгерімі, тест нәтижелері туралы ақпарат жазады.

*Францияда* негізінде жұмыстың топтық нысандары қолданылады. Францияның Білім туралы заңы білім беру мекемелерінен бірінші сыныптан бастап кәсіптік бейімделу проблемасы бойынша жүйелі жұмыс жүргізуі талап етеді. Француз ғалымдары оқушылардың кәсіптік бейімделуінің негізгі бағыттары ретінде педагогикалық және ақпараттық бағыттарды айтады. Ақпараттық бағыт – кәсіпті таңдауға әсер ететін уақтылы объективтік ақпарат алу, ал субъективтік деп ақпараттарды жеке тұлғалық қабыл алу ерекшеліктерін айтады. Педагогикалық – объективтік және субъективтік факторларды ескере отырып, таңдау қабілеттерін қалыптастыру және дамыту болып табылады, саналы таңдау оқушыларды өз өмірлерінде, әлеуметтік және экономикалық өмірде дербес шешім қабылдай білуін қамтамасыз етеді.

Францияда кәсіптік бейімделу жұмысында «бейімделуге тәрбиелеу» тұжырымдамасын бекіту бағыты қолға алынған. Бұл жағдайда оқушылардың өздері кәсіптік бейімделу субъектілері болып табылады.

Мектепішлік кәсіптік бейімделу жұмысы бес педагогикалық циклдерге сәйкес жүргізіледі: байқау және бейімделу; орталық; бағытталу; анықтау; соңғы шығару циклі. Алғашқы үш цикл колledgeде оқуға арналған, төртінші және бесінші цикл лицейде оқуды көрсетеді [21].

Бірінші циклде тестілек арқылы оқушының тұлғасы, қабілеті, бейімділігі, білім деңгейі, міnez ерекшелігі зерделенеді. Колледждің орталық циклінде (V-IV сыныптар) оқушылар кәсіптер әлемімен танысады. V сыныптан бастап, өз қызығушылықтарына және мүмкіндіктеріне байланысты қосымша пәндерді таңдауларына болады. Таңдау үшін тілдерді оқу, технологиялық және тәжірибелік ғылымдарды оқу ұсынылады. VI сыныптан бастап, оқушылар өз тілктері бойынша өндіріс орындарында «сапар» немесе «бақылау» нысандары бойынша стажировкадан өту мүмкіндіктері бар. Колледждің бейімделу циклі (III сынып) әрі қарай оқу жолын көрсетеді: жалпыбілімдік және технологиялық лицей; кәсіптік лицей; кәсіптік оқыту орталығы. Бұл циклдің кәсіптік бейімделу жоспары оқушыларды әртүрлі оқу бағыттары, өздері даярлайтын кәсіптер (2005 жылдан бастап, француз колледждерінде «Кәсіптермен танысу» міндетті пәні енгізілген, ол пән

кәсіптік қызметтермен, ұйымдармен, даярлау орындарымен және әдістерімен таныстырады) туралы ақпараттандырудан тұрады. Келесі екі цикл лицейге қатысты (Францияда екі түрлі лицейлер бар: - жалпы білім беретін және технологиялық; кәсіптік). Оқыту бейінді түрде жүргізіледі (бағыттар, секциялар және бейіндер бойынша дифференциациялау). Жалпы білімді және технологиялық лицейлерде (11 сынып) анықтау циклі – бейін алды кезеңді қамтиды, оқушы өзінің оқу нәтижелеріне байланысты бейінді таңдайды. Осыған байланысты қажетті кәсіптіктерді және пәндерді таңдайды (өндіріске стажировкаға барады, бұрынғы оқушылармен (қазіргі студенттермен) кездеседі), сонымен қатар әртүрлі мамандық салаларындағы мамандармен кездеседі. Жалпы білім беру және технологиялық лицейді бітіретін цикл (1 сыныптан бітіргенге дейін) – аяқтайтын этап, оның барысында лицейістер қорытынды емтихан тапсыруға дайындалады. Кәсіптік бейімделу жұмысы әртүрлі кәсіптік білім беретін оқу орындары туралы, оларға түсү ережелері туралы және т.б. ақпарат беруге арналады. 1 сынып барысында оқу бейінін, сонымен қатар оқу бағытын өзгертуге болады (қайта бейімделу мүмкіндігі). Кәсіптік лицеиде оқыту нақты бір мамандықты (кәсіпті) менгеруге бағытталған. Бұл жерде жалпы білім беру дайындығы өндірістік практиканан өтумен ұштасады. Кәсіптік бейімделу мақсаты таңдалған кәсіппен, еңбекті ұйымдастырумен, жұмыс орнымен, кәсіп құзыреттерімен, жұмысқа орналасу мүмкіндігімен танысу болып табылады. Осылай біртіндеп оқу бағыттары бойынша (колледжден кейін), оқу секциялары және бейіндері бойынша (лицейдің 1 және бітіруші сыныптары) оқушылардың дифференциациясы іске асырылады [21].

Мұндай кәсіптік бейімделу жүйесі білім беру жүйесіне толықтай кіріктірілген, өзінің көп сатылылығымен, пәндік дифференциациясымен, тұлғаның қалыптасуы және дамуы барысында жеке ұмтылыстарға жасалған мүмкіндіктер, болашақ кәсіптік қызметті саналы таңдауымен қызықты.

*Финляндияда* кәсіптік бейімделу практикасы да көніл бөлуге тұрарлықтай. Оқушылардың кәсіптік бейімделуі мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі болып табылады.

*Финляндияда* кәсіптік орта білім жүйесі жоғары білім жүйесімен салыстырғанда көп сұранысқа ие және танымал болып табылады, оның бірнеше себептері бар. Финляндияда кәсіптік бейімделу курстары жетінші сыныптан басталады, олар еңбек өміріне кіріспеден (1-3 апта) басталады, оның барысында оқушылар нақты өндіріс жағдайында жұмыс істейді. Сегізінші сыныпта мансапты құру мәселелері қарастырылады, ал тоғызынышы сыныпта кәсіпті таңдауға өндіріс орындарының кадр қызметкерлері және қызметке қабылдау қызметі араласады. Тоғызынышы сыныпты аяқтағаннан кейін оқушы кәсіптік жолын таңдауы тиіс, егер қажет болған жағдайда оған өзіндік кәсіптік анықталуы үшін тағы да бір жыл уақыт беріледі. Маман-консультанттар оқушыға дұрыс таңдау жүргізуіне көмектеседі. Осы кезең барысында ол оқушымен кәсіпкер консультанттар белсенді жұмыс жасайды және оқушының мамандықты (кәсіпті) дұрыс таңдауына (талабына, мүмкіндігіне, мемлекетке қажетті кадрларға сұранысты ескере отырып) қол

жеткізеді. Еңбек жолын дұрыс таңдағаннан кейін фин мектептерін бітірушілерге жеті кәсіптік оқу орындарына құжаттарын тапсыру үшін өтініш беруге құқық беріледі.

Оқушылардың жұмыс мамандықтарын таңдауына қызықтыру үшін Интернет желісі бойынша жастарға ақпараттар таратылады, онда барлық сұрақтарға жауап беріледі, қажеттіліктері және еңбек ақыларының жоғары екендігі бойынша деректер бере отырып, жұмыс кәсіптерінің престижін көтереді. Таңдауға мүмкіндік жоқ жағдайда, оқушы белгілі бір уақыт аралығында жай жұмысқа (терезені бояу, көшені сипыру) орналастырылады. Оның мақсаты елдің бүкіл еңбекке жарамды халқы қатысып жатқан еңбек процесіне деген қатысуышылықты және жауапкершілікті сезіндіру болып табылады.

Бұндай «тәжірибе» тұлғаның қалыптасуына, оның кәсіптік өзіндік анықталуына оң әсерін тигізеді, сонымен қатар тұлғаның қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуге мүмкіндік береді.

Бұл елдердің кәсіптік бейімделу практикасына жасалған шолу арқасында мұндай технологияларды отандық педагогикада және кәсіптік анықталуда қолдану туралы кейбір қорытынды жасауға болады.

*Германия тәжірибесі* «мектеп фирмасы» атты интерактивті жоба кәсіптік бағдарға өзінің бағыттылығымен пайдалы деп қорытынды жасауға болады. Алайда, бұл іс-шараны жүйе ретінде отандық практикада толық қолдану мүмкін емес, себебі мектеп практикасы немесе «кәсіптер фестивалі», «фирманың бір күні» (іскерлік ойын), немесе экономика бойынша ОӘП және т.б. ретінде бір реттен қолданылатын нысан ретінде іске асырылуы мүмкін.

Францияның білім беру жүйесіне кіріктірілген кәсіптік бейімделудің көп сатылы жүйесі толық құрылым ретінде қызықты. Кәсіптік өзіндік анықталу жолы болашақ кәсіптік қоғамдыстықты қалыптастыру үшін аса маңызды, мұндай жүйе оқушылар үшін сөзсіз пайдалы болар еді.

Кәсіптік бейімделудің *Фин тәжірибесінәтижеге*, қоғам алдындағы оқушылардың жауапкершілігіне бағыттылығымен қызықты, тіпті өзіндік кәсіптік анықталу дұрыс болмаған жағдайда да бұрынғы оқушы «өз нанын тегін жемеу үшін» жай жұмысқа қабылданады.

Мемлекеттің барлық экономикасы дамыған елдерде жастардың кәсіптік бағдарлану және өзіндік кәсіптік анықталу мәселелеріне терең көніл бөлуі еңбек нарқының құрылымын өзгертетін және қызметкерлерге жаңа талаптарды қойып отырған инновациялық технологиялардың аса қарқынды дамуымен, жастардың еңбек қызметіне араласуына тиімді дайындық жасаудың қажеттілігімен түсіндіріледі. Шет елдерде, әсіресе, Еуропада және АҚШ-да кәсіптік бейімделудің ұзақ және жоспарлы даму тәжірибесі бар, ол іргелі теориялық-әдістемелік негізге сүйенеді, бұл тәжірибе қоғамның экономикалық, саяси және әлеуметтік сұраныстарын ескере отырып, тұрақты даму үстінде.

Кәсіптік бейімделу қызметінің теоретикалық-әдістемелік базасы шет елдерде әртүрлі. АҚШ-да кәсіптік бейімділу идеясын алғаш рет Ф.Парсонсұсынды, одан кейін оны Д.Сьюопер, Дж.Холланд және т.б. әрі

қарай дамытты. Қазіргі кезде осы жұмысты әдістемелік қамтамасыз етуді Ұлттық мансапты дамыту ассоциациясы (National Career Association -NCDA) жүргізеді, ол кәсіптік қызметтің стандарттарын жасайды, кәсіптік консультанттардың қызмет принциптерін анықтайды, осы қызметке байланысты әдістемелік және ақпараттық материалдарға, зандардың жобаларына сараптама жүргізеді. [21].

АҚШ-да кәсіптік бейімделудің бірнеше теориясы дамыды: еркін даму тұжырымдамасы, (Э. Гинзберг, Д. Сьюпер, Дж. Холланд), әлеуметтік тұжырымдама (А. Лоуренс, М. И. Томас), кездейсоқ таңдаутеориясы, ішкі импульс тұжырымдамасы (Э. Джоун). Окушылардың алдына бүкіл өзінің өміріндегі бәсекеге қабілеттілігін және ұтқырлығын анықтау міндеті қойылады. Окушылардың кәсіптік бейімделуі өзінің мансабын өз бетінше тұрғызу білігін, өмір бойы жауапты шешімдер қабылдауды қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. АҚШ-да білім алушы жалғастыру мәселесін шешу барысында тұлғалық досье кен тараптады [21].

Ағылшын окушыларының кәсіптік бейімделу тәсілінің француздардан айырмашылығы бар, олар кәсіпті таңдап қана қоймай, сонымен қатар еңбек нарқының талаптарының контекстінде іс-қимылдарына өзіндік баға береді. Подход к профессиональной ориентации английских школьников отличен от Мектептерде акцент оқудың белсенде нысандарына және әдістеріне: имитациялық бағдарламаларға, еңбек практикасына, диалогтік консультацияларға, психологиялық тренингтерге жасалады. Ұлыбританияда білім мекемелерінің базасында шағын-өндірістер жасау практикасы қолға алынған, солардың арқасында окушылар өндіріс орындарының еңбек қызметтеріне араласады: өнімдер шығарады және қызмет көрсетеді, маркетингпен және сатумен айналысады. Британ ғалымдарының ойынша, окушылардың іс-қимылдарын осылай ұйымдастыру олардың қабілеттерінің дамуына, кәсіпкерлік дағдылардың жауапкершіліктің, бастамашылықтың артуына он әсер етеді.

Ұлыбританияда кәсіптік бейімделу жүйесі бібір-бірінен өзгеше бірнеше концептуалдық тәсілдерге сүйенеді (Г. Еган, К. Роджер, Д. Баретт, Д. Вильямс және т.б.). Францияның кәсіптік бейімделу жүйесі когнитивтік тәсілге және Ж.Пиаженің тұлғаның кәсіптік даму теориясына негізделген. Кәсіптік бейімделу жүйесін басқаруды Білім және кәсіп жөніндегі ақпараттық Ұлттық бюросы (ONISEP) іске асырады, ол өнірлік өкілдіктердің басшылық жасайды және олардың жұмысын бақылайды. ONISEP құжаттарды дайындауды және кәсіптер, білім беру бағыттары, кәсіптік оқу орындарына окуға түсу ережелері, еңбек нарқының сұраныстары және т.б. туралы ақпараттар таратады.

Жапонияның кәсіптік бейімделу жүйесі әлемдегі ең тиімді жүйе деп саналады, ол профессор С.Фукуяманың тұжырымдамасына және оның «F-тест» диагностикалық әдісіне негізделеді. Кәсіптік бейімделу жұмысы толық емес орта мектепте бітіруші сыныпқа екі жыл қалғанда басталады. Кәсіптік бейімделу жүйесі оку процесіне кіріктірілген, ол орта мектептің оқу бағдарламаларының негізін қалайды және екі негізгі принциптерге: өзіндік

талдау қабілетіне және кәсіптерді талдай білу қабілетіне сүйенеді. С.Фукуяманың ойынша, 13-14 жас кәсіпті саналы таңдауға дайындық үшін ең қолайлыштырылған саналады. Мектепте оку барысында оқушылар бір мезгілде практикалық еңбек тәжірибесін меңгереді, кәсіптік қызыметке өзінің мүмкіндігін және қызығушылығын сезінеді [26]. Жапонияда оқушылардың кәсіптік бейімделуі мансапқа дайындық, кәсіптер туралы білім алу, кәсіптік дағдыларды дамыту және өзінің бейімділігіне, сапасына және қызығушылығына сәйкес курсарды таңдау мақсатында жүргізіледі. Бұл жерде жасөспірімдердің кәсіпті таңдауға дайындығын анықтау үшін С.Фукуяма дайындаған тестілерді қолдану өзекті болып табылады. Автор кәсіпті таңдауда үш фактордың маңызын атап көрсетеді: кәсіптік сынамалар (таңдалған іс-қимылдың оқушының қабілетіне және білігіне сәйкестігі), өзіндік талдау (оқушының өзіндік бағалауына уақтылы өзгерістер енгізу үшін бақылаумен және сараптамалық бағалаумен біргіп өткізіледі), кәсіптерді талдау (оқушының әртүрлі сабактарын зерделеу). Тестілеумен қатар, оқушылар таңдау бойынша әртүрлі іс-қимыл түрлеріне қатысады: табиғатпен, техникамен, белгілі жүйелермен, көркем бейнелермен, атақты адамдармен қарым-қатынас. Үш жыл бойы оқушылардың 48 кәсіптік сынамалар алуға мүмкіндіктері бар, олар F-тестіде белгіленеді және оқушылардың кәсіпті таңдап алуға өзінің дайындығын анықтауға мүмкіндік береді.

Францияның және Швецияның кәсіптік бейімделу жүйелері жоғары деңгейде мемлекеттік реттеумен, білім беру жүйесі мен еңбек нарқының өзара қарым-қатынасымен сипатталады. Француз кәсіптік бейімделу жүйесінің тән белгісі – мемлекеттік мәселелерді, отбасының және оқушының жеке басының қызығушылықтарын кешенді шешуге бағыттылығы болып табылады [21].

Швецияның кәсіптік бейімделу жүйесінің АҚШ-нан және батысеуропа елдерінен айырмасы бар, швед мектептерінде кәсіптік бейімделу жұмысын мектеп директорының басшылығымен педагогикалық ұжым жүргізеді. Мамандандырылған мекемелердің жоқтығын жастарды еңбекке орналастыру жөніндегі өңірлік комитеттер толықтырады, олардың құрамына түрғын, кәсіподак, өндіріс орындары және билік өкілдерінен басқа мектеп түлектерінің қызығушылықтарын қорғайтын мектеп директорлары кіреді [21]. Мектептегі негізгі кәсіптік бейімделу іс-шараларына мыналар жатады: тұлғаның кәсіптік бағыталуының психологиялық бағыттылығы; оқушылардың жеке психологиялық консультациялары; жоғарғы сынып оқушыларының өзіндік кәсіптік анықталуы мәселелері бойынша отбасылық консультация;әртүрлі мамандық өкілдерінің қатысуымен өтетін кәсіптік бейімделу жөніндегі сынып сағаттары; кәсіптік бейімделу сабактары; кәсіпорындарға тақырыптық экскурсия; ашық есік күндеріне қатысу; кәсіптік бейімделу бойынша қалалық іс-шараларға қатысу.

Швецияда мамандықтар және еңбек нарқындағы жағдайлар бойынша барлық адамдарға қолжетімді толық ақпараттар бар деректер банкі жасалған. АҚШ-да 1998 жылдан бері ақпараттық желілік деректер базасы (Occupational

Information Network) жасалған, онда әртүрлі кәсіптік қызмет түрлерінің мазмұны және талаптары, біліктілік жіне медициналық талаптар, ұксас кәсіптер туралы ақпараттар, сонымен қатар әртүрлі мамандар даярлайтын оку орындарының тізімі берілген. Францияда көптеген ақпараттар және бейімделу орталықтары бар, олар түрлі қоғамдық ұйымдармен, ақпараттық қызметтермен өзара қарым-қатынас жасайды және еңбек нарқындағы жағдай туралы ақпараттарды жинайды және өндейді [21].

*Канадада* білім беру оқушылардың қабілеттерін дамытуға бағытталған. Оқушылардың кәсіптік бейімделуінің міндеті оның жұмыс күшіне нақты қажеттілікпен өзара қарым-қатынасының күшеюі болып табылады. Оқушылардың кәсіптер (мамандықтар) әлемін танып білу нысандарының біріне кәсіптік арнайы бейімделу орталықтарындағы – таңдау орталықтарындағы өзіндік сабактар жатады. Орталықтарда төрт мыңға жуық мамандықтар мен кәсіптер бойынша ақпараттар жүйеленіп жиналған, әрбір мамандық бойынша еңбек функциялары, білім деңгейі, жеке тұлғалық сапалар, кәсіптік өсу жолдары, қосалқы мамандықтар, қызметкерлерге сұраныс анықталып көрсетілген.

*Канададың* оқушыларды кәсіптік бейімдеудің ұтқырлық орталықтарында оқушылар заманауи компьютерлік құралдарды қолдана отырып, әрбір мамандық, әрбір мамандыққа қажетті жеке сапалық қасиеттер, кәсіптік білім алу мүкіндіктері, жергілікті жердегі және мемлекет көлемінде еңбек нарқына кәсіптің (мамандықтың) қажеттілігі туралы ақпаратты шығарып ала алады [21].

Кәсіптік бейімделу жөніндегі жұмыстың ең тиімді бағыттарының бірі оқушылардың кәсіптік дағылануы болып табылады, мұндай тәжірибе *Жапония мен Ұлыбританияда* көп жылдан бері қолданыс тауып келеді. Мысалы, ағылшын мектептерінде кәсіптік бейімделу жұмыстарының белсенді нысандары және әдістері ретінде шағын өнеркәсіп орындары қолданылады, ал *Жапонияда* оқушылар кәсіптік сынамадан өтеді, ол практикалық тәжірибе жинауға көмектеседі және ол тәжірибелі оқушылар өзінің қабілеттері мен білігіне салыстырып көреді.

Сонымен шет елдерде бұл бағыттағы жұмыс жүйелі сипатта жүргізіледі, оның белгісі осы бағытта мемлекеттік реттеу кең қолданылады, кәсіптік бейімделу жұмысының ұзақтығы, оны жүргізуінің нысандары мен әдістері, сонымен қатар осы саладағы мамандарға біліктілік талаптар нақты жасалып әзірленген.

Әрбір елдердегі оқушылардың кәсіптік бейімделуі проблемасы бойынша жоғарыда келтірілген фактілер негізінде қорытындылай келе, мынаны айтуға болады: басым бағыт оқушылардың дербестігін, өзін-өзі бағалай білуін, кәсіптік бәсекеге қабілеттіліктерін және ұтқырлықтарын қалыптастыру болып табылады [14,21]. Сонымен қатар, батыс елдері мамандарының ішінде жүйелі тәсілдерді қолдану жиі кездеседі, оның шенберінде кәсіптік бейімделу, кәсіптік өзіндік анықталу және жұмысқа орналасу бірыңғай кешен болып саналады, ол кешен «ауыспалы кезеңдегі қызмет» деп аталатын кәсіптік іріктеу, кәсіптік таңдау, кәсіптік

ақпараттандыру, кәсіптік кеңес және консультация жүргізу, жұмысқа орналастыру және еңбек қызметіне бейімделу бойынша шаралардан тұрады. Оқушыларға байланысты оқудан кәсіптік қызметтерге дейінгі іс-қимылдардың реті «өтпелі қызметтер» кешенді жүйесімен үйлестіріледі. Соның нәтижесінде жұмыс беруші білім берудің белсенді субъектісі болып табылады, оның міндетіне оқушыларға еңбек нарқындағы жағдай туралы ақпарат беру жатады.

Өзіндік кәсіптік анықталудың бүгінгі күні жоғарғы әлеуметтік динамика, үздіксіз өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру, кәсіптік білім алу жолдарын және құралдарын өзіндік таңдауға дайындалу жағдайында адамның өзіндік іске асыруға дайындығының проблемасын шешу деп қарастыруға болады, бұның өзі алдыдағы өмір жоспарын қалауда шешуші роль атқарады.

АҚШ-да жасалған бағдарламаларды талдау («мансал үшін білім», «мансалқа дайындалу»), Жапонияда (С.Фукуяманың кәсіптік бейімделу теориясы), Францияда (кәсіптік бейімделудің тәрбиелік тұжырымдамасы, «кәсіптермен танысу» оқу пәні), Англияда («кәсіптік мансап үшін еңбекке оқыту» оқу пәні), Германияда («Еңбектану» оқу пәні) және Швецияда («өмір баспалдағы бойынша қайда қадам басу керек» бағдарламасы) мыналарды көрсетіп отыр:

1) негізгі зейін кәсіптер топтары бойынша алғашқы білімдер мен біліктеге, өзіндік бағалауға, өзіндік талдауға, өзіндік бақылауға және кәсіпке өзіндік даярлыққа бөлінеді;

2) әрбір елде оқушыларды өзіндік кәсіптік анықталуға дайындықтың өзіндік ерекшеліктері бар: Жапонияда - өзіндік талдауға, кәсіптерді талдауға және кәсіптік сынамаларға; Францияда – кәсіптік бейімделу жұмысының тәрбиелік әлеуетіне бағытталуға; Швеция мен АҚШ-да – белгілі бір кәсіптік қызмет саласында табысқа жету үшін өзіндік дамыту және өзіндік жетілдіру бағыттарына; Германияда – еңбек нарқы және экономика талаптары шенберіндегі жұмыстарға; Англияда кәсіптік қызығушылықты және қабілеттерді қалыптастырудың дамушы тұжырымдамасына сүйенеді.

Сонымен қатар, Францияда өзіндік кәсіптік бейімділу проблемаларына жастандың қызығушылықтарын қалыптастыруға көп көніл бөлінеді, ол үшін маркетингтік технологиялар мен заманауи мультимедийлік мүмкіндіктер қолданылады: әртүрлі кәсіптерге (мамандықтарға) арналған фильмдер түсіріледі, рекламалық роликтер белсенді қолданылады, оқушылардың әртүрлі категорияларына арналған бейне-құралдар, ұсынымдар шығарылады, мектептегі кәсіптік бейімделу жұмыстары туралы «L orientation scolaire et professionnelle» арнайы журналдар басып шығарылады. Франция қалаларының көшелерінде арнайы «Артископ» (Artiscop) және «Планета - Металл» (Planete-Metal) жүк машиналарын көруге болады. Ол машиналар оқушы жастандың көнілін аударудың қызықты әдісі ретінде әртүрлі кәсіптер (мамандықтар) және оқу орындары туралы ақпараттары бар рекламалық стендермен жабдықталған.

Шет елдерде (АҚШ, Жапония, Франция, Англия, Германия, Швеция) өзіндік кәсіптік анықталуды адамның және мансаптың дамуының динамикалық процессті ретінде көрсетіледі және ол бағдарламалық-әдістемелермен, ақпараттармен қамтамасыз етіледі және мемлекет тарапынан қолдау табады [14].

Шетелдік және отандық практикалық тәжірибе мекемелердің білім беру процесінен өзіндік кәсіптік анықталуды психологиялық сүйемелдеу, кәсіптік сынамаларды ұйымдастыру мен оларды педагогикалық сүйемелдеу, өзіндік кәсіптік анықталуды қалыптастыру процессін әдістемелік қамтамасыз ету, өзіндік кәсіптік анықталуды қалыптастырудың ұзақмерзімді бағдарламаларын енгізу, өзіндік кәсіптік анықталуды қалыптастырудың әртүрлі нысандары мен әдістерін қолдану бойынша психологиялық сүйемелдеу қажеттігіне байланысты қосымша білім беруді енгізу қажеттігін көрсетіп отыр.

Қазақстандық білім беру жүйесі жаңғырту басымдылығына байланысты американ тәжірибесіне көніл аудару бүгінгі күні аса өзекті болып табылады.

Оқушыларды өзіндік кәсіптік анықталуға даярлау мәселесі АҚШ-ның білім беру жүйесі құрылған кезеңнен бері қарай өзекті мәселе болып қана қоймай, сонымен қатар оның мәнді сипаты болып келе жатыр.

АҚШ-да оқушылардың өзіндік кәсіптік анықталу моделінің ерекшелігі білім беру процесін екі еселенген инвестиция, адамға және өндіріске, деп қаралуында, сонымен қатар білім беру ұйымдарының өндірістің стратегиялық мақсаттарына, әлеуметтік-экономикалық тапсырысқа, еңбек нарқының динамикасына, жұмыс барысында білімді қолдануға, оқушылардың когнитивтік-эмпирикалық әлеуетіне және әлеуметтік-кәсіптік ұтқырлығына бағытталуында.

АҚШ-ның білім беру ұйымдарында оқушылардың өзіндік кәсіптік анықталуының моделі тұлғаның өзіндік кәсіптік анықталуына дайындық туралы көзқарасқа интегративтік қасиеттер ретінде негізделеді. Кәсіптік даму жөніндегі тұлғаның жеке дербес жоспарын саналы және жеке өзінің құрастыруына берілетін мүмкіндік тұлғаның күрделі көпденгейлі құрылымы бар, ол құрылымға мотивациялық-құндылық, когнитивтік, операциялық-іс-қимылдылық, эмоционалды-жігерлілік және бағалау-рефлекстік компоненттер кіреді, өзіндік кәсіптік анықталуына дайындық туралы көзқарасқа негізделеді. Кәсіптік таңдау американ анықталудың өзіндік кәсіптік анықталуының құрама бөлігі және нәтижесі ретінде білім беру процесі барысында таратылатын құндылық бағытталуымен: кәсіптік қызыметке құндылық қатынасының қалыптасуымен, белсенді азаматтық позициясы бар, бәсекеге қабілетті, ұтқырлы, әртүрлі қоғамдық өндіріс түрлерінде өзіндік іске асыру қабілеттері бар әлеуметтік табысты тұлға туралы көзқарасының болуымен анықталады.

АҚШ-ның білім беру ұйымдарының оқушыларынің өзіндік кәсіптік анықталу процесінің мазмұны мен құрылымы өзінің іс-қимылын ұйымдастыру саласында жетекші құзыреттерді біртіндең менгеру болып

табылады. Олардың ішіндегі аса маңыздыларына жататындар: өз өмірін және еңбек қызметін түрғызуды түсіну, ақпараттарды таба білу және оларды тиімді пайдалану, өзінің оң имиджін жасау және қолдау, өмірлік және еңбек рольдерінің өзгеріске жиі ұшырайтындарын түсіну, өмір бойы оқуға ұмтылу және т.б.

Біздің білім беру жүйесін жаңғырту контекстінде оқушының зейінін ерте бейімделу механизмінің талаптарына сәйкес тар кәсіпке бұрып қана қоймай, сонымен қатар АҚШ-ның білім беру мекемелеріндегі оқушылардың өзіндік кәсіптік анықталуының мазмұнды-технологиялық компоненттеріне де қатты көңіл бөлу қажет, оларға жататындар: «педагогикалық қолдау» технологиясы, «мансалты дамыту» бағдарламасы, «пасторлық көмек», тапсырмаларды нақты өмірге жақыннату(«real life» situations), қофамға қызмет ету бағдарламасы, еңбекке оқыту және т.б.

Біздің ойымызша, *Германияның* оқушыларының өзіндік кәсіптік аныталу туралынегізгі мектебінің тәжірибесі қызықты болып табылады.

Оқушылардың өзіндік кәсіптік аныталуын ұйымдастыру бойынша Германияның негізгі мектебінің практикалық тәжірибесі мынадай нысандарды бөліп көрсетуге мүмкіндік берді: еңбектану сабағы, өндіріс орындарындағы, ұйымдардағы және мекемелердегі өндірістік практика, қосымша кәсіптік-бағдарлы курстар, мектептегі шағын-өндіріс орындары, өндіріс орындарына экскурсиялардың вариативтік модельдері, шефтік байланыстар, кәсіптік бағдар бағытындағы мерекелерді жүргізу.

Германияның негізгі мектебіндегі еңбектануға оқытуудың баспалдақты құрылымы бар. Бірінші сатыдағы (7 сынып) «Еңбектану» пәнінің негізгі мақсаты оқушыларды жұмыс процессін жоспарлауға үйрету, еңбекке қажетті материалдарды таңдап алу, олардың құнын есептеу, өнімнің сапасын анықтау болып табылады. Екінші сатыда (8 сынып) оқушылар елде қабылданған дайын өнімдерге қойылатын сапа нормативтерімен, баға қоюмен, еңбекті тиімді ұйымдастыру әдістерімен танысады. Оқытуудың үшінші сатысы (9 сынып) елдегі еңбек нарқын талдаумен байланысты, бұл кезеңнің негізгі мақсаты оқушыларға әртүрлі кәсіптердің (мамандықтардың) талаптарына өз қабілеттерінің жететіндігін өзі дербес анықтау алу мүмкіндіктері болып табылады.

Германияда 8-сыныптағы оқудың екінші жартысында, немесе 9-сыныптың бірінші тоқсанында өндірістік практика жүргізіледі. Германияның әртүрлі мектеп түрлеріндегі бағдарламалар және мектептегі білім беру жүйесін талдау негізгі мектеп (*Hauptschule*), біріккен/кіріктірілген (*Gesamtschule*) және техникум/арнайы мектеп (*Fachschule*) оқушыларына Анализ системы школьного өндірістік практиканың міндетті екенін көрсетті. Соңғы жылдары өндірістік практиканы нақты мектептен (*Realschule*) және гимназиядан (*Gymnasium*), оларда белгілі бір шарттар орындалғанда өту қажеттілігі занды түрде бекітілді.

Өндіріс орындарындағы практика оқу блоктары түрінде ұйымдастырылады, олардың ұзактығы үш аптадан төрт аптага дейін созылады. Негізгі мектептерде практика үш этапта өткізіледі. Бірінші этап

практиканы өткізуді жоспарлаудан, уақыт шеңберін анықтаудан және практиканы өткізу үшін өндіріс орындарын таңдаудан басталады. Ондай өндіріс орындары ретінде индустримальық, қолөнерлік, сауда орындары, ауылшаруашылық саласының өндіріс орындары, көлік үйымдары және т.с.с. қарастырылады. Практикадан өтудің екінші кезеңінде мұғалім-куратор оқушылардың жұмыс орындарына барады, өндіріс орнындағы практикаға жаупты тұлғамен кездеседі, құжаттарды толтырумен және ата-аналармен, үйымдармен хат жазысады, практика біткеннен кейін жазбаша есеп береді. Практиканың үшінші кезеңінде қорытынды жасалады және нәтижелерге баға қойылады. Практиканың нәтижесінің бағасы мынадай іс-шаралар нысанында іске асырылады: «Өндіріс орындарының кештері», оған ата-аналар, өндіріс орындарының өкілдері және т.б. шақырылады. Кешке дайындық өндірістік практика туралы көрнекті құралдардың: бейнетсірілім, оқушылар орындаған жұмыстың үлгілерінің эскиздері, практика барысында жиналған папкалар болуын талап етеді.

Бұдан басқа, «Еңбектану» пәні шеңберінде (7,8 сыныптар) мынадай курсардан өту ұсынылады: «Еңбекті үйымдастыру», «техникалық сзызу», «Тұтынушылар үшін ақпараттар», «ақша, қаржыландау нысандары».

Сонымен, «еңбек тану» оқу бағдарламасында көрсетілген арнайы оқу курсары оқушыларға оқыту барысында теоретикалық және практикалық білімдерді ұштастыруға мүмкіндік береді.

Германиядағы оқушылардың өзіндік кәсіптік анықталу саласындағы аса қызықты жай – мектептерде шағын өнеркәсіп орындары құрылады, оларда оқушылардың өздері тауар шығаратын немесе қызмет көрсететін компаниялар немесе кооперативтер құрады, оларда маркетингтік іс-қимылдың барлық түрлері, белгілі бір уақыт аралығында шығарылған өнімдердің сатылуы және қызметтер іске асырылады, одан кейін олардың өздері жойылып кетеді. Мұндай жобалардың мақсаты – жас адамдарды өздерінің шешім қабылдауына үйрету мүмкіндігін жасау, өзінің іс-қимылын басқару бойынша жауапкершілікті мойнына алу, өзінің нақты жұмысты алып жүру мүмкіндігін сезіну және шағын бизнесте өзінің кәсіпкерлік дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Барлығы үшін жалпы позиция ретінде мектептегі өзіндік кәсіптік анықталудың мақсаты, ең алғаш, өндіріске вариативтік экскурсия жасауда айтуға болады. Біздің ойымызша, өндіріс орындарына экскурсия оң нәтижеге бір ғана жағдайда – оны мақсатты үйымдастырып, оған ұқыпты дайындалғанда ғана жетуге болады. Мысалы, Д.Фроман вариативтік өндіріс экскурсияларының моделін жасады, оның ойынша, ол модель міндетті түрде үш фазадан тұруы қажет: байқау, сипаттау, талқылау. Экскурсияға дайындық, оны жүргізу және талқылау барысында оқушылар хаттама, ауызша және жазбаша есептер жүргізеді. Мұғалімнің жетекшілігімен экскурсияны талқылау барысында оқушылар кәсіптер жәnekәсіптік қызметтер туралы өздерінің есептерін дайындайды. Жеке және топтық талқылау оқушылардың зейінін экскурсия барысында танысқан еңбек түрлері тарапынан адамдарға қойылатын талаптарға аударады [14].

Германияда шефтер оқушылардың ең беделді, ең ықпалды тәрбиелеушілері деп саналады, себебі олар мұғалімдермен бірге өздеріне лайықты болашақ кадрларды дайындауды. Мектеп пен өндіріс орындарының өзара қарым-қатынасы басқару іс-қимылдының сапасымен анықталады, ондағы негізгі рольді, әрине, мектеп директоры атқарады. Мектеп директоры мектептің тәрбие жүйесіндегі шефтік байланыстың тиісті орнын анықтайды.

Негізгі мектептегі оқушылардың өзіндік кәсіптік анықталу жұмысын ұйымдастырудың негізгі акцент жеке шығармашылықты, тұлғаның қайталанбастығын қалыптастыруға бағытталады, мектеп қабырғасында балаларды әртүрлі өмірлік ситуацияларға белсенді қатыстыру ойластырылады, оның өзі ерте бейімделуге әкеліп тірдейді; жобалық және практикалық тапсырмаларды орындау барысында ерте кәсіптік таным, теориялық білімді практикада қолдана білу, мақсатты қою, талдау, жоспарлау, жобалау іске асырылады; кәсіпке қызығушылық артады, үлкендердің енбегіне бақылау іске асырылады, еңбек адамдарына деген он көзқарас қалыптасады, үлкендерге ұқсап бағу сезімі, фантазия пайда болады, бұлардың барлығы оқушылардың өзіндік кәсіптік анықталуына үлкен әсер етеді. Мектептегі білім беру процесінің практикалық бағыттылығы (енбектану сабактары, өндірістік практика, кәсіптік бағдарланған курстар, мектептегі шағын өндірістер) және мектептен тыс іс-қимылдар (өндірістік экскурсиялардың вариативтік модельдері, әлеуметтік серіктестік институттары жүргізетін іс-шаралар және т.б.) ертерек баланың кәсіптік қызығушылығын, қабілеттерін анықтауға мүмкіндік береді, өзіндік дамуына ықпал етеді, оның өзі болашақта өз кәсібіне қанағаттанатын жағдайға алып келеді [14].

Германияның негізгі мектебіндегі оқушылардың өзіндік кәсіптік анықталуын ұйымдастыру білім беру және әлеуметтік институттардың жүйелі, арнайы ұйымдастырылған, реттелген, мақсатты оқу және оқудан тыс іс-қимылдардың жиынтығы болып табылады, ол оқушылардың қызығушылықтарын, бейімділіктерін, қабілеттерін анықтауға, оларда кәсіптік-маңызды сапаны қалыптастыруға, әлеуметтік ортадағы жеке қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сәйкес кәсіптік өсуге ұмтылуды дамытуға бағытталған.

Германияның негізгі мектебіндегі оқушылардың өзіндік кәсіптік анықталуы бойынша іс-қимылдың мазмұны: қоғам алдында тұрған экономикалық және технологиялық міндеттерді шешуге жастарды даярлау мақсатында еңбек нарқының дамуының алдын-ала отырып, өзінің еңбек қызметінің мағынасын ерте түсінуі; жастардың өмір бойы оқуға ұмтылуы; білікті мамандарды даярлауда жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін өндіріс орындары мен мектептің тығыз ынтымақтастыры; теориялық және практикалық оқудың өзара байланысы анықталады.

## **2. Оқушының білім алуды және кәсіби дамуының жеке бағыты «Саналы Азamat» жобасын іске асыру құралы ретінде.**

### **2.1. Білім алудының жеке дара білім маршруты жағдайында жекеленген білімдік қажеттілігін іске асыру**

Қазақстанның келешегі, қоғамның құндылық бағытталуы, елдің қауіпсіздігі мәселе болып отырған шақта болашақ үрпақтың бәсекеге қабілеттілігінің, азаматтың қалыптасуының, шығармашылық дамуының тамыры тәрбиеде болып табылатындықтан тәрбиені дамыту проблемасы сөзсіз көп көңіл бөлуді талап етеді.

Бүгінгі күні біздің елімізде қоғамның және жалпы мемлекеттің заманауи тұтынысына бағытталған тәрбиелеудің біртұтас жүйесі құрылған. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде тәрбиелеуді дамыту ең басымды бағыттардың біріне айналып отыр. Өлеуметтік зерттеулер көрсеткендей, оқушы жастардың санасында жаңа он трендтер көбейіп келеді – білім алудың құндылығы; өз деңсаулығын сақтаудағы экономикалық қызығушылық; отбасы, достар, деңсаулық, материалдық әл-ауқат, қызықты жұмыс, мансаптың даму оқушылардың дәстүрлі өмірлік құндылықтарына айналып отыр.

Білімді, адамгершілігі мол, кәсіпкер, таңдау жағдайында өзіндік шешім қабылдай біletін, ынтымақтастыққа қабілетті және мәдениет аралық қарым-қатынас жасай біletін, елдің тағдырына жауапкершілік сезімдері дамыған адамдарды тәрбиелеуге мемлекет тарапынан әлеуметтік тапсырыс Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларында нақты көрініс тапты.

2017 жылы Президент Н.Назарбаев Қазақстанның жаңғыруының үшінші кезеңінің – қоғамдық сананың жаңғыруының басталғанын жария етті.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасында жалпы қоғамның және сонымен қатар әрбір қазақстанның азаматтың санасының жаңғыруының бірнеше бағыттары анықталып көрсетілді.

Бәсекеге қабілеттілік.

Бүгінгі күні тек қана жеке адамдар ғана емес, сонымен қатар тұтас ұлт өздерінің бәсекеге қабілеттілігін дамыту арқылы ғана жетістікке қол жеткізе алады. Ертеңгі күннің ерекшелігі - ұлттың табыстылығының факторы минералды ресурстардың бар болуында емес, адамның бәсекеге қабілеттілігінде болып табылады. Сондықтан кез келген қазақстанның үшін, жалпы ұлт үшін XXI ғасырға сәйкес қасиеттерді бойға сініру аса маңызды.

Прагматизм

Жаңғыру жолында бізге ата-бабалардың дағдыларын еске сақтау қажет. Прагматизм дегеніміз өзінің ұлттық және жеке дара ресурстарын нақты білу, оларды экономдап тиімді қолдана білу, өзінің келешегін жоспарлай білу болып табылады.

Ұлттық ерекшілігін сақтау

Рұхани жаңғыру түсінігінің өзі ұлттық сананың өзгеруін талап етеді. Ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, тіл мен музыкалар, әдебиет – бір сөзben айтқанда, ұлттық рұх әр уақытта халықпен болуы тиіс. Сонымен қатар, жаңғыру барысында кейбір архаистік және жаһандану жағдайында әлемге сиыспайтын әдет-құрыптар мен дағдылар өткен күнмен бірге қалуы тиіс.

Білім культи.

Әрбір қазақстандық білімнің болашактағы табыстардың іргелі факторы болатынын әрқашан жадында сақтауы қажет. Басымдықтар жүйесінде білімнің бірінші орында болуы тиістігін жастардыңұмытпаулары тиіс.

Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы.

Әлемде не болып жатқанын терең ұғына білу – бұл жалпы қоғамның, саяси партиялар мен қозғалыстардың, білім беру жүйесінің әлемтану бойынша және идеологиялық жұмыстардың үлкен бір бөлігі.

Сананың ашықтығы

Сананың ашықтығы – бұл өзгерістерге дайын болуды, өзгелердің тәжірибелерін қолдана білуді, өзгелерден үйрене білуді көрсетеді. «Өзінікі еместерді» қабылдамау емес, үздік жетістіктерге ашықтық және оларды қабылдай білу – жетістіктердің кепілі және ашық сананың көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

«Саналы азамат» базалық жобасы оқушылардың болашақ қызметтер саласын еркін таңдау жағдайында өздерінің мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне байланысты және енбек нарқының болашақ дамуының талаптарын ескере отырып, кәсіптік өзіндік анықталу қалыптастыруына, кәсіптік бағдарлануын қолдауға бағытталған.

«Саналы азамат» базалық бағыттың мақсаты: жалпы адами құндылықтар негізінде өмірлік белсенді стратегия бар, шығармашылық және кәсіптік бәсекеге қабілетті, өмір бойы білім алуға дайын, қоршаған ортандың сындарын қабылдай және жеңе білу қабілеттері бар, өз өмірінің сапасына қанағаттанған білім алушылардың өзіндік анықталуына оң әсер ететін жағдайдар жасау.

«Саналы азамат» базалық бағыттардың 9 жобалары мыналар:

1. *Білім сапасына қанағаттану деңгейін зерттеу:* білім алушылар мен олардың ата-аналарының білім сапасына, сабактан тыс уақытта бос болмауларының шарттарына және болашақ кәсіпптерін таңдауға дайындықтарына қанағаттануларының деңгейлерін анықтау және оларды зерттеу әдістемесін әзірлеу.

2. *Кәсіпптер әлемі:* кәсіптік бағдарды қолдау және білім алушылардың болашақ кәсіпптерін таңдау процесінде өзінің жекетүлғалық және өздік ресурстарын сезіне білуі.

3. *Алтын қазына:* Көркемөнер және декоративтік-қосалқы өнер арқылы білім алушылардың ішкі шығармашылық әлеуетінің және жеке бастық мүмкіндіктерінің дамуы.

4. *Ұлы өнертабыстарға алғашқы қадам:* алдыңғы қатарлы жоғарғы технологиялық әдістемелер және цифрлік технологияларды қолданып

техникалық шығармашылықты дамыту арқылы тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру.

5. *Дарындылар елі*:адамгершілік, эстетикалық тәрбиені жетілдіру және театрлық қызмет және музыкаға баулу арқылы коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру.

6. *Kitap – білім бұлагы*:«қазақстандықтар арасында «кітап оқу сөнін» қалыптастыруға бағытталған кітаптар дәрежесін көтеру және өмір бойы өзіндік білім алуды қолдау жөніндегі жана қазақстандық шаралар жүйесін әзірлеу.

7. *Business*:білім алушылардың белсенді өмірлік позициясын тәрбиелеу, кәсіпкерлерге қажетті саналы шешім қабылдау, тәуекелді бағалау, өзіне жауапкершілікті жүктеу білігін қалыптастыру.

8. *Ұлы дала жастары*:әрбір тұлғаның жалпыадами құндылықтар және бәсекеге қабілеттілік, салауатты прагматизмге, креативтік және кәсіпкерлік ойлауға, өмір бойы үздіксіз білім алуға және қазіргі заман сыйнына дайындық негізінде өзін-өзі іске асыруына бағытталған жоғарғы оқу жүйесіндегі және «Болашақ» бағдарламасындағы жастардың азаматтық өзіндік санасының өзгеруі.

9. *Отбасы әлемі*:қазақстандық қоғамда дәстүрлік отбасылық құндылықтарды сақтау, отбасы күлтін жасау, отбасын құруға және ата-ана болуға дұрыс көзқарасты жас үрпақ арасында қалыптастыру.

*Түйінді оқиғалар* – «Кәсіптер әлемі» Форумы «Мир профессий», «World Skills» әлем біріншілігі, кәсіптік бағдарланған интерактивті ішшаралар, көркемөнер-эстетикалық және декоративті-қосалқы бағыттар конкурстары, буккросингтер ұйымдастыру, бизнес және отбасылық клубтар, отбасылық конкурстар.

«Саналы азамат» базалық бағытында болашақ кәсіпті таңдау процесінде оқушылардың кәсіптік бағытталуын қолдау, білім алушылардың таңдап алған кәсіптері бойынша кәсіптік жарамдылығын анықтаудағы және еңбек наркындағы талаптарды ескере отырып, кәсіптік өзіндік анықталу үшін жағдай жасау сияқты негізгі міндеттерді шешуде білім алушылардың білімдік-кәсіптік дамуының жеке дара маршруттарын жобалау өте үлкен роль атқарды.

*Жеке дара білім беру маршруты* термині кең тараған түсінік, ол «жекеленген білім беру бағдарламасы», «жекеленген білім беру траекториясы» деген түсініктермен тығыз байланысты.

*Жеке дара білім беру маршруты*деген түсінікті ғалымдар мақсатты жобаланған дифференциаланған білім беру бағдарламасы деп қарайды, ол бағдарлама оқушыларда таңдау субъектісінің позициясын, олардың өзіндік анықталуы және өзіндік іске асырылуында оқытушылар тарапынан педагогикалық қолдау көрсету барысында білім беру бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етеді (С.В. Воробьев, Н.А. Лабунская, А.П. Тряпицына, Ю.Ф. Тимофеева және т.б.). Жеке дара білім беру маршруты (ЖБМ) білім беру қажеттілігімен, оқушылардың жеке дара қабілеттерімен және мүмкіндіктерімен (бағдарламаны менгеруге дайындық деңгейімен),

сонымен қатар қолданыстағы білім беру мазмұнының стандарттарымен анықталады. ЖБМ – оқушылардың белгілі бір оку кезеңдеріндегі іс-қимылдарының және білім беру бағдарламасын жеке дара менгеру жолдарының құрылымдалған бағдарламасы [20].

Жеке дара білім беру маршруты нақты бір білім алушыны оқытуға арналған және ол оның жеке дара қабілеттерін дамытуға бағытталған. Жеке дара білім беру маршруты оқушыларға өз дарындарын ашық көрсетуге және кәсіп әлемінде анықталуынакөмектеседі. Жеке дара білім беру маршрутын негізгі және орта білім беру жүйесінде қолдану оқушылардың жеке дара, өмірлік және кәсіптік өзіндік анықталуын педагогикалық қолдаудың бір нысаны болып табылады [8].

ЖБМ функцияларын іске асыруды қамтамасыз ететін шарттарды сипаттау.

Шарттардың бұл тобы тұлғалық-бағытталған оқыту принциптерін іске асыратын шарттармен тығыз байланысты:

1. Жоғарғы сынып оқушылары мен педагогтердің қажеттілікті зерделеу, оқыту мақсаттарын анықтау, оқушылардың ЖБМ іске асыруын қамтамасыз ету бойынша өмірлік іс-қимылдарды жобалау, біріккен іс-қимылдарының кеңістігін әзірлеу. Оған жататындар курсарды – кәсіптік бағдарлану бағыттарын, кәсіптік сындарды, әлеуметтік практикаларды, «өзіндік анықталу жолдары» қосымша білім беру, психолог пен тытурмен жекеленген және топтық консультациялар мен тренингтерді оку жоспарына енгізу.

2. Жоғарғы сынып оқушыларының оқудағы қыындықтары мен өзіндік анықталуын коррекциялау жүйесін іске асыру. Бейін алды және бейіндік даярлық арқылы өтетін әрбір оқушыға оның жеке дамуының картасы жүргізіледі, білім алушылардың өздері портфолио жүргізеді, ол портфолиолар болып жатқан өзгерістерге талдау жүргізуге негіз болады. Сонымен қатар, ЖБМ-ға өзгерістер енгізілген жағдайда, ол өзгерістер енгізу себептерін анықтау бойынша әңгіме жүргізіледі және болашақ оқыту траекториясын бірігіп жобалауға негіз болады. Соның нәтижесінде өзіндік талдау, өзіндік бағалау, өзіндік жетілдіру бағыттары және әдістері бойынша оқушылардың іс-қимылдары жүзеге асырылады.

3. Білім берудің дәстүрлі және альтернативті нысандарын (іштей-сырттай оқыту, қашықтықтан оқыту, экстернат) құрамдастырып қолдану. Оқушыларға білім беру бағдарламаларын менгеру жылдамдығы және оны дербес менгеру мүмкіндіктері беріледі. Мұндай шешім жоғарғы сынып оқушыларының ата-аналарымен келісіледі, өтініш жазылады, соның негізінде мектеп бойынша бұйрық шығады, жекеленген білім беру бағдарламалары әзірленеді.

4. Жана бағалау жүйесін, бағалау технологиясын (бағалаудың рейтингтік жүйесін, портфолио технологиясын) енгізу, олар оқушылардың жеке мүмкіндіктерін ескеруге, өзіндік бақылау және өзіндік бағалау дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасайды.

5. Жоғарғы сынып оқушыларының өздері мектептің білім беру бағдарламалары негізінде және өздерінің білім алу мүмкіндіктері, қабілеттері. Қажеттіліктері мен перспективалары негізінде жеке оқу жоспарларын және жеке оқу бағдарламаларын жасайды.

6. Жоғарғы сынып оқушыларының білім беру мақсаттарын, уақыттық және мазмұндық перспективаларын, өзгерістер енгізу құжаттарын дайындау (БЖМ-ды өзгерту) мүмкіндіктері бар.

Өмірлік және кәсіптік өзіндік анықталу жоспарында мақсаттардың бірізділігі ретінде жеке кәсіптік перспективаны жобалау міндеттерін білім алушылардың табысты шешу жолы анықталады. Жоғарғы сынып оқушылары таңдаған кәсіптер олардың жеке бейімділігіне және қабілеттеріне, таңдауына сәйкес болуы тиіс, бұл қасиеттер олардың жеке оқу жоспарларында көрсетіледі [24]. Кәсіпті таңдаудағы қызығушылық құрылымында жоғарғы сынып оқушыларының көпшілігінде ішкі мотивтер негізгі болып табылады, ол мотивтер кәсіптің мазмұнына, оны меңгеруге мақсатты даярлыққа байланысты болады. Қол жеткізу, өзіндік даму және өзіндік анықталу мотивтері мотивтер рейтингінде жетекші орындарды алады, сондықтан олар білім алушылардың оқу процесіндегі жеке мағынасын ашып көрсету деңгейін анықтайды. Мақсаттардың бірізділігі ретінде жеке кәсіптік перспективаларды жобалау міндеттерін табысты шешу қойылған мақсаттардың нақты өмірлік және білім беру жағдайларына сәйкестігін көрсетеді. Мектепті бітіретін кезенде бітірушердің көпшілігі болашақ кәсіптерін таңдауға дайын болады.

Жеке білім беру маршрутын әзірлеу негізінде оқушылардың өзіндік анықталуы жатады. Жеке білім беру маршрутын жобалау нәтижесі оқушының қойған мақсатына бағытталу сызығын (жолын) таңдау болып табылады.

Жеке білім беру маршрутын түрғызуда А.В.Хоторский [27] бірнеше кезендерді белгілейді:

1. Оқушының жеке басының сапасының даму деңгейіне және оның көріну деңгейіне педагогтің *диагностикасы*. Бұл кезенде оқу курсары тақырыптары бойынша сұрақтар конкурсы, тестілеу өтеді, әртүрлі тапсырмаларды таңдау жүргізіледі.

2. Әрбір оқушы, одан кейін педагог іргелі білім беру объектілерін *тіркейді*. Әрбір оқушы өзі меңгеруге тиіс тақырыпты (таңбалы, схема, сурет, тезис түрлерінде) таңдайды.

3. Оқушының өзі менгеруге тиіс білім беру саласына немесе тақырыбына оның жеке қарым-қатынасы жүйесін түрғызу. Әрбір оқушы өзінің жеке тақырыптық образын жасайды (ол оны идеал түрінде қалай көреді, біртінде ол идеал образға қажетті өзгерістер енгізіледі).

4. «Өзінің» және жалпы іргелі білім беру объектілеріне қатынасы бойынша жеке дара білім беру *іс-қимылын бағдарлау*. Оқушылар педагогтің көмегі арқасында өзінің білім алу жолынұйымдастыруышы: мақсатты тұжырымдау, тақырыпты таңдау, болжамды соңғы білім беру өнімдері және оларды көрсету нысандары, жұмыс жоспарын құру, *іс-қимыл* құралдарын

және әдістерін таңдап алу ролін атқарады, іс-қимылды бақылау және бағалау жүйесін құрады. Белгілі бір уақытқа жеке дара оқыту бағдарламасы (сабактар, тақырыптар, бөлімдер, курстар) әзірленеді.

5. *Оқушылардың жеке дара білім беру бағдарламаларын мен жалпы білім беру бағдарламасын бір уақытта іске асыру бойынша іс-қимылдар.* Іс-қимылдың негізгі элементтеріне сәйкес әзірленген бағдарламаны іске асыру: мақсат – жоспар – іс-қимыл - рефлексия – алынған өнімдерді мақсаттармен салыстыру – өзіндік бағалау. Педагогтің ролі оқушының жеке іс-қимылының алгоритмін жасау, бағыттау, оны тиісті іс-қимыл әдістерімен қаруландыру, жұмыс құралдарын іздеу, жұмысты талдау критерийлерін анықтау, рецензиялау, оқушының іс-қимылын бағалау болып табылады.

6. *Оқушылардың жеке білім беру өнімдерін көрсетулері және оларды ұжымдық талқылау.* Бұл тақырып бойынша педагог идеал «өнімдерді»: түсініктер, зандар, теориялар және т.б. көрсетеді. Оқушылар өз іс-қимылдары нәтижесінде элементтері алынған қоршаған ортадағы проблемаларды анықтау бойынша жұмыстар ұйымдастырылады.

7. *Рефлексивтік-бағалау кезеңі.* Іс-қимылдың жеке дара және жалпы білім беру өнімдерін анықтау (схема, материалдық объектілер түрінде), іс-қимылдың түрлерін және әдістерін белгілеу. Іс-қимылдың алынған нәтижелері баланың білім алу іс-қимылы мақсаттарымен салыстырылады. Әрбір оқушы өз іс-қимылын және алынған өнімді, жеке өзгерістер деңгейлерін бағалайды. Өз нәтижелері осы саладағы іргелі жетістіктермен, басқалардың жестістіктерімен салыстырылады. Өзіндік бағалаудан және бағалаудан кейін ұжымдық және жеке дара іс-қимылға өзгерістер енгізу және жоспарлау үшін тиісті шарттар жасалады.

Жеке білім беру маршрутын құрудың бұл моделін А.В. Хуторской жалпы білім беру мекемелер жүйесі үшін ұсынды, бірақ оны толықтай балалардың қосымша білім алу жүйесі үшін де қолдануға болады [27].

Оқушылардың жақсы түсінуі үшін кезеңдердің мазмұнын мынадай схема арқылы көрсетуге болады:



БЖМ-ды жобалау барысында негізгі зейін диагностикаға және өзіндік диагностикаға бөлінуі қажет. Жеке дара білім беру маршрутының диагностикалық қадағалау картасында мынадай параметрлер:

- Бағдарламаны менгеру барысында игерілген оқушылардың білімдері, біліктері және дағдылары;
  - Тұлғааралық қарым-қатынастың дамығандығы;
  - Тұлғалық мінездемелер (педагогтің қарауы бойынша және т.б.)
- белгіленеді.

Диагностика барысында педагог жалпы белгілі психодиагностикалық тестілерді қолдануына болады: танымал мүмкіндіктері мен қабілеттерінің дамуының деңгейін зерттеу, есте сақтау мен ойлаудың дамуының деңгейі, ұжымның қалыптасу деңгейі, бірлестіктегі тұлғааралық қарым-қатынастың құрылымы, сонымен қатар оқушылардың мақсатты қоя білуі және оған қол жеткізуі, өзінің қалауын, мотивтерді, қажеттіліктерді, мүмкіндіктерді талдау, олардың теңгерімділігін ойлау, олардың жеке даралық үйлесіміне қол жеткізу білігін қалыптастыруға әсер етуші әдістерді зерттеу.

Өзіндік диагностика оқушыларға өз оқуларының нәтижелілігін сезінуге және нақты білім беру саласында өздерінің жетістіктерін бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен, ұсынылған жеке дара білім беру маршрутын құру схемасын кез келген бағдарлама үшін құруға болады.

«Жеке дара білім беру маршруты» деген түсінікпен қатар «*жеке дара білім беру траекториясы*» деген түсінік те қолданылады (Г.А. Бордовский, С.А. Вдовина, Е.А. Климов, В.С. Мерлин, Н.Н. Суртаева, И.С. Якиманская және т.б.) [17]. Ол түсініктің мағынасы кең және бірнеше бағытта іске асырылады: мазмұнды (жеке дара білім беру маршрутын анықтайтын вариативтік оқу жоспарлары және білім беру бағдарламалары); іс-қимылдық (арнайы педагогикалық технологиялар); процессуалдық (үйымдастыру аспектісі). Жеке дара білім беру траекториясы – білім беруде әрбір оқушының тұлғалық әлеуетін шығармашылық түрде іске асырудың дербес жолы, әрбір келесі кезеңің мағынасы, маңызы, мақсаты мен олардың компоненттері өзіндік пайымдаудан өткен немесе педагогпен бірлесіп пайымдалған.

*Жеке дара білім беру бағдарламасы* – білім беруді жекелендіру механизмі, ол механизм білім алушының ниетін, оқыту нәтижесінің образын және оған қол жеткізудің әртүрлі қозғалу стратегиясының құралдарын бір жерге біріктіретін болады. Жеке дара білім беру бағдарламасы – жеке дара білім беру маршрутын іске асырудың технологиялық құралы болып табылады.

Айта кететін жайт, жеке дара білім беру траекториясының жеке дара білім беру маршруты (мазмұнды компонент) болуы тиіс, сонымен қатар оны іске асыратын әзірленген дайын тәсілі (білім беру процессін үйымдастыру технологиясы) болуы тиіс [18]. Иске асырылған жеке дара білім беру маршруты жеке дара білім беру траекториясы болып табылады. Жеке дара білім беру траекториясы сонымен қатар жеке дара білім беру бағдарламасының міндепті түрде бар болуын талап етеді.

Сонымен, *жеке дара білім беру траекториясы* жеке дара білім беру маршрутының «мазмұнды компонент» бар болуын талап етеді, сонымен қатар оны іске асыру тәсілдерінің (білім беру процессін үйымдастыру технологиялары) жасалуын талап етеді.

Жеке дара білім беру маршрутын тандау үшін педагог оқушылардың қызығушылықтарын және немен айналысатындарын, мінездерінің ерекшеліктерін, оқушылардың танушылық қабілеттерін, олардың эмоционалдық жағдайларын және т.б. білуі қажет. Осы мақсатта психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу қажет болады. *Психологиялық-педагогикалық диагностика* – оқу-тәрбие процесстерін тиімділеу мақсатында оқушылардың жеке дара-психологиялық ерекшеліктерін және балалар ұжымының әлеуметтік-психологиялық мінездемесін зерделеуге бағытталған бағалау практикасы.

Психологиялық-педагогикалық диагностика балалардың тұлғасын зерделеудің әртүрлі әдістерін: *бақылау әдісін, қадағалау әдісін, әңгімелесуді, сауалнама жүргізу*ді және т.б. қолдануды талап етеді.

Зерттеу әдістер жүйесінің ішінде *тестілеу* ерекше орын алатын көрсетеді, тестілеу алдын-ала стандартталған сұрақтар мен тапсырмалар бойынша жүргізіледі, тестіленушілердің жеке тұлғалық ерекшеліктерін анықтау үшін сұрақтар мен тапсырмалардың шкалалары түрфызылады. Педагогикалық зерттеулерде әсіресе оқушылардың үлгерімдерін, адамдардың кәсіптік бейімділіктерін анықтау үшін тестілеу жүргізіледі, сонымен қатар психологтар жүргізген психодиагностикалық зерттеулердің нәтижелері пайданылады (жетістіктер тестілері, зияткерлік тестілер, креативтік тестілер, жеке тұлғалық тестілер және т.б.).

Педагогикалық зерттеулер әдістерінің ішінде әлеуметтік метрикалық әдістер кең қолданылады, олар ұжымдардағы көзден тыс тұлғааралық қарым-қатынастарды зерделеуге мүмкіндік береді.

*Оқушылардың іс-қимыл өнімдерін зерделеу әдісі* (жазбаша, графикалық, бақылау және шығармашылық жұмыстар) оқушылардың жеке дербестігі туралы, әр саладағы біліктер мен дағдылардың қол жетімді деңгейі туралы, олардың қызығушылықтары мен қабілеттері туралы ақпарат береді.

*Педагогикалық құжаттарды зерделеу әдісі* (сынып журналдары, жиналыстар мен отырыстардың хаттамалары, оқушылардың жеке тұлғалық істері және олардың медициналық карталары) зерттеушіге білім беру процессін үйымдастырудың қалыптасқан реал практикасын сипаттайтын кейбір объективтік деректерді ұсынады.

Жеке дара білім беру маршрутын таңдау оқушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне байланысты.

### *Жасөспірім жас*

Жасөспірім жас (орта мектеп жасы) – балалық шақтан жастық шаққа ауыспалы жас аралығы болып табылады. Бұл жаста бүкіл организм тез жетіледі және өседі.

Жасөспірімнің қабылдауы төменгі сыннып оқушыларымен салыстырғанда бағытты, жоспарлы және үйымдастықтан түрде болады. Жасөспірім жастағы оқушының зейінінің ерекшілігі – оның арнайы талғампаздығында: жасөспірімдерге қызықты сабактар немесе қызықты істер тартымды болады, сондықтан олар бір материалға немесе құбылысқа зейіндерін терең бағыттай біледі. Ойлау қабілеті төменгі сыннып оқушыларына қарағанда жүйелі, бірізділі болады және жаңа мінез – сыншылдық пайда болады. Жасөспірімнің өзінің ойы, пікірі болады, ол пікір таласқа немесе қарсы сөйлеуге жақын болады. Орта мектеп жасы – шығармашылық ойлауға ең қолайлы мезгіл болып саналады. Жасөспірім жаста тұлғаның адамгершілік және әлеуметтік қалыптасуы қарқынды жүреді [17]. Алайда, оқушының өз мінез-құлқындағы көрініс табатын дүниетанымдық, адамгершілік идеалдары, бағалаулық пікірлер жүйесі, моральдық принциптер әлі де орнықтылыққа ие болған жоқ, сондықтан жолдастарының айтқанына, өмірдегі қарама-қайшылықтарға және т.б. байланысты жылдам өзгерістерге ұшырайды.

Жасөспірімнің адамгершілік және әлеуметтік мінез-құлқында сезімдер ерекше орын алады, олар әдейі және күшті әсер қалдырады. Өзінің сезімдерін жасөспірімдер өте қарқынды, кейде аффективті түрде білдіреді. Жасөспірім жас тіпті апatty жас деп те айттылады, сондықтан жасөспірімдердің рухани әлеміне, олардың сезімдеріне өте үлкен ықыласпен қарау қажет.

Сонымен, жеке дара білім беру маршрутын таңдау және әзірлеу барысында балалар мен жасөспірімдердің жас ерекшеліктеріне аса көп көніл бөлінуі тиіс.

Оқушылар үшін жеке дара білім беру маршрутын жобалау өзекті мәселе болып табылады. Дұрыс жасалған жеке дара білім беру маршруты – тек қана оқушының оқу іс-қимылына, шығармашылығын, қабілетін дамытуға ғана бағытталған емес, сонымен қатар оның қоғамдағы әлеуметтенуіне және өзіндік кәсіптік анықталуына бағытталады.

Жеке дара білім беру маршрутын жобалау педагогикалық ұжымнан көп күш пен уақытты талап етеді. Мынадай жұмыстар: диагностика жүргізу, жиналған материалдарды өндеу және жүйелеу, жеке дара білім беру маршрутын жобалау процесі, жобаланған маршрут бойынша педагогтердің жұмысы, маршрутқа тиісті өзгертулер енгізу үшін жүйелі талдау жұмыстары

атқарылуы тиіс. Жеке дара білім беру маршруты бойынша тек осы жұмыстар реті сақталғанда ғана және басқа да шарттар орындалғанда ғана жұмыс жемісті болады деп күтүге болады [10].

Бүгінгі күні әрбір педагог оқу процесін жетілдірудің, оқушылардың қызығушылықтарын арттырудың және олардың үлгерімін жоғарылатудың тиімді жолдарын іздестіреді, жеке дара білім беру маршруттарын құру арқылы оқушылардың өзін-өзі іске асыруының оң динамикасын қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасайды. Жеке дара білім беру маршруты оқыту мен тәрбиелеуді жекелендірудің және дифференциациялаудың құралы, жеке тұлғалық дамуы үшін, шығармашылық белсенділігін ынталандыру, мектептегі оқу кзенінде өзінің шыңына қол жеткізу мақсатында білім беру процесінің барлық субъектілерінің конструктивті қарым-қатынасының нысаны ретінде қолданылады. Өзгерістер тек оқушыда ғана болып қоймайды, сонымен қатар мұғалімдердің оқушылармен қарым-қатынасы икемді, үтқырлы, динамикалық түрде болуы талап етіледі, өзіндік дамуға деген сұраныс артады.

Жеке дара білім беру маршруты білім беру сұраныстарына, оқушының жеке дара қабілеттері мен мүмкіндіктеріне (бағдарламаны менгеру дайындығының деңгейіне) байланысты.

Жеке дара білім беру маршруттары - жобалық және шығармашылық іс-қимылдарды ұйымдастыруда таптырмайтын әдістер, олардың барысында оқушыларға таңдау мүмкіндіктері беріледі. ЖБМ-ды жобалау - өмірлік қажеттілік, оның барысында балаларға өз қажеттіліктерін толық іске асыруға, қызығушылықтарын қанағаттандыруға мүмкіндік беріледі.

Жеке дара білім беру маршрутының құндылығы – оперативті реттелетін өзіндік бағалау, жеке шығармашылықты қалыптастыру, оны жетілдіруге белсенді ұмтылу негізінде әркімге шығармашылық жеке дербестікті қалыптастыруға, құндылықтар бағыттарын қалыптастыруға және дамытуға, өзінің көзқарастары мен сенімін қалыптастыруға мүмкіндік береді. ЖБМ-ды іске асыру барысында оқушы білім беру траекториясын өзгертуге, басқа бейінде ұйымдастырылған топқа ауысуға және өзінің ЖБМ-ын өзгертуге құқылды [24].

Жеке дара білім беру маршрутының аяқталуы барысында портфолиода қол жеткен жетістіктер белгіленеді (жеке тұлғалық жетістіктер портфелі).

Портфолио – адамның өзі жинаған жеке дара жетістіктері (грамоталар, дипломдар, суреттер, бейнематериалдар, презентациялар, жобалар және т.б.); оқушылардың жеке дара жетістіктерін белгілеу, жинақтау және бағалау.

Портфолио оқушының барлық бағыттағы жетістіктерін ескеруге мүмкіндік береді және оларды көрсетеді, әртүрлі: білім беру, шығармашылық, әлеуметтік, коммуникативтік іс-қимылдардағы аралық және қорытынды нәтижелерді белгілейді. Портфолио бағалаудың заманауи тиімді нысаны ғана емес, сонымен қатар ол мынадай маңызды мәселелерді: қызықтырудың жоғарғы деңгейін; белсенділік пен өзіндік дербестікті, рефлексифтікті және іс-қимылды бағалауды шешуге көмектеседі.

Жеке дара білім беру маршруты оқушының оқу және даму процессындеңгөзгеруін көрсетуі тиіс. Жеке дара білім беру маршрутының көмегі арқылы педагогикалық процесске дер кезінде өзгерістер енгізіледі.

## **2.2. Жеке дара білім беру маршруттарын жобалау кезеңдері**

Жеке дара білім беру маршрутының моделі нақты бала үшін әзірленуі мүмкін, ал маршруттың өзі оқушыны айрықша педагогикалық қолдау көрсету болып табылады. Педагогикалық қолдау жеке дара білім беру маршрутын жобалауда білім алушыны және педагогті тен қатысу жүйесіне кіргізу аспектісіне, субъект-субъект қарым қатынасын орнатуға бағытталған. Педагогикалық қолдау – ол қарым-қатынас моделі, оның барысында оқушымен бірігіп, оның өз қызығушылықтарын, мақсаттарын, мүмкіндіктері мен кедергілерді жену жолдарын анықтау, тек оқуда ғана емес, сонымен қатар өзіндік тәрбие, қарым-қатынас, іс-қимыл барысында қалаған жетістіктеріне өзіндік жетуін ескеру болып табылады.

А.В. Хуторскойдің [27] айттынша, оқушы жеке дара білім беру маршруты бойынша дамуына жағдай жасау үшін мынадай мүмкіндіктер қарастырылуы:

- оқытудың жеке дербес тиімді нысанын таңдалуы;
- оның жеке басының ерекшеліктерін ескеретін оқытудың тәсілдері қолданылуы;
- алынған нәтижелерді рефлексивтік түрде қабылдауы;
- өз іс-қимылын бағалау және өзгертуді іске асырылуы қажет.

Педагогтің білім алушылармен қарым-қатынасы тәлімгер, тыютор ретінде қалыптасуы тиіс (А.П. Чернявская, П.Г. Щедровицкий және т.б.), себебі баланың күш-жігерін ауыстырмай, оған тек жобалау барысында көмектесу дұрыс болады.

*Жеке дара білім беру маршруттарын жобалау кезеңдері.*

1. Мақсатты кезең.

а) дайындық (баланың жеке тұлғасын, оның жеке ерекшеліктерін зерделеу үшін әдістемелерді таңдап алу);

б) аналитикалық (диагностика барысында алынған нәтижелерді талдау);

в) әдістемелік (жеке дара карточкаларды, әдістемелік ұсынымдарды, әртурлі деңгейлердегі тапсырмаларды, өзіндік жұмыстарды және т.б. әзірлеу);

2. Мотивациялық кезең, ол оқылатын тақырып, курс, пән, нақты тақырыпқа, жұмыс нысандарына қызығушылық аяларында және т.б. бағыттарда білімді анықтауға арналады.

3. Жобалау кезеңі, бұл кезеңде педагог тұлғаның жеке дара ерекшеліктерін ескере отырп, ұсынымдар дайындейді, тұлғаның дамуының жеке дара картасын, жеке дара алға жылжу картасын толтыруға көмектеседі және т.б. жұмыстарды атқарады.

4. Технологиялық кезең, бұл кезеңде педагог аудиториялық және

өзіндік жұмыстар үйымдастырады, консультация өткізеді, өзгерістерге диагностика жүргізеді, ақпарат алады, нәтижелерді белгілейді және т.б. жұмыстар атқарады.

5. Нәтижелілік кезең, бұл кезеңде қорытындылар жасалады, нәтижелер салыстырылады.

Жеке дара білім беру маршруты –оқушының ой - мақсаттары, олардың барысында оқушы білім беру саласындағы өзінің алға жылжуын, педагогтермен өзара қарым-қатынасын, өзінің оқу іс-қимылында педагогикалық технологияларды іске асыруды ойластырады [18]. Сонымен, жеке дара білім беру маршруты бір жағынан педагог пен оқушының бірігіп жасаған шығармашылық өнімі болса, екінші жағынан білім алушының жеке дара жетістіктеріне қол жеткізу құралы болып табылады.

Оқушының дамуы бірнеше білім беру маршруттары арқылы жүзеге асрылуы мүмкін, ол маршруттар бір мезгілде немесе бірізділеп іске асрылуы мүмкін. Осыдан барып педагогтің негізгі міндеті анықталады – оқушыға мүмкіндіктер спектрі ұсынылады және оған таңдау барысында көмек көрсетіледі.

Жеке дара білім беру маршрутын таңдап алу мынадай *факторлар кешені*:

- қажетті білім беру нәтижесіне қол жеткізуде оқушының және ата-аналардың ерекшеліктері, қызығушылықтары және қажеттіліктері;
- педагогикалық ұжымның кәсіпкерлігі;
- оқушылардың білім алу қажеттіліктерін мектептің қанағаттандыра алу мүмкіндіктері;
- мектептің материалдық-техникалық базасының мүмкіндіктеріарқылы жүзеге асрылады.

Жеке дара білім беру маршрутын өзірлеу тиімділігі бірнеше *мынадай шарттармен*:

- педагогикалық процеске қатысушылардың барлығы, әсіресе, білім алушылардың өздері өзін-өзі анықтау, білім беру мазмұныны, нысанын, режимін, деңгейін дұрыс таңдауды тексерудің тәсілдерінің бірі ретінде жеке дара білім беру маршрутының қажеттілігі мен маңыздылығын түсінулерімен;
- өзінің жеке білім алу маршрутын жобалау процесіне білім алушылардың тұрақты қызығушылықтарын қалыптастыру бойынша мақсатты іс-қимылдар жүргізуімен;
- білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдауды және жеке дара білім беру маршрутын өзірлеу процесін ақпараттық қолдауды жүргізімен;
- білім алушыларды жеке дара білім беру маршрутын өзірлеу жөніндегі жұмыстарға тартуымен (білім беруге тапсырма беруші ретінде және білім алу жолдарын таңдаушы субъект ретінде);
- жеке дара білім беру маршрутын өзгертудің негізі ретінде рефлексия үйымдастыруымен анықталады.

*Көрсетілген шарттарды* іске асырудың құралдары ретінде арнайы үйымдастырымен анықталады.

маршрутын жасау әдістері және оны таңдау әдістері бойынша білім алушылар үшін консультацияларды айтуға болады. Осы сабактардың (консультациялардың) барысында оқушылардың (олардың ата-аналарының және занды өкілдерінің) назарына мынадай ақпараттарды тарату қажет:

- оқу жүктемесінің рұқсат етілген шекті нормалары;
- мектептің оқу жоспары;
- оқу пәндерін оқу ерекшеліктері;
- оқу жүктемесін есептеу варианты;
- жеке дара білім беру маршруттарына өзгерістер енгізу ережелері мен мүмкіндіктері;
- жеке дара білім беру маршрутын ресімдеу ережелері.

Жеке дара білім беру маршрутын жобалаудың логикалық құрылымы үшін кезеңнен тұрады: өзіндік анықталу, маршрутты тұрғызу және ресімдеу. Әрине, білім алушының жас ерекшелігіне байланысты оның белсенділігі және жеке дара білім беру маршрутын жобалау процесінің мазмұндығыныңдастыру компоненті өзгереді. Білім алушылар үшін жеке дара білім беру маршрутын жобалау субъектілерінің іс-қимылдының мазмұнын қарастырайық.

*Өзіндік анықталу кезеңінің* білім алу мақсатын (білім алу мақсатын жеке дара таңдау) анықтаудан, нәтижелерді болжау және қойылған мақсатты іске асыру жолдарын (нұсқаларын) таңдаудан тұрады. Бұл кезеңдегі педагогтің міндеттерінің бірі білім алушыны өзіндік тану ситуациясына енгізу (өз әлеуетін танып білу), өз қажеттіліктерін сыртқы талаптарға сәйкестігін (мысалы, бейінді оқыту талаптарын) түсіну, өзінің қызығушылығын ашып көрсете алатында қызмет саласын анықтау болып табылады [18].

Бұл кезеңнің нәтижесі білім алушының білім беру процесіндегі өзіндік анықталуымен (кірістегі деңгейдің анықталуымен, жеке тұлғалық жетістіктер деңгейінің және қозғалыс векторының анықталуымен, оны талап деп қарастыруға болады) сипатталады.

Жеке дара білім беру маршрутын *тұрғызу кезеңі*надай қадамдардан:

- білім беру мазмұнын анықтау (оның ішінде қосымша білім беру бойынша), оқу пәндерін меңгеру деңгейі мен режимін анықтаудан;
- мақсатты іске асыру бойынша өзіндік іс-қимылдарды жоспарлаудан;
- алынға нәтижелерді (өзіндік нәтижелерді) бағалаудың критерийлерін және құралдарын жасаудан тұрады.

Бұл кезеңде педагогтің функциясы білім алушыларға мақсаттар мен міндеттерді нақтылау, оларды іске асыру құралдарын ұсыну арқылы көмек көрсету болып табылады. Бұл кезеңнің нәтижесі ретінде білім алушының ой-мақсаттарын іске асыру бойынша нақты қадамдар жасау бағдарламасын (жеке дара білім беру маршрутын) айтуға болады.

Жеке дара білім беру маршрутын *ресімдеу кезеңі* ой-мақсатты белгілі бір құжатта белгілеуді қажет етеді. Практика көрсеткендей, ондай құжаттардың қатарына жеке оқу жоспары, жеке білім беру бағдарламасы

жатады. Білім алушының жеке дара білім алу маршрутын іске асыру туралы ой-мақсатын нормативтік бекіту маңызды момент болып саналады, ол үшін оны мектеп директоры бекітуі тиіс және келісім-шартта барлық тараптардың (мектептің, отбасының, білім алушының) міндеттері белгіленуі тиіс, осыдан кейін жеке дара білім беру маршрутын іске асыру кезеңі басталады.

Жалпы білім берудің үшінші сатысында білім алушалардың қажеттіліктері, бейімділігі, қабілеттері және танымды қызығушылықтары ескеріліп, жалпы білім беру базасында бейінді оқыту ұйымдастырылады. Жеке дара оқу жоспары жоғарғы сынып оқушыларының өзіндік анықталуының негізі ретінде базистік оқу жоспарының негізінде жасалады. Үшінші сатысында базистік оқу жоспары білім берудің барлық бейіндері үшін білім беру мазмұнының міндетті минимумын белгілейді. Мектептік компонент мектептерде вариативті бейінді оқыту, оқу процесін қашықтықтан оқыту және басқа да дәстүрлі емес нысандарды қолдануға, ол оқушыларға жеке дара білім беру бағдарламасын іске асыруға мүмкіндік туғызады.

Бейінді оқыту барысында жеке дара оқу жоспарын қолдану білім алушылардың, олардың отбасының, кәсіптік білім беру ұйымдарының түлектері таңдал алған жұмыс берушілердің білім беру қажеттіліктерін іске асыруға мүмкіндік береді [28].

Оқу жоспары білім берудің әрбір бейіні үшін пәндердің тізімдерін нақты бермейді. Әрбір оқушы шекті оқу жүктемесін көлемін ескере отырып, өзін қызықтыратын оқу пәндерінің (базалық, бейіндік, элективтік пәндердің) тізімін көрсетуге құқылы.

Жеке дара оқу жоспары бірнеше функцияларды атқарады:

біріншіден, білім алушының менгеруі үшін олардың таңдал алған оқу пәндерінің (базалық, бейіндік, элективтік пәндердің) жинағын және оларды менгеруге қажетті оқу сағаттарын белгілейді,

екіншіден, білім алушының бейінін анықтайды,

үшіншіден, білім алушының мектепті аяқтаған мезгілінде нақты білім беру нәтижесі белгіленеді,


төртіншіден, жоғарғы сынып оқушыларына өзін-өзі анықталуына мүмкіндік береді.

Жеке дара оқу жоспарын іске асыру жоғарғы сынып оқушысының өзіндік анықталуына бағытталады (1 қосымшаны қараңыз).

Жеке дара білім беру бағдарламасы (ЖББ) оқушының таңдауы және оның қызығушылықтары мен мүмкіндіктері мектептің педагогикалық ұжымы арқылы құрастырылады жіне онымен келіследі.


ЖББ нормативтік, ақпараттық, мотивациялық, ұйымдастыру функцияларын және жетекші болып табылатын өзіндік анықталу функциясын атқарады (1 схема).

### 1схема. Жеке дара білім беру бағдарламасының функциялары



Сонымен, жеке дара оқу жоспары жоғарғы сынып оқушылары үшін болжау функциясын атқарады – «Мен оқу үшін пәнді таңдаймын»; жеке дара білім беру бағдарламасы жоғарғы сынып оқушысы үшін жобалау функциясын атқарады – «Мен білім беру іс-қымылышын бағдарламасын жасаймын»; жеке дара білім беру маршруты білім беру іс-қымылышын кұрастырады – «Білім беру бағдарламасын қай бағытта, қай уақытта, қандай құралдармен іске асыруды мен анықтаймын».

2 схема. Жеке оқу жоспары, жеке оқу бағдарламасы және жеке дара білім беру маршруты араларындағы өзара қатынас



### **2.3. Жоғарғы мектепте білім алушылардың жеке жоспарларын, жеке дара білім беру маршруттарын практикалық іске асыру**

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаттары, міндеттері және негізгі идеясы және жоғарғы мектептегі білім алушылардың жеке жоспарларын практикалық іске асыру, жеке дара білім беру маршруттарын қалыптастыру:

*1.1. Стратегиялық мақсат:* мектептің жоғарғы сыныптарындағы МЖМБС талаптарын табысты іске асыруға бағытталған оқушылардың жеке дара білім алу іс-қимылышын тұтас тиімді жүйесін әзірлеу.

*1.2. Тактикалық мақсат:* Мектептің жоғарғы сыныптарындағы білім алушылардың жеке дара жоспарларын іске асырудың, жеке дара білім алу маршруттарын қалыптастырудың әдістемесі мен практикасын әзірлеу және негіздемелеу.

*1.3. Тәрбиелік мақсат:* саналы тұлғалық және кәсіптік өзіндік анықталуға, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі тәрбиелеуге бейім түлектерді тәрбиелеу.

*1.4. Нақты мақсат:* Білім алушылардың тұлғалық және кәсіптік перспективасын ескере отырып, жеке дара білім беру жоспарларын, бағдарламаларын және маршруттарын жобалау және іске асыру техноологияларын және әдістерін әзірлеу.

*1.5. Міндеттері:*

1) Мынадай: жеке дара білім беру жоспары, жеке дара білім беру маршруты, жеке дара білім беру бағдарламасы, жеке дара білім беру іс-қимылыш түсініктерін анықтау;

2) Жоғарғы мектепте жеке дара білім беру іс-қимылышын ұйымдастыру тұжырымдамасын әзірлеу;

3) Оқушылардың өмірлік және кәсіптік жоспарларының қалыптасу деңгейлеріне, оқушылардың оқу іс-қимылдарының стиліне байланысты жеке дара білім беру іс-қимылының моделін әзірлеу және негіздемелеу;

4) Жеке дара білім беру іс-қимылының моделіне байланысты жеке дара білім беру жоспарларының нұсқаларын әзірлеу;

5) Жеке дара білім беру жоспарлары мен бағдарламаларын жоспарлаудың жалпы технологиясын және жеке технологиясын әзірлеу;

6) Жеке дара білім беру жоспарлары, бағдарламалары, маршруттары бойынша жұмыстардың әдістемелерін әзірлеу;

7) Оқушылардың жеке дара білім алу іс-қимылдарын психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету жөніндегі педагогтер үшін әдістемелік ұсынымдарды құрастыру;

8) МЖМБС талаптарына ескере отырып, жеке дара білім беру іс-қимылдарын нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету;

9) Жеке дара оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша жоғарғы сынып оқушыларын оқыту мақсатында педагогтер мен ата-аналардың өзара қарым-қатынасы бойынша тьюторлар үшін ұсынымдар әзірлеу;

10) Жоғарғы сынып оқушыларын жеке білім беру іс-қимылын қамтамасыз етуді ұйымдастыру бойынша педагогтермен әдістемелік жұмыстардың бағдарламасын әзірлеу.

## *2. Негізгі идеялар:*

1) Білім алушылардың жеке дара қызығушылықтарын және қажеттіліктерін есепке алу.

2) Бейіналды даярлық, өмірлік және кәсіптік жоспарлар нәтижелерін ескере отырып, мектептің жоғарғы сынып оқушыларының даму перспективаларын анықтау.

3) Өзіндік білім алуда әртүрлі даму стимулдарын және қажеттіліктерді қолдану.

4) Білім алушылар мен олардың ата-аналарын жеке дара жоспарлар мен бағдарламаларды әзірлеу процессине қатыстыру арқылы олардың субъектіліктерін дамыту.

5) Білім беру қызметіне ата-аналардың тапсырыстарын зерделеу және қалыптастыру, интернет ресурстарды қолдану, іштей-сыртай оқыту нысандары, қашықтықтан оқыту, отбасылық оқыту.

6) Білім беру процессинің қатысуышыларының субъект-субъект түріндегі өзара қарым-қатынастары.

## *3. Ұсынымдардың маңыздылығын негіздемелеу:*

Ұсынылып отырган әдістемелік ұсынымдар өте өзекті, себебі білім беруді жаңғырту және оқушыларды болашақ кәсіптерін саналы түрде таңдай білүлері бойынша мектептің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді ең тиімді және пайдалы шешу жолдары әрбір оқушының іс-қимылдарын жеке дараландыру арқылы іске асырылады [18]. Алайда, мектептің жоғарғы сыныптарында оқушылардың жеке дара жоспарлары мен бағдарламаларын

жобалау іс-қимылдарын әдістемелік қамтамасыз ету жеткіліксіз түрде жүргізіледі.

Күтілетін нәтижелер:

*Жоғарғы сынып оқушылары үшін:*

- Білім беру іс-қимылдана оң позитивті мотивацияны қалыптастыру;
- Кәсіпті саналы тандау;
- Жоғарғы сынып оқушыларының жеке дара қабілеттерін дамыту;
- Білім беру қызметіне қанағаттану;
- Болашақта өзіндік білім алу қажеттілігі.

*Ата-аналар үшін:*

- Жоғарғы сынып оқушыларын оқытуға білім беру тапсырысын саналы қалыптастыру;
- Баланың білім алудына субъектінің қызықтыру позициясын қалыптастыру.

*Педагогикалық ұжым үшін:*

- Жеке дара білім беру іс-қимылдарын ұйымдастыру үшін қолдануға болатын білім беру технологияларын менгеру;
- Оқушымен және оның ата-анасымен жұмыс істеудің жалпы тәсілдерін әзірлеу;
- Педагогтің жеке тұлғасын шығармашылық дамыту және оның идеяларын іске асыру үшін мүмкіндіктерді кеңейту;
- Кәсіптік мотивацияны дамыту.

*Өнерлік білім беру жүйесі үшін:*

Нормативтік-құқықтық құжаттар пакеті:

- толық орта білімнің негізгі білім беру бағдарламасы, тыторлар, психологтар, сынып жетекшілерінің лауазымдық ережелеріндегі өзгерістер, білім беру ұйымдарында жеке дара білім беру қызметін ұйымдастыру жөніндегі ережелер, жоғарғы сыныптарда сабактан тыс іс-қимылдарды ұйымдастыру жөніндегі ережелер, пәннің (курстың) жұмыс бағдарламасы туралы ереже, жеке дара жұмыс жоспары туралы ереже, мектеп оқушыларына білім беру қызметін көрсету туралы әлеуметтік серіктестермен келісім-шарт үлгілері, білім алушылардың ата-аналарымен (занды өкілдерімен) білім беру ұйымдарының өзара келісім-шарты;
- жоғарғы сыныптарда білім алушылардың жеке дара білім алу маршруттарын қалыптастыру және жеке жоспарларын практикалық іске асыру бойынша оқу-әдістемелік ұсынымдар;
- әдістемелік құжаттар, жеке дара білім беру жоспарларын, бағдарламаларын және жеке дара маршруттарды жобалау технологиялары мен әдістемелері.

**Әрбір кезеңің мезгілін, өнімдердің атауларының тізімін көрсете отырып, ұсынымдар жобасын іске асыру жоспары.**

П/П	Міндеттердің аты	Іс-шаралардың атауы	Іске асыру мерзімі	Жобаның күтілетін корытынды нәтижесі
<b>1 КЕЗЕҢ. Ұйымдастыру-жобалық 2018ж.</b>				
.	<u>Ұйымдастыру</u> (жобаны әзірлеу және іске асыру бойынша жоспар жасау, жұмыс тобын құру, 10-сыныптарда психологиялық-педагогикалық косилиум өткізу .	Жобаға қатысушылар арасында міндеттер мен функцияларды бөлісу. Есеп берудің нысандары мен мерзімдері.	2018ж. Қантар	Жоспар-жоба
.	<u>Кадрлық</u> (Мұғалімдер мен оқушыларды жобаны іске асыруға дайындау, жоғарғы оку орындарындағы оқындардың оқуы	Жобаға қатысушыларды бағдарламамен таныстыру және педагогтер мен оқушылардың жобаны іске асыруға дайындығы	Қантар-ақпан 2018	
.	<u>Мазмұнды:</u> Әлеуметтік-экономикалық жағдайларды зерделеу. Оқушылардың жоспарларына диагностика және ата-аналардың тапсырысын анықтау. Диагностиканы талдау. ЖББ жасау бойынша оқушылармен, ата-аналарымен жұмыс жүргізу. Жеке дара білім беру бағдарламасын құру. Жеке дара білім беру бағдарламасын жіне жеке дара білім беру жоспарын орындау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру. ЖББ-ға өзгерістер енгізу.	Тақырып бойынша әдебиетті оқу, тақырыпты бекіту және жобаны іске асыру, жобаның нормативтік-құқықтық құжаттарын әзірлеу	Ақпан-наурыз 2018	Жобаның нормативтік-құқықтық құжаттарының пакеті

	ЖББ бойынша оқытудың алғашқы жылының нәтижелерін анықтау.			
.	Зерттеу проблемасын құру (мақсаттар мен міндеттер)	Әрбір білім беру процесіне қатысуышылардың іс-күмылын қамтамасыз ету, қажет жағдайда тиісті көмек көрсету.	Мамыр 2018	Жоспар-жобаны түпкілікті бекіту
.	Жоғарғы сынып оқушыларының жеке дара білім беру бағдарламаларының моделін құру	«(МЖМБС талаптары негізінде) жоғарғы сынып оқушыларының жеке дара білім алу маршруттарын қалыптастыру және жеке дара жоспарларын іске асыру әдістемесі және практикасы» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел өткізу	Мамыр 2018	Модельді жасау
.	Ақпараттық-техникалық (жобаға қатысуышылардың барлығын қажетті ақпараттық және техникалық базамен қамтамасыз ету, жобаларды орындау үшін техникалық құралдарды таңдалу алу)	Педагогикалық ұжымды даярлау: жұмыс тобының отырысы, «іскерлік ойын» семинары,	Қантар-ақпан 2018	Жобаға қатысуышыларды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету
<b>2 КЕЗЕҢ. Негізгі (жасампаз-турлендіру, жобаны іске асыру) – 2018-19 жылдар</b>				
.	Мастер-класс, семинарлар ұйымдастыру, 10-сыныптарда психологиялық-педагогикалық консилиум, 10-сыныптағы мұғалімдердің кіші педкеңесі, Оқушылар мен ата-аналарды арасында сауалнама жүргізу	Жобаның мақсаттарын және міндеттерін іске асыру. Жобаны жетілдіру және оның мазмұнына қажетті өзгерістер енгізу.	Қантар 2018-желтоқсан 2019	Аралық нәтижелерді алу және оларды жобаның мақсаттары және міндеттерімен салыстыру.
.	Жобаның мазмұнына қажетті өзгерістерді енгізу	Нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру Әдістемелік	Қантар 2018-желтоқсан 2019	

		ұсынымдарды әзірлеу		
.	Модельдермен таныстыру, оқушыларға тиімді білім беруді дамыту модельнің таңдаш алу	Семинар және «Жоғарғы сыйып оқушыларының білім алудың дамыту модельдері» педкеңесі	2018	Үйлестіру жоспарын құру. Оқушылардың білім алударын дамыту модельдерін анықтау
.	Жеке дара білім беру бағдарламаларын, маршруттарын психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету модельнің әзірлеу	Психологиялық-педагогикалық қызметтің отырысы	Қыркүйек 2018-19	ОПК моделі
.	Өзіндік білім алуды және өзіндік тәрбиені ынталандыру	Жеке дара білім беру бағдарламаларын және маршруттарын орындау бойынша балалармен және олардың ата-аналарымен әңгімелесу		Жеке дара білім беру бағдарламалары мен маршруттарын орындау, оларға түзету енгізу

### 3 КЕЗЕҢ. Аналитикалық-жазалылау, қорытындылық - 2019 ж.

.	Жүргізілген жұмыстар туралы есептер әзірлеу	«Жеке дара жоспарларды әзірлеу әдістемесі және іске асыру практикасы және мектептің жоғарғы сыйыптарында білім алудың жеке дара білім алуды маршруттарын қалыптастыру» жобасының қорытындылау және оның орындалуын талдау	Қантар 2019	Жобаның нәтижелерін мектеп сайтында орналастыру
.	Ұсынымдар дайындау, семинарлар, мастер-кластар өткізу			
.	Қорытындылау, келесі оқу жылында жоғарғы сыйып оқушыларын оқытуды үйимдастыру бойынша жұмыс жоспарын талқылау	Әкімшілік кеңес өткізу	маусым 2019	Келесі жылға іс-қимылдар жоспары
.	Оң және теріс жақтарын анықтап білу, келесі жылға перспективаларды анықтап белгілеу	«Жеке дара оқу жоспарлары мен білім беру маршруттары бойынша жұмыстардың қорытындысы»	Мамыр 2019	Проблемаларды шешуде балалар мен ата-аналардың белсенді позициясын

		дөңгелек үстелі		қалыптастыру
.	Ішкі және сыртқы сараптама, нәтижелерді енгізу,	Мектепте осы процесстің мазмұнын жобалаудың барлық қатысушыларымен ұжымдық талқылау және талдау, мектепте осы процессті ұйымдастыру, оны жетілдірудің жолдары мен әдістерін анықтау	қыркүйек 2019	Жобаның нәтижелерін ресімдеу
.	Иновациялық іс-кимылды зерттеу нәтижелерін енгізу	«Жеке дара жоспарларды әзірлеу әдістемесі және іске асыру практикасы және мектептің жоғарғы сыныптарында білім алушылардың жеке дара білім алу маршруттарын қалыптастыру» тақырыбы бойынша семинарлар өткізу	2019	«Жеке дара жоспарларды әзірлеу әдістемесі және іске асыру практикасы және мектептің жоғарғы сыныптарында білім алушылардың жеке дара білім алу маршруттарын қалыптастыру» тақырыбы бойынша семинарлар өткізу

Жоғарғы сынып оқушыларының жеке дара жоспарларды құру және жеке дара білім беру маршруттарын қалыптастыру мектепті бітірушілерге қажетті жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жеке дара білім беру маршруты – бұл оқушылар мен педагогикалық ұжымның өзіндік іске асыруларына көмектесетін технология және ол білімді, әлеуметтік бағытталған, шығармашылыққа бейім, кәсіптік бағдарланған тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған.

### *11-сыныптағы білім алушылардың жеке дара білім алу маршруты Түсініктемелік жазаба.*

Білім алушының жеке дара білім алу бағдарламасы мыналардан:

- жоғарғы сыныптарда оқу мерзіміне арналған базалық пәндер, әртүрлі деңгейдегі элективтік курстар, бейінді курстар негізінде тұрғызылған жеке дара оқу жоспарынан;

- таңдау курсары негізінде тұрғызылған жеке дара білім беру маршрутынан;

- ата-аналар, оқушылар және мектеп арасында тұрады.

Әрбір жоғарғы сынып оқушыларына маршруттық парақ толтырылады, онда оқушының оқу нәтижелері және жетістіктері тіркеледі. Маршруттық парақтағы рейтингтің өзгеруіне байланысты әртүрлі пән бойынша құзырет деңгейінің өзгергенін байқауға болады.

Мақсат: білім алушының тұлғалық және кәсіптік өзіндік анықталуы үшін тиісті жағдайлар жасалуы қажет.

### ЖБМ міндеттері:

- ұтқырлы ЖБМ қалыптастыру;
- пәндік бағыт бойынша базалық, бейіндік, элективтік курсардағы оқушылардың іс-қимылдарын үйлестіру;
- ЖБМ бойынша оқушылар үшін заманауи оқыту технологиясын қолдану және оларды сүйемелдеу;
- ЖБМ бойынша оқушылардың даярлық сапасын бағалау қуралы ретінде, олардың жылжу процесін байқау үшін заманауи диагностикалық аспаптарды қолдану;
- Мұғалім мен оқушының біріккен іс-қимылдарын ұйымдастыруға қолдау көрсету қажет.

### ЖБМ-ды іске асырударғы күтілетін нәтижелер:

- оқу пәндерін оқу жоспарында көрсетілген көлемде табысты менгеру;
- кәсіптік өзіндік анықталу;
- ҰБТ табысты тапсыру;
- жоғарғы оқу орнына түсү;
- табысты әлеуметтену, балалармен және үлкен кісілермен ынтымақтастық дағдыларын дамыту болып табылады.

Сабактан тыс пәндік іс-қимыл – ЖБМ бойынша алға жылжу шарттары:

- зияткерлік-шығармашылық марафонға қатысу (қазақ айы);
- әдебиет бойынша аудандық олимпиадаға қатысу (қараша);
- тарих бойынша қашықтықтан шығармашылық конкурсқа қатысу (желтоқсан);
- қоғамтану бойынша жобалық немесе зерттеу жұмысы жасалып ұсынылуы қажет (ақпан – наурыз)

### ЖБМ бағалау мониторингі:

П/П	Нәтиже	Критерийлер	Аспап
	Жеке тұлғалық білім кеңістігін жобалаудағы қалыптасқан құзырет	ЖБМ болуы	Статистика
	Кәсіптік өзіндік анықталу саласындағы қалыптасқан құзырет	Құзыреттің қалыптасусу деңгейінің артуы – мақсаттылық, таңдау, рефлексия.	Квалиметриялық шкалалар - Кәсіптік бағдарлануды анықтау тестілері - Бейіндік бағытқа өзіндік көзқарасты анықтайтын тест. Статистика
	Кәсіптану құзыретінің қалыптасусы	Кәсіп және оның еңбек нарқындағы сұранысы туралы 100% көзқарас	Диагностика
	Оқушының	Сыртқы	Психологиялық

	мотивациясының артуы	мотивациядан ішкі мотивацияға өту	әдістеме
	Үлгерім, білім сапасының позитивтік динамикасы	Оқудағы 100% үлгерім	Емтихандар, қортытынды аттестаттау
	Конкурстарға, олимпиадаларға қатысу	Шығармашылық, зерттеу жұмыстарын орындау	Статистика
	Конкурстар мен олимпиадалардағы женістер	Конкурстар мен олимпиадалардағы жүлделі орындар.	Статистика
	Социумдағы табыстылық	Әлеуметтік практикаларға қатысу.	Статистика

Мектеп директоры:\_\_\_\_\_

Ата-аналар:\_\_\_\_\_

Окүшы:\_\_\_\_\_

Жеке дара білім беру маршруты – нақты оқушыны оқытуға бағытталған білім беру бағдарламасы, ол оқушының жеке бастық қасиеттерін дамытуға бағытталады. Балалардың қосымша білім жүйесінде жеке дара білім беру маршрутын қолдану оқушылардың тұлғалық және кәсіптік өзіндік анықталуын педагогикалық қолдаудың нысандарының бірі болып табылады [11].

Жеңе дара білім беру маршрутын таңдап алу мынадай факторлар кешеніне:

- қажетті білімге қол жеткізу үшін баланың өзінің және оның ата-аналарының ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына және қажеттіліктеріне;
- дарынды баланың білімге деген қажеттілігін қанағаттандыру мүмкіндігіне;
- ресурстық мүмкіндіктерге байланысты.

Жеке дара білім беру маршрутын таңдау үш бағытта іске асырылады:

- 1) әрі қарай білім алу жолдарын ойлану (Кім боламын? Қалай боламын?).
- 2) пән бойынша функционалдық сауаттылықты арттыру.
- 3) таңдалған іс-қимыл саласында жетілу.

*11 А сынып оқушысы Александра Ю. Жеке дара білім алу маршруты*

Жеке дара білім беру маршрутын әзірлеудің өзектілігі

Осы жеке дара білім беру маршрутын тұрғызу негізінде қажетті білім нәтижесіне қол жеткізудегі оқушының және оның ата-анасының қызығушылықтары мен қажеттіліктері; оқушының өзіндік анықталуы, диагностика деректері жатады.

Диагностика бойынша Александрдың мынадай көрсеткіштері анықталды:

1. География пәнін оқуға ерекше қызығушылығы анықталды (оқылатын пәнге қызығушылық, осы салада көп білуге тырысу).

2. Белгілі бір білім нәтижесіне қол жеткізудегі білім алушының, оның ата-анасының ерекшеліктері, қызығушылықтары және қажеттіліктері.

3. Болашақ кәсіпті таңдауда оқушының өзіндік анықталуы.

Сабактар клуб шенберінде де, жеке жұмыс шенберінде де жүргізіледі.

Жеке дара білім беру маршруты

1 оқу жылы

1. Тегі, аты: Александр Ю.

2. Жасы: 17 жыл

3. «Жас географ» клуб бірлестігіндегі оқу жылы: 1 жыл

4. Тұлғалық сапаларының мінездемесі: құмарлық, тұрақты, мақсатқа ұмтылғыш, географиямен шұғылданады, сөйлеуі сауатты, ойда сақтауы жақсы, аналитикалық ойлауға қабілетті, талдай, қорытындылай, салыстыра, қорытынды жасай біледі. Сурет салумен, оқумен айналысады. Компьютерді өте жақсы біледі, әртүрлі бағдарламалармен жұмыс істей біледі.

Мақсат: білім алушының өзін көрсете білуіне, әлеуметтенуін көрсете білуіне жағдайлар жасау, география бойынша әртүрлі деңгейдегі олимпиадаларда оның зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін іске асырудың мүмкіндігін көңейту болып табылады.

Міндеттер:

1) олимпиадалар мен ҰБТ-ға табысты дайындалуы үшін тиісті жағдайлар жасау;

2) горизонталь және вертикаль байыту принциптеріне негізделе отырып, мектептегі география курсының негізгі тараулары бойынша терендетіп оқыту және білімді көңейту үшін көмек көрсету, алған білімдерді жүйелеу;

3) әртүрлі деңгейлердегі олимпиадаларда жақсы көрсеткіштерге қол жеткізуге көмектесу;

4) әрі қарай аналитикалық ойлауды, салыстыра білуді, жалпылауды, зерделенген материалдарды жүйелеуді, қорытынды жасай білуді дамытуға көмектесу;

5) Географияға байланысты кәсіптік таңдауға көмектесу;

6) өзіндік бақылау және өзіндік бағалау дағыларын дамытуға қолғабыс тигізу.

Күтілетін нәтижелер:

1) мотивациялық салаға әсер ету алынған білімнің көпасспектілі құндылықтарды сезінуге мүмкіндік береді;

2) тұлғалық дамудағы оң өзгерістер, бұл өзгерістер тек қана география бойынша ғана емес, сонымен қатар барлық оқу іс-қимылы түрлерінде байқалатын болады;

3) әртүрлі деңгейлердегі олимпиадалардағы жеңістер;

4) оқушының ішкі әлемінің байытылуы; ақпараттық қогамда тұлектер үшін қажетті бірнеше танушылық және шығармашылық қасиеттер:

- себеп-салдар байланысын анықтау;

- мәселелерді шешудің жаңа стандарттық емес тәсілдерін табу;

- сынни ойлау;

- ойдың зеректілігі;
- жағанды ашуға, оны зерделеуге үмтүлу;
- әркелкі идеяларды импровизациялауға және түсінуге қызығушылық;

5) таңдалған алғынған пәнді ҰБТ түрінде өткізілетін мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан табысты өту және келешекте жоғарғы оқу орындарына түсү үшін қажетті көлемде оқу;

6) таңдалған шешімнің дұрыстығын өзіндік бақылау, өзіндік бағалау, ол шешімнің дұрыстығына жауапкершілікті арттыру жоспары барысында қалыптасады және дамиды.

Іске асыру мерзімі - 1жыл (2018-2019 оқу жылы).

Ю.Александрың жеке дара білім алу маршрутының мазмұны  
«Жас географ» клубының авторлық білім беру бағдарламасының жеке  
дара білім беру маршрутының оқу-тақырыптық жоспары

1 оқу жылы

№ п/п	Зерделетін тақырып	Сағат саны	Теориялық сағат саны	Практикалық сағат саны	Экскурсиялар (сағат)
1.	Кіріспе сабак.	1	1		
2.	Жер Планетасы	7	3	4	
3.	Материктер және әлемнің бөліктегі	8	4	4	
4.	Қазақстан әлем картасында	8	4	4	
5.	Әлемнің экономикалық – географиялық сипаттамасы. Әлемдегі елдер	8	4	4	
6.	Қарағанды облысының географиясы	4	2	1	1
7.	Экология әлемі	4	2	1	1
8.	Шығармашылық тренинг. Аса күрделі олимпиадалық есептерді шығару, проблемалық ситуацияларды, қызықты сұрақтарды, кроссвордтарды шешу	10		10	
9.	Олимпиаданың	20		20	

	мектептегі, өнірдегі, республикалық кезеңдеріне, қашықтықтан олимпиадаға қатысу				
	Барлығы	70	20	48	2

Нәтижелерді шығару нысандары

- Оқушылардың республикалық олимпиадасының мектептегі кезеңі;
- Оқушылардың республикалық олимпиадасының өнірдегі кезеңі;
- Республикалық «мен – энциклопедия» қашықтықтан қатысу олимпиадасы;
- «Зияткерлік марафон» ашық қашықтықтан қатысу олимпиадасы;
- Республикалық олимпиада «Білім беру. Даму. Шығармашылық»;
- ҚарМУ-да география пәнінен өніраалық олимпиада;
- Республикалық географиялық диктант.

### Жеке дара білім беру маршрутының схемасы

(Александр Ю.)

1. МЕН КІММІН? МЕН ҚАНДАЙМЫИН? (Менің өзім туралы көзқарасым)	
Сынып	11
Тұылған уақыты	17.06.1999
Любимое занятие в свободное время	Мәтін оқу
Менің сүйікті оқытын пәнім	География
Менің оқу жетістіктерім	Әртүрлі конкурстар мен олимпиадалардағы жеңістерім
Менің жеке тұлғалық жетістіктерім	Өзімді-өзім жетілдіру, әртүрлі дағдылар мен қабілеттерді дамыту
Менің қызығушылықтарым	Оқу процесі, сурет салу, музика арқылы әлемді тану
Нені жақсы істей аламын	Сурет салу, ән салу
2. МЕНИҢ МАҚСАТТАРЫМ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРИМ	
2.1.Менің перспективалық өмірлік мақсаттарым	Географ/Картограф болғым келеді
А) Кім болғым келеді, қандай кәсіпті менгегім келеді	
Б) Қандай болғым келеді (қоғам мүшесі, енбеккөр, азамат, отбасылық ретінде оқушы қандай сапасының болғанын қалайды)	Сенімді, білімді, жауапты болу
2.2.Жақын аралық мақсаттар, міндеттер, дамытуы қажет:	Өзімнің кәсіптік бейімділігін
А) Өзім туралы нені білгім келеді (өзін-өзі тану мәселелерін)	
Б) Оқытудағы міндеттер: -Қай пән арқылы өзімнің жетістіктерімді	География, математика, орыс тілі, қоғамтану салаларындағы өзінің

көретуге болады -Қандай қосымша білім салаларын зерделеу қажет -Қандай оку білігі мен дағдыларды дамыту қажет	білімінарттыру қажет
B) Практикалық іс-қимылдағы міндеттер	Емтиханды табысты тапсыру
<b>3. МЕНИҢ ЖОСПАРЛАРЫМ</b>	
3.1. Жоғарғы сыныптардағы болжамалы білім (бейін) бағыттары	Географиялық
3.2. Мектепті бітіргеннен кейінгі кәсіптік білімнің жоспарланған деңгейі	Жоғарғы білім
3.3. Мені қызықтыратын кәсіп	Географ/Картограф
3.4. Мектепті бітіргеннен кейінгі жорамалданған білім беру мекемесі	КарМУ
<b>4. МЕНИҢ ИС-ҚИМЫЛЫМНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ</b>	
4.1. өз мүмкіндіктерім мен қабілеттерімді өзіндік танып білу: A) Неден (қандай салада өзімді сынаимын)	Жаңа шығармашылық турлерінде
B) Кіммен, қай жерде консультация өткіземін	Мұғалімдермен және ата-аналармен
B) Кеңес алу үшін кімге жүгінемін	Мұғалімдерге және ата-аналарга
4.2. Оқу A) Қай пәнде окуға көп зейін қою қажет	Географияны, математиканы, орыс тілін, қоғамтануды
B) Қай пәндерді терендептеген деңгейде оқу қажет	Географияны, математиканы, орыс тілін, қоғамтануды
B) Қай элективтік курстарға бару қажет	Географияға, математикаға, орыс тіліне, қоғамтануға
4.3. Қосымша білім беру A) Мектепте қандай қосымша сабактарға қатысамын	"Жас географ" клубына, факультативтік және элективтік курстарға
B) Қандай қосымша әдебиеттерді оқымын	Оқу құралдарын және интернет-сайттарды
B) Қандай жобаларға қатысамын	Олимпиадаларға, желілік жобаларға
Г) Қандай олимпиадаларға және конкурстарға қатысатын боламын	Оқушылардың республикалық олимпиадасына
4.4. Қоғамдық іс-қимылдарға қатысу A) Сыныпта қандай істерді үйимдастырамын	Сыныптағы өзіндік басқару
B) Мектепте қандай істерді үйимдастырамын	Сыныптардың мәселелерін бірігіп шешу
B) Мектепте және сынныпта қандай істерге қатысамын	Шығармашылық іс-қимылдарға
4.5. Менің өмірлік жоспарларымды іске асыру үшін қандай қажсетті қасиеттерімді дамытамын: A) Сыныптағы сабактарда	Мұғалімнен шыққан ақпаратты мұқият тындау және бойға сіңіру қажет
B) Сабактан тыс уақытта	Өзіндік білім алумен айналысу қажет
B) Отбасыда	Үлкендердің тәжірибесін зерделеу

	қажет
Г) Оқушылармен сөйлескенде	Оқытудың басқа тәсілдері мен әдістерін зерделеу қажет
4.6. Кім маган немен көмектеседі	
А) Мұғалімдер	Түсініксіздер мен жаңаларды түсіндіру
Б) Ата-аналар	Өз тәжірибесімен бөлісу
В) Сынып жетекшісі	Қажетті бағытқа бағыттау
Г) Мамандар	Терендептілген білімдер

### *Александрың география туралы ойлары*

Жас кезімнен бастап, маған атластар мен карталарда қарау ұнайтын, мен өзімнің маршрутымды өзім қалаң, сол маршруттармен өзімді саяхатшы ретінде сезінетінмін. Географиямен мен алғаш рет бастауыш мектепте қоршаған орта туралы сабактарда таныстым. Мен берілген материалдарды құлшына орындастынмын, белсенділік көрсететінмін, сабактарда әртүрлі хабарламалар және баяндамалар жасайтынмын. Географияны жеке мектеп пәні ретінде алғаш рет мен 6-сыныпта оқи бастадым. Бәрінен де маған атластармен жұмыс істеу, картаны мұқият зерделеу және әрине, практикалық жұмыстар орындау ұнайтын. Алған өте жақсы бағалар менің бұл пәнді одан әрі оқуға жетелейтін. Жыл сайын география пәні бойыншамен әртүрлі олимпиадаларға қатысатын болдым, сондағы жоғарғы көрсеткіштер менің дұрыс жолда екеніме көзімді жеткізетін. Қазір мен 11-сыныпта оқимын, өзімнің бұдан әрі қай бағытта оқуымды жалғастыратынным туралы менде ешқандай күдік жоқ.

## **2.4. Педагогтің жеке дара білім беру маршруты**

Оқушының білім жолындағы жеке бағыты педагогпен бірлескен шығармашылығының нәтижесі және баланың жеке тұлға ретіндегі жетістіктерін қалыптастыру құралы болып табылады. Мұнда жобалау субъектісі мұғалім болып табылады. Осындай дефинициялардың мысалдары оқушының қызығушылығын туғызатын пәнді таңдау және дамуға ықпал ету, оқудың белгілі бір кезеңіндегі оқушының іс-әрекеттерінің құрылымдық бағдарламасы, білім беру бағытын жүргізу дің негізгі құралы болып есептелетін жеке оқу жоспары және т.б. сияқты болып табылады. Сондай-ақ, оқушылардың оқу мотивациясын дамыту мұғалімнен тек қана көп уақыт бөлуді емес, ең алдымен, шығармашылық ізденіс пен педагогикалық шеберлікті талап етеді. Мұғалімнің кәсіби даму технологиясының бірі - бұл қазіргі заманғы мұғалімнің кәсіби және шығармашыл тұлға болып қалыптасадағы, жоғары деңгейдегі құзыреттілік жолындағы жеке бағыты. Бұдан шығатыны, біз бұл жұмыста педагогтың білім жолындағы бағытына тоқталуды орынды деп санаймыз.

«Педагогтің жеке дара білім беру маршруты дегеніміз не?»

*Жеке дара білім беру маршруты* – бұл жұмыстың белгілі бір белгіленген кезеңінде педагогтің іс-қимылының құрылымдалған бағдарламасы; бұл педагогтің білім беру саласындағы ресімделген және реттелген педагогикалық технологиялар және педагогикалық іс-қимылды іске асыруға дайындығы арқылы алға жылжу ой-жоспары болып табылады.

Жеке дара білім беру маршруты – бұл жеке тұлғалық басқалардан ерекше белгілерімен сипатталатын алға жылжу жолы, ол жол әдістемелік алып жүру арқылы педагогтің жеке кәсіптік дамуының бағдарламасын жасауды және іске асыруды қамтамасыз ететін дифференциалданған мақсатты жобаланған білім беру бағдарламасы болып табылады [19].

Жеке дара білім беру маршруты құру нысаны ретінде педагогтің шеберлігін арттырудың негізі мыналар:

- білім беру саласындағы болып жатқан өзгерістер;
- білім беру процесіне қатысушылардың сұраныстары мен қажеттіліктері болып табылады.

Жеке дара білім беру маршруттарының негізін қалаушы момент ретінде бір жағынан, педагогтің мотивациялық сферасы, ал екінші жағынан кәсіпкер ретінде жеке дара білім беру қажеттілігі жатады. Сонымен, педагог өзінің кәсіптік дамуының субъектісі болып табылады.

Жеке дара білім беру маршруттының *мазмұнды жағын* тек нақты маман үшін ғана өзекті емес, сонымен қатар кәсіптік білім беруді дамыту басымдықтарын анықтайтын білім беру саласындағы педагогикалық қауымдастыққа, өнірлерге де өзекті мәселе болып табылатын кәсіптік мәселелерді шешу құрайды.

Ұйымдастыру контекстінде жеке дара білім беру маршруты үш бір-бірімен байланысты мынадай: кәсіптік өзіндік білім алу, кәсіптік қауымдастықтағы педагогтің іс-қимылы, білім берудегі педагогтің әдістемелік жұмыстарға қатысуы жазықтықтарында іске асырылады.

- Педагогтің өзіндік білім алуы заманауи ғылыми және әдістемелік жұмыстарды, инновациялық тәжірибелерді, оның ішінде өнірлік тәжірибелерді, біліктілікті көтеру курсарынан өтуді зерделеуден тұрады.

- *Педагогтің кәсіптік қауымдастықтағы іс-қимылы* білім беру үйымының деңгейінде немесе өнірлік деңгейде кәсіптік қауымдастыққа жетекшілік етуден немесе оның жұмысына қатысадан (әдістемелік бірлестіктер, шығармашылық, жұмыс және проблемалық топтардағы) тұрады.

- Білім беру үйымы деңгейінде әдістемелі жұмыстарға қатысу корпоративтік оқуды көздейді. Ол білім беру үйымының барлық мүшелері немесе педагогтердің бір адрестік тобы қатысатын әдістемелік жұмыстардың дәстүрлі және интерактивтік нысандарында өткізуі көздейді.

Сонымен қатар, өзіндік білім берудің әдістемелік тақырыбын әзірлеу шенберінде педагогтің жеке дара әдістемелік жұмысы үйымдастырылады.

Жеке дара білім беру маршруттын тандау мынадай кешенді *факторлар*:

- ✓ қажетті білім беру нәтижесіне қол жеткізуде педагогтің өзінің, оқушылардың және ата-аналардың ерекшеліктері, қызығушылықтары және қажеттіліктері;
- ✓ педагогикалық ұжымның кәсіпкерлігі;
- ✓ оқушылардың білім алу қажеттіліктерін мекеменің қанағаттандыра алу мүмкіндіктері;
- ✓ мекеменің материалдық-техникалық базасының мүмкіндіктері арқылы анықталады.

✓ Жеке дара білім беру маршруттын әзірлеу тиімділігі бірнеше *мынадай шарттармен* анықталады:

- ✓ педагогикалық процесске қатысушылардың барлығы өзін-өзі анықтау, білім беру мазмұныны, нысанын, режимін, деңгейін дұрыс тандауды тексерудің тәсілдерінің бірі ретінде жеке дара білім беру маршрутының қажеттілігі мен маңыздылығын түсінулері қажет;
- ✓ өзінің жеке білім алу маршруттын жобалау процессине педагогтердің тұрақты қызығушылықтарын қалыптастыру бойынша мақсатты іс-қимылдар жүргізу;
- ✓ білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдауды және жеке дара білім беру маршруттын әзірлеу процессин ақпараттық қолдауды жүргізу;
- ✓ педагогтерді жеке дара білім беру маршруттын әзірлеу жөніндегі жұмыстарға тарту (білім беруге тапсырма беруші ретінде және білім алу жолдарын тандаушы субъект ретінде);
- ✓ жеке дара білім беру маршруттын өзгертудің негізі ретінде рефлексия ұйымдастыру.

Педагог ЖБМ-ы әзірлеудің алгоритмі мыналарды:

*1-ши кезең. Кәсіптік шеберліктердің диагностикасы, педагогтің өзіндік анықталуы және өзіндік диагностиканы,*

*2-ши кезең. Алынған нәтижелер бойынша ЖБМ құру, былайша айтқанда, жеке дара білім беру маршруттын жобалауды,*

*3-ши кезең. Жеке дара білім беру маршруттын іске асыруды,*

*4-ши кезең. ЖБМ тиімділігін рефлекстік талдауды, нақты айтқанда, өзінің кәсіптік қызығушылығын арттыру бойынша педагогтің іс-қимылышын тиімділігін бағалау және өзіндік бағалауды қамтиды.*

*1-ши кезең.* Диагностика және өзіндік диагностиканың алдында педагогтің кәсіптік қызығушылығы және кәсіптік қындықтарын, оның кәсіптік іс-қимылышын түрі анықталуы тиіс.

*2-ши кезең.* Алынған нәтижелер бойынша ЖБМ тұрғызу.

Осы кезенде кәсіптік даму мәселелерін іске асыру бойынша нақты қадамдарды әзірлеу және оларды жеке дара білім беру маршруттарының картасында белгілеу қажет.

Кәсіптік қызығушылықтарды дамыту және кәсіптік қындықтарды жену мәселелерін шешу жолдарын анықтауды, кәсіптік даму контекстінде педагогтің іс-қимылышын мазмұнын анықтауды, мақсатты іске асыру бойынша өз іс-қимылдарын жоспарлауды, *күтілетін нәтижелерді*

*анықтауды*, өз жетістіктерін жеке дара білім беру маршруты картасында белглеу қажет.

Нәтижелерге қол жеткізу шарттарын:

- 1) біліктілікті арттыру курсын;
- 2) семинарлар мен ашық іс-шараларға қатысады;
- 3) педагог-шеберлердің жұмыс тәжірибесін зерделеуді;
- 4) интернет-ресурстарды талдауды;
- 5) білім беру ұйымдары, облыстық әдістемелік бірлестіктер деңгейінде әдіскерлердің консультацияларын;
- 6) Экспериментті инновациялық іс-қимылға, проблемалық, жұмыс, шығармашылық топтарға қатысады;
- 7) тәлімгерлікті;
- 8) психологиялық тренингтерге және т.б. қатысадынықтау қажет.

Әрбір оқу жылына қадамдық жоспарлау арқылы аттестаттау кезеңдерінің аралығында жеке дара білім беру маршрутын құру әсіресе тиімді болып табылады.

*3-ши кезең*. Жеке дара білім беру маршрутын іске асыру құрылған жоспар бойынша педагогикалық мынадай іс-қимылдарды:

- 1) әрбір оқу жылы аралық нәтижелерді міндettі талдау, жалпылау, және жүйелеу;
- 2) есеп беру, оның деректерін білім беру ұйымының педагогикалық қауымдастығына беру және сонда талқылау;
- 3) білім беру ұйымының деңгейінде, өнір деңгейлерінде педагогикалық нәтижелерді трансляциялау туралы алқалық шешім қабылдау;
- 4) қажет болған жағдайда педагог кәсіптік рефлексия негізінде жеке дара білім беру маршрутының картасына өзгерістер енгізуін атқару болып табылады.

*4-ши кезең*. Өзінің кәсіптік құзыреттілігін арттыру бойынша педагогтің іс-қимылының тиімділігін бағалау және өзіндік бағалау.

Бағалау үшін сарапшылар: әріпtes-педагогтер, білім беру ұйымдарының басшылары, әлеуметтік серіктестер, ата-аналар тартылады. Педагогтің өз іс-қимылын өзіндік талдауы маңызды болып саналады.

*Педагогтің кәсіптік дамуының жеке дара маршрутының құрылымы*  
*Титулдық нарақ*

Білім беру ұйымының аты

ИОМП

Педагогтің аты-жөні:

Қала, аудан

*ЖБМ авторы туралы ақпараттық жазба*

Аты-жөні.

Лауазымы:

Білімі:

Аттестаттаудан өткен мерзімі:

Біліктілік категориясы:

Біліктілігін көтеру курсынан өткен мерзімі

Педагогикалық стаж:

*Түсіндірмелік жазба (ситуацияны талдау, проблеманы анықтау)*

- Мектептің әдістемелік тақырыбы
- Жұмыс тақырыбы
- Өзіндік білім алудың жеке тақырыбы
- Мақсат
- Міндеттер
- Өзіндік білім алу нысаны
- Жорымал нәтиже (мұғалім үшін, білім алушы үшін)
- Проблеманы шешу жұмысының мерзімі
- Атқарылған жұмыстың есебінің нысаны

Тақырыпты таңдағанда оның өзектілігін және маңыздылығын, оның ғылыми-теориялық және практикалық маңыздылығын, бұл тақырыптың әдебиетте қаралу деңгейін, таңдап алынған тақырыптың мектептің бірыңғай әдістемелік тақырыбына және әдістемелік бірлестіктің тақырыбына сәйкестігін ескеру қажет.

Маршрутты іске асыру мерзімі бір жылдан бес жылға дейін болуы мүмкін, ол анықталған қыындықтарға, білім беру үйіміндағы нақты ситуацияға және жергілікті мәселелерге (мысалы, аттестаттауға дайындық немесе нақты білім беру жолын іске асыруға) байланысты.

*Педагогтің өзіндік білім алу нысаны*

Педагогтің өзі анықтаған жеке даралық нысан. Әдістемелік бірлестік, семинар, практикумдар, біліктілік көтеру курсы сияқты топтық нысан.

#### ЖБМ матрицасы

Жұмыс бағыты	Тақырып бойынша жұмыс процессіндегі іс-қимылдар, іс-шаралар	Мерзімдері	Өз жұмысының нәтижесін көрсететін нысан	Қайда, қашан, кім тыңдайды	Атқарылған жұмыстың нәтижелер. Орындаудың белгілері.
--------------	---	------------	---	----------------------------	--

Жеке дара білім беру маршруттарында іс-қимылдың мынадай бағыттары көрсетіледі:

- Кәсіптік (оқу пәні)
- психологиялық-педагогикалық (оқушылар мен ата-аналарға бағытталған)

• әдістемелік (педагогикалық технологиялар, нысандар, оқыту әдістері мен тәсілдері)

- ақпараттық-компьютерлік технологиялар
- денсаулық

Әрбір бағыт неден тұрады?

Кәсіптік:

- ✓ Жана стандарттарды зерделеу, олардың ерекшеліктерін анықтау.
- ✓ Жаңа ЖБМ-ды және оқулықтарды зерделеу, олардың ерекшеліктері мен талаптарын анықтау.
- ✓ МЖМБС талаптарына сәйкес өз пәндері бойынша жұмыс бағдарламаларын әзірлеу.

✓ Пәндік баспалар және интернет арқылы жаңа педагогикалық технологиялармен танысу.

- ✓ Курстарда жоспарлы біліктілікті арттыру.
- ✓ Жоспарлы аттестаттау.
- ✓ Кәсіптік жарияланымдар.
- ✓ Кәсіптік шеберлік конкурсына қатысу.

Психологиялық-педагогикалық:

✓ Әдістемелік, педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді зерделеу және жүйелеу.

✓ Педагогикалық біліктілікті арттыру, оқытудың инновациялық технологияларына байланысты өз жұмысының мазмұнын қайта қарастыру.

Әдістемелік:

✓ Кәсіптік іс-қимылды өзіндік талдаудан уақтылы өткізіп тұру.

✓ Өзінің сабакты жүргізуінде жақсы нысандарына, сабак барысындағы жаңа тәсілдерге, сабактан тыс іс-шаралар сценарийіне сүйене отырып, ОӘК әзірлеу.

✓ Сабакты өзіндік талдау құрылымын жетілдіру.

✓ Білім алушылардың білімін бағалаудың жаңа нысандарын оқу процесіне енгізу.

✓ Әртүрлі деңгейлердегі ашық сабактар арқылы жұмы тәжірибесін көрсету.

✓ Олимпиадаларға, конкурстарға, вебинарларға қатысу.

✓ Семинарларға қатысу. Әдістемелік бірлестіктерде, педкеңестерде, конференцияларда әріптестер алдында сөз сөйлей білу.

✓ Өз тәжірибесін жалпылау және тарату.

Ақпараттық-компьютерлік технологиялар:

✓ АКТ-ды зерделеу және оларды оқу процесіне енгізу.

✓ Компьютерде жұмыс істей білу дағдыларын жетілдіру.

✓ Өз сайтын жасау, оны толықтыру.

✓ Өз әріптестерімен контакт орнату үшін электрондық пошта әзірлеу.

- ✓ Жаңа компьютерлік бағдарламаларды және ОТҚ менгеру.
- ✓ Оқытушы, сынып жетекшісі ретінде жұмыс туралы мультимедиялық презентация әзірлеу.

Денсаулық сақтау технологиялары

- ✓ Білім беру процесіне денсаулық сақтау технологияларын енгізу.
- ✓ Әрбір бағыт бойынша көрсеткіштерді, іс-қимыл түрлерін және орындау мерзімдерін анықтау.

Нәтиже ретінде педагогикалық өнімдер: Оқу сабактарының сериясы. Жұмыс бағдарламалары. Жарияланымдар. Әдістемелік өнімдер (буллет, листовкалар, брошюралар, ОЭК). Портфолио. Шығармашылық есеп. Мастер-класс. Оқытушының сайты. Баяндама. Шығармашылық шеберхана. Педагогикалық жоба. Семинар өткізу. Инновациялық іс-қимылдың нәтижелері туралы есеп. Конкурстар, олимпиадалар, жарыстар және т.б. нәтижелері. Анықталған проблема бойынша жұмыс істеу тәжірибесін презентациялау.

Күтілетін ЖБМ нәтижелері:

- білім беру үйымдарының педагогтерінің кәсіптік құзыреттіліктерін арттыру;
- білім беру үйымдары педагогтерінің іс-қимылдарының сапалық көрсеткіштерінің оң өзгеруі, іс-қимыл нәтижелері бойынша педагогтердің жауапкершіліктері деңгейлерін арттыру;
- оқыту мазмұнын жетілдіру: оқыту мен тәрбиелеудің заманауи нысандарын, әдістерін, білім алушылардың қабілеттерін дамытуға оң әсер ететін, олардың білім деңгейлерін арттыратын инновациялық технологияларды енгізу;
- әзірленген және жарияланған әдістемелік құралдар, мақалалар, бағдарламалар, сценарийлер және т.б.,
- дидактикалық материалдарды, тестілерді, көрнекі құралдарды әзірлеу;
- ашық сабактарды әзірлеу және өткізу;
- семинарлар, конференциялар, мастер-класты өткізу және оларға қатысу;
- Зерттелетін проблема бойынша тәжірибелі жалпылау.

*Кестені жасау мысалы*

Жұмыс бағыты	Тақырып бойынша жұмыс процесінде атқарылған іс-қимылдар мен іс-шаралар	Мерзімдері	Өз жұмысының нәтижелерін көрсету нысаны	Қайда, қашан, кім тыңдайды	Істелген жұмыстың нәтижелері . Орындалғаны туралы белгі.
--------------	--	------------	---	----------------------------	--

Кәсіптік	1. Жаңа білім беру стандарттарын зерделеу. 2. МЖМБС-на сәйкес пәндер бойынша жұмыс бағдарламаларын жасау.	Жыл бойы қыркүйек	Тәжірибе алмасу Жұмыс бағдарламалары	ӘБ отырысы ӘБ жетекшісі, завуч, метеп директорының бекітуі	Откізілген сабактардың сапасын арттыру
----------	--	----------------------	---	---	--

Ағымдағы жылғы ЖБМ-ды іске асыру нәтижелерін көрсететін бағаналарда белгіленеді:

- нақты педагогикалық өнім ретінде іс-қимылдардың әрбір бағыты бойынша педагогтің жетістіктері (мереке сценарийі, педагогика диагностикасының пакеті, әдістемелік ұсынымдар, консультациялар, мақалалар, сабак әзірлемелері және т.б.);
- қол жеткізілген нәтижелерге субъективтік көзқарас (өзіндік талдау, шығармашылық есеп, өзіндік презентация сияқты іс-қимылдың әрбір бағыттары бойынша жетістіктер мен қол жеткен нәтижелерге рефлексия);
- алынған жетістіктердің презентациясының нысандары, оның ішінде орны мен уақыты көрсетілген жоспарланған презентациялар.

*Мүмкін болатын тәуекелдер:*

- ✓ үздіксіз кәсіптік білім беру үшін педагогтердің ішкі мотивациясының жоқтығы;
- ✓ кәсіптік және әдістемелік құзыреттілікті арттыру және білім беру процессін жетілдіру бойынша көптеген педагогтердің өзіндік бағалауды жоғарылатуы;
- ✓ білім беру сапасын арттыруға ұмтылатын педагогтердің толыққанды қызықтыру жүйесінің жоқтығы.

Жоғарыда аталған тәуекелдерді азайту үшін педагогтердің кәсіптік сапаларын жетілдіру барысында мекеме әкімшілігі әдістемелік мониторинг барысында алынған ақпаратқа сүйенуіне болады.

Диагностика барысында көптеген проблемалар анықталады және педагогтің жеке дара білім алу маршруты қалыптасады. Мониторингтік зерттеулер педагогтердің жеке дара сұраныстарын іске асыруға негізделген әдістемелік ілеспені қолданады.

Әрбір оқу жылының соңында педагогикалық іс-қимылға талдау жасалады, оның барысында алынған нәтижелер мен мақсат, міндеттер салыстырылады, соның негізінде келесі жылғы педагогтің жнке дара білім алу маршрутына тиісті өзгерістер енгізіледі.

*Оқытушы Никулина Раиса Ивановнаның жеке дара білім алу маршруты*

Астана, 2018 ж.

ЖБМ авторы туралы ақпараттық анықтама

Оқытушының

аты-жөні: \_\_\_\_\_

Білімі: \_\_\_\_\_

Педагогикалық

стажы: \_\_\_\_\_

Аттестаттаудан

өту мерзімі: \_\_\_\_\_

Біліктілік

категориясы: \_\_\_\_\_

Кейінгі 3 жылдағы біліктілікті

арттыру курстары: \_\_\_\_\_

Білім беру үйімінің әдістемелік

тақырыбы \_\_\_\_\_

Өзіндік білім алу

тақырыбы: \_\_\_\_\_

Мақсат: өзінің кәсіптік деңгейін жүйелі арттыру.

*Жеке дара білім алу маршрутының картасы*

Іске асыру мерзімі: 2018-2019 оқу жылы

Жұмыс кезеңі: даярлық

Кезеңнің мақсаты: \_\_\_\_\_

Кезеңнің міндеті: \_\_\_\_\_

Іс-шаралар деңгейлері	Нәтижелерді көрсету нысандары	Педагогикалық өнімдер нәтижелер ретінде	Құжаттың шығыстық деректері (отырыстардың хаттамалары, фотоесеп, Интернет-ресурсқа сілтеме жасау және т.б.)
Кәсіптік (сабак беру пәні)			
Психологиялық-педагогикалық (оқушылар мен ата-аналарға бағытталған)			
Әдістемелік (педагогикалық технологиялар, нысандар, оқытудың әдістері мен тәсілдері)			
Ақпараттық-компьютерлік технологиялар			
Денсаулық сақтау технологиялары			

Жинақталған материалдар негізінде оқу жылының аяғында педагогикалық іс-қимылдарды талдау жүргізіледі, алынған нәтижелердің

қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі анықталады, соның арқасында келесі оқу жылының жеке дара білім алу маршрутына тиісті өзгерістер енгізіледі.

*Педагогтің жеке дара білім алу маршрутының «жол картларын» жасау бойынша әдістемелік ұсынымдар.*

«Жол картасы» – жобаны іске асыру шенберінде шешімдер қабылдайтын жобаға қатысушылардың өзара табысты қарым-қатынасына және оларды табысты бағыттауға арналған жол көрсетуші. «Жол картасы» белгіленген бастапқы және соңғы межелерді (мақсат/нәтижелер) біле отырып, жүру жолының тиімді маршрутын таңдап алуға мүмкінді к береді.

«Жол картасы» әзірлеуде қатаң құрылымдалған «Мақсат – диагностика – жоспарлау – іске асыру - жетілдіру» тәсілін қолдану қажет, оны қолдану қабылданған шешімдерді орындауды жоспарлаудың және бақылаудың тиімділігін түбекейлі арттыруға мүмкіндік береді «Жол картасы» жоғарғы – көрудің стратегиялық деңгейі болып табылады, ол нақты жобаның мақсатына қол жеткізу бойынша нақты қадамдар түрінде операциялық деңгейге дейін ашылып/тетіктеліп көрсетілуі мүмкін [8].

«Жол картасы» ситуацияны талдау арқылы нақты іс-шаралар жоспарын немесе іс-қимылдар жоспарын әзірлеуге мүмкіндік туғызады. Жобаның мөлдір мониторинг және бақылау жүйесі оның қозғалысын және берілген маршрутқа өз мерзімінде қайта түсуін қамтамасыз етеді.

«Жол картасын» әзірлеу барысында іс-қимылдың мынадай негізгі кезендері қаланады, олардың көпшілігі мынадай:

- іс-шараларды жоспарлау;
- тәуекелдерді бағалау;
- ресурстардың қажеттілігін бағалау;
- іс-шараларды ұйымдастыру;
- адам ресурстарын тарту;
- алдыға міндеттерді қою;
- жауаптыларды тағайындау;
- іс-шараларды орындау барысын бақылау;
- іс-қимылдардың және іс-шаралардың орындалуы туралы есеп беру;

• алынған деректер негізінде нәтижелерді талдау іс-шараларының өзінде көрініс табады.

*Педагогтің жеке дара білім алу маршрутының «жол картасын» түрғызыу*

Педагогтің жеке дара білім алу маршрутының «жол картасы» мақсатты бағытталған жобаланатын дифференциалданған білім беру бағдарламасы болып табылады, ол педагогке таңдау субъектісінің позициясын, өзінің кәсіптік дамуын ғылыми-әдістемелік алып жүруін атқару барысында кәсіптік құзыреттіліктің дамуының жеке дара бағдарламасын әзірлеуді және оны іске асыруды қамтамасыз етед.

Педагогтің жеке дара білім алу маршрутының «жол картасы» нақты педагогтің кәсіптік қажеттілігін мүмкіндігінше толық қамтуы тиіс. Педагогтің жеке дара білім алу маршрутының «жол картасын» жобалаудың алгоритмі мыналардан:

- педагогтің кәсіптік қыншылығының диагностикасынан;
- алынған деректер негізінде жеке дара білім алу маршрутын әзірлеуден;
- маршрутты іске асырудан;
- жеке дара білім алу маршрутының тиімділігін рефлекстік талдаудан тұрады.

Педагогтің жеке дара білім алу маршрутының «жол картасында» педагогтердің кәсіптік құзыреттіліктерін дамыту бойынша мынадай іс-қимылдардың негізгі бағыттарын:

1. үздіксіз кәсіптік білім беру жүйесіндегі біліктіліктерді көтеруді;
2. педагогтің кәсіптік қауымдастықтағы іс-қимылын;
3. әдістемелік жұмысға педагогтің қатысуын;
4. педагогтің өзіндік білім алуын көрсету қажет.

Іс-қимылдың осы бағыттарына сәйкес педагогтің кәсіптік құзыреттілігінің дамуы бойынша мазмұнды, нысандарды және әдістерді анықтау қажет [19].

Үздіксіз кәсіптік білім беру жүйесінде біліктілікті көтеру біліктілікті көтеру курсарында оқу арқылы жүзеге асырылады.

Кәсіптік қауымдастықтағы педагогтің іс-қимылы әдістемелік бірлестіктерді басқару немесе олардың жұмыстарына, шығармашылық эксперименталды топтардың, ассоциациялардың және т.б. жұмыстарына, сонымен қатар өнірлік кәсіптік қағамдастықтардың жұмыстарына қатысу арқылы жүргізіледі.

Әдістемелік жұмысқа қатысу кәсіптік құзыреттіліктің дамуының дәстүрлі нысандары (семинарлар, лекторялар, әдістемелік кенестер, «дөңгелек үстелдер», педагогикалық шеберханалар және т.б.) арқылы да, сонымен қатар оқытудың активті әдістерін (жобалау семинарлары, кәсіптік мәселелерді шешу, іскерлік және рольдік ойындар, дебаттар, дискуссиялар, видеобейнелерді талдау, тренингтер және т.б.) қолданып кәсіптік құзыреттілікті дамыту технологиялары арқылы да іске асырылуы мүмкін.

Педагогтің өзіндік білім алы ғылыми және әдістемелік әдебиеттермен жұмыс істеу, сабактарға өзара қатысу, инновациялық білім беру технологияларын өзіндік меңгеру, зерттеу жұмыстарын жүргізу, жобаларды әзірлеу және т.б. арқылы іске асырылады.

Жеке дара білім алу маршрутымен қозғалу әрбір жарты жылдықта карта бойынша (1 кесте) белгіленеді, онда іс-қимылдың әрбір бағытын іске асыру бойынша нақты не жасалғандығы көрсетіледі.

## Педагогтің жеке дара білім алу маршрутының картасы

1 кесте

Іс-қимыл бағыты	Іс-қимыл мазмұны		Нәтиже педагогикалық өнім ретінде	Субъективтік жетістіктер (нәтижелерге көзқарас)	Жетістіктер ді презентациялау нысандары
	I жарты жылдық	ІІ жарты жылдық			
Үздіксіз кәсіптік білім беру жүйесіндегі біліктіліктерді арттыру					
Педагогикалық қауымдастықтағы педагогтің іс-қимылы					
Әдістемелік жұмыстарға педагогтің қатысуы					
Педагогтің өзіндік білім алуы					

«Жол картасын» іске асыруды бақылауды педагог жұмыс істейтін бағытқа жетекшілік ететін әдіскер атқарады.

Педагогтің жеке дара білім беру маршрутының «жол картасын» іске асырудың тиімділігі педагогтің жеке портфолиосының «жетістіктер» бөлімі үшін негіз болады, сонымен қатар педагог жұмыс істейтін білім беру үйімінің портфолиосында көрініс табады.

### *Күтілетін нәтижелер*

- білім беру үйімдарының педагогтерінің кәсіптік құзыретіліктерін арттыру;
- білім беру үйімдарының педагогикалық қызметкерлерінің іс-қимылдарының сапалық көрсеткіштерінің оң өзгерістері, іс-қимыл нәтижелері бойынша педагогтердің жауапкершіліктері деңгейлерін көтеру;
- үздіксіз білім алуға педагогтердің саналы қажеттіліктері;
- Оқытудың мазмұнын жетілдіру: оқыту мен тәрбиелеудің заманауи нысандарын, әдістерін, білім алушының қабілеттерін дамытуға, олардың білім деңгейін көтеруге оң әсер ететін инновациялық технологияларды енгізу.

Қазіргі жағдайда кәсіптік өзіндік білім алу саласында педагогтің құзыреттілігі кәсіптік қызығушылықтар саласын анықтау; кәсіптік іс-қимылдағы проблемалар мен қындықтарды анықтау және оларды шешу әдістерін анықтау, өзінің ЖБМ-н жобалау білігіне негізделеді. Өзінің ЖБМ-н жобалау және іске асыру педагог үшін «инновациямен өмір сүру» ситуациясы сияқты болып табылады және білім алушылардың ЖБМ-н жобалаудың өзекті кәсіптік міндетін шешу дайындығына оң әсер етеді.

### **3. Кәсіби өзін-өзі анықтау процесінде оқушының жеке бағытын жобалау бойынша әдістемелік ұсыныстар.**

#### **3.1. Білім алушының кәсіптік өзіндік анықталуы негіз болып табылатын оның жеке дара білім беру маршруты.**

Бүгінгі күні бүкіл әлемде кәсіптік іс-қимыл өте жылдам өзгерістерге ұшырауда. Өскелен ұрпаққа тек қана ғылыми білім ғана керек емес, сонымен қатар жамыған жеке дара өзіндік сана, өзіндік таңдай білуді, өзінің мақсаттарын және оларға қол жеткізу әдістерін басқалардың қажеттіліктерімен және қызығушылықтарымен келісуді, өзіндік күш пен әлеуетті көрсете білуді қажет ететін жағдайларда бағдарлану жиі-жиі қыындыққа әкеліп тіреп отыр. Мұндай жағдайларда адамның жеке дара тәжірибесінің, оның жеке көзқарасының, кәсіптік өзіндік анықталу процесінде оның бастапқы ситуацияны түсінуінің, жалпы адами құндылықтармен танысуының ролі артады.

Қазіргі жағдайда кәсіптік өзіндік анықталу проблемасы шешудің ерекше қыындығы, бір жағынан, экономикалық, әлеуметтік және психологиялық проблемалардың жиынтығына байланысты болса, екінші жағынан, тұлғаның мектептегі оқу барысында ғана емес, сонымен қатар өмірбойы кәсіптік және дербес таңдаудағы даярлығының жеткіліксіздігінен туындаиды.

Психологтардың, социологтардың, педагогтердің зерттеулері кейінгі кездерде жастардың аса нақты бағытталмаған кәсіптік жоспарлары мен мектептің әлеуметтік институт ретінде жастарға болашақ кәсіптік таңдау барысында қажетті көмек көрсете алмайтындығымен байланысты, сонымен қатар оқушылардың кәсіпті таңдауы туралы принциптер, көзқарастардың, тиімді негіздері, ережелері мен проблемаларын шешу шарттары және кәсіптік іс-қимылда жетістікке жету бойынша білімдерінде, өзіндік анықталудың аса қажеттілігінен туындалған қарнама-қайшылықтар ұршығып кетті. Бұл қарнама – қайшылықтар оқушылардың кәсіптік таңдауға даярлықтарының педагогикалық шарттарын олардың өмірлік тәжірибелері және елдегі мәдени-тариҳи және экономикалық ситуацияға байланысты анықтаудың қажет екенін көрсетті [17].

Педагогтің кәсіптік жауапкершілігі, оның міндеті оқушылардың болашақ кәсіптік еңбек субъектісі ретінде дамуын басқару болып табылады. Болашақ іс-қимылға адамды даярлаудың қын және жан-жақты процесінде болашақ кәсіпті дұрыс таңдау маңызды орын алады. Жоғарғы сынып оқушыларының кәсіптік өзіндік анықталуына педагогикалық жетекшілік жүргізу үшін оған табысты дайындалудың педагогикалық шарттарын анықтау қажет [10].

Тұлғаның кәсіптік өзіндік анықталуы әртүрлі позициядан түсіндіріледі: жеке маңызды мақсаттар және оларға қол жеткізудің ара-қатынасына негіздел өз өмір жолын жобалау (К.А.Абульханова-Милавская, Н.Ф.Гейжан); «Мен нақты әлеуметтік жағдайда түсінетін, күйзелетін және ниет ететін,

кәсіптік іс-қимылды жүргізетін индивид концепциясының» (С.Н.Чистякова, АЛ.Журкина). Кейінгі кездерде кәсіптік өзіндік анықталудың мәнін анықтаудың әртүрлі тәсілдерін біріктіру басымдылығы байқалады, олар таңдау ситуациясын адамның өз жұмысының, нақты жағдайдағы бүкіл өмірлік іс-қимылдының мағынасын дербес және саналы анықтау процессімен байланыстырады (Е.А.Климов, К.М.Левитан, К.К.Платонов, Н.С.Пряжников, В.Д.Семенов) [12].

Соңғы жылдары ғылыми әдебиетте кәсіптік өзіндік анықталу жеке тұлғалық және өмірлік анықталу бірге ажыратылмай қарастырылады, себебі бұл екеуінің негізінде өзіндік даму принципі жатыр. Тұлғалық өзіндік даму психологиялық құбылыс ретінде жоғарғы жасөспірім жасы мен ерте жастар жасы арасында пайда болады, бұл жаста балалық тәуелділікten ересек өзінділікке өту байқалады (Л.И.Божович, И.С.Кон және т.б.).

Белгілі психолог және философ Э.Шпрангердің айтуы бойынша, ерте жастар жасында мынадай өзгерістер: балалық тәуелділікten босауға ұмтылу, «Мен» деген сөздің ашылуы, рефлексияның дамуы, өзінің жеке тұлғасын сезіну, өмірлік жоспар құру және өз өмірін саналы тұрғызуға ұмтылу, жан-жақты іс-қимылдарға практикалық араласу байқалады.

Психологтар мен педагогтер әділ атап өткендей, жоғары мектеп жасындағы ерекше жаңа көрініс оның келешекке бағытталуы, тұлғалық және кәсіби болашақтың қалыптасуы болып табылады. Дәл осы кезеңде пайда қажеттілігін ұғынуға өзіндік "Мен" деген өзіндік санаға, әлемдегі өз орнын сезінуге, жасөспірімнің жеке тұлғалық өзіндік анықталуына қажеттілік пайда болады.

Н.Ф.Гейжан, Э.Ф.Зеер, Н.С.Пряжников, В.Д.Семенов және басқалар оқушылардың кәсіптік өзіндік анықталуына табысты дайындықтың міндетті шарты ретінде осы дайындықты іске асыратын педагогтердің жеке көзқарасын, педагог-психологтердің көмегін; оқу орнының педагогикалық ұжымының құндылық-бағыттарының бірлігін; оқушылардың кәсіптік таңдауларына көмек көрсетуге дайын екендіктерін айтуға болады. Бұл ойды В.Д.Семенов былай деп дәл жеткізді: «кәдімгі мектептің қатардағы педагогтері философиялық проблемаларды шешуге міндетті түрде мәжбүр болады, әсіресе, өз өмірінің мағынасының проблемалары және бірге жұмыс істейтін адамдардың әрқайсысының проблемасын шешуге мәжбүр» [10].

Ситуацияны талдау қабілеті және шешім қабылдау қабілеті адамда біртінде қалыптасады. Кез келген кезеңде индивидтің таңдау бойынша қабылдаған шешімі оның бұрынғы өмірінде қалыптасқан дағдыларына, білімдеріне, тұлғаның ерекшеліктеріне, оның бұрынғы өмірде кездескен нақты әсерлерге байланысты болады. Демек, табысты таңдау үшін арнайы біліктер: ситуациядағы негізгі және қосалқы жағадайларды бөліп ала білу білігі, проблеманы көру білігі, шешімдердің әртүрлі нұсқаларын көре білу білігі, шешім қабылдау шегін көре білу білігі, белгілі бір критерийлер бойынша тұлғаны әсірісе қанағаттандыратын нұсқаны бөліп ала білу білігі, қабылданған шешімнің плюстары мен минустарын сезіну білігі, перспективаға байланысты қорытынды жасау білігікәжет. Олар ақпараттарды

өндеу бойынша іс-қимылды модельдеу барысында қалыптасады. Таңдау ситуациясын шешім қабылдау рәсімі ретінде қарастыратын зерттеушілер оның ішкі және сыртқы жақтарын бөліп талдайды.

Дидактикалық модельдерді іздеу және кәсіпті таңдау мәдениетін тәрбиелеу мазмұны түрғысынан қарағанда Швецияның тәжірибесі құнды болып көрінеді, көптеген мамандар радикалды деп көрсеткен, 1981 жылы кәсіптік өзіндік анықталудың дербес бағдарламасы жарық көрді. Кәсіптік өзіндік анықталуды басқарудың Швед моделі 7 тармақтан тұрады.

1. Индивидті белгілі бір бағытқа итермелемей және одан өзінің жеке ойын қалыптастыруға мүмкіндік беретін белгілі–бір ақпаратты жасырмай бүкіл зейінді сол индивидке бағыттау.

2. Оқушылардың жеке дербес дамуына, дербестігіне және кемелденуіне ықпал ету.

3. Ақпарат көздеріне сынни қарауды қалыптастыру және дамыту. Мысалы, болжамдар мен тестілердің сенімсіздігін оқушылардың түсінуі маңызды, еңбек нарқындағы конъюнктура туралы үзілді-кесілді өтініштерге сынни қарауды қалыптастыру.

4. Оқушыларға әлеуметтік қатынастар, жұмыс орындары, әртүрлі қызметтердің рольдері, еңбек ақыдағы, кәсіптік статустағы, жоғарғы қызметтегі және төмен қызметтегі адамдардың қарым-қатынасындағы айырмашылықтар туралы дәл ақпараттар беру.

5. Еркін таңдауды шектемеу, консультанттар кәсіптік таңдауға, мысалы әлеуметтік жағдайына немесе жынысына және т.б. байланысты шекқоюға қарсы тұрулары қажет.

6. Индивидтің өзі жасаған таңдауы қоғамдағы өзгерістер факторы болып табылатындығын мойындау, оның өзі жұмыс күші нарқына әсер ететін процессті ынталандырады.

7. «Оқу кәсіптік бағдарлану» мен саяси сананың дамуының арасында тығыз байланыс бар екенін ескеру қажет.

Жапон мектептерінде кәсіптік өзіндік анықталуға дайындықтың ерекше жүйесі орын алған. Профессор Сигекадзу Фукуяма[26]кәсіптік бағытталу құбылысын зерттейді, ол өзіндік талдау, кәсіптерді талдау, кәсіптік сынамаларды, жұмысқа орналасуды және кәсіпті өзіндік таңдау ғылымына жасалған таңдаудың салдарын қамтиды. Оның ойынша кәсіптік бағдар білім беру саласына және экономика саласына қатысты құбылыстар саласын қамтиды. Білім беру фазасы индивидтің мектепте оқу барысында кәсіпті саналы таңдау қабілетін тәрбиелеу үшін қажетті процесстерді қамтиды, жұмысқа орналасу және еңбек іс-қимылды процесстіндегі тәлімгерлік – білімді, білікті және дағдыларды қалыптастыруды, сонымен қатар жұмысқа қанағаттануды қамтиды.

Кәсіптің саналы таңдалғанын бағалау үшін Фукуяма арнайы тест құрастырды, ол бойынша индекстердің көмегімен талдау әдісін ұсынды. Былайша айтқанда, кәсіпті таңдаудың нәтижесін сандық бағалау әдісін ойлап тапты. Жапон жүйесі бойынша кәсіптік өзіндік анықталу процесінде индивидтің кәсіпті таңдау қабілеті қалыптасады және оның нәтижелері

тікелей тексеріледі. Жапон жүйесі үшін практикалық тәжірибе және балаларды шынайы еңбек іс-қымылдарына тарту арқылы ол тәжірибелі қалыптастыру басымдыққа ие болады.

Кәсіптік өзіндік анықталуды мәдениет контекстінде адамның уақыт (болашақты құрастыру, кәсіпті таңдау) және кеңістікте (адам өзі туралы, әлем туралы көзқарасы: мағыналық жүйені табу) бірге жеке тұлғалық анықталудың бір бөлігі деп қарастыруға болады [25].

Мектептік білім беру жүйесінде жеке дара білім беру маршруттарын қолдану оқушылардың жеке тұлғалық, өмірлік және кәсіптік өзіндік анықталуды педагогикалық қолдау нысандарының бірі болып табылады.

Оқушыларды жеке дара кәсіптік-білім маршруттарын таңдауға даярлау үшін оларды кәсіптік жоспар жасау алгорitmімен таныстыру қажет. Кәсіпті таңдауға даярлықтың негізгі құрамаларын қалыптастыру бойынша ұсынымдар жасау, кәсіптік жоспарлар тұрғызу барысында оқушылардың жасайтын қателіктері туралы айту қажет. 9 сыныптан, 11 сыныптан кейін білім алуды әрі қарай жалғастыру жолдарын көрсету қажет (2 қосымшаны қараңыз).

Кәсіпті оқушылардың саналы таңдауына дайындық – қазіргі кездегі мектептердің маңызды әлеуметтік-педагогикалық міндеті болып табылады. Бейіналды және бейіндік оқытуға көшу оқушылар мен ата-аналарға болашақ білім беру маршруттарын олардың қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, анықтауға көмек көрсету бойынша арнайы жұмыстарды жүргізуді өзекті етіп отыр [17].

Тоғызыншы сыныптың соңында түлек нақты таңдауды жасауы тиіс. Таңдаудың екі түрлі әдісі бар. Бірінші тәсіл - "сынамалар және қателіктер". Бұл жағдайда оқушы оқу бейіні мен оқу орнын көзін жұмып отырып таңдайды. Екінші тәсіл – оқушы 5-9 сыныптардағы технология сабактарында алған технологиялық білімдері мен біліктіктерін менгеріп, өзін-өзі зерделеп, кәсіптер әлеміміен таныса отырып, өз таңдауын саналы және дербес түрде жасайды.

Негізгі мектептің бітіруші сыныптарының оқушылары жоғарғы сыныптардағы оқыту бейінін таңдауда жиі-жиі қыындықтарды бастарынан өткізеді. Айтқандай, олар таңдауды кездейсоқ факторлар әсерімен (мысалы, компания үшін, үлкендердің кеңесімен немесе достардың кеңесімен) жасайды. Осылай жасай отырып, жасөспірімдер әрі қарай оқу бейінін таңдау үшін әртүрлі кәсіптер туралы жеткілікті ақпараттары бар деп санайды.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, жасөспірімдер өзінің болашағын дербес, саналы түррғызуға дайын емес. Оның себебі әрбір қызметтің түрлерінің нақты ерекшеліктері туралы білімнің жетіспеушілігі, бұл мәселеге деген қызығушылық деңгейінің төмендігі, өз тілектерінде өздерінің шынайы қабілеттері мен мүмкіндіктерін толық ескермеулерінде [12].

Жоғарғы сынып оқушысына ең маңызды, ең қын мәселе кәсіпті таңдау болып табылады. Жастиқ шақта әрбір жас адамның жеке дара бейнесі анық көріне бастайды, оның жеке бастық қасиеттері айқындалады, оның

тұлғалық бейнесін көрсететін барлық қасиеттер жинақталып белгілі бола бастайды.

Жоғарғы сынып оқушылары бір-бірінен тек қана темпераментік мінездерімен ғана емес, сонымен қатар өздерінің қабілеттері, қажеттіліктері және қызығушылықтары, әртүрлі деңгейдегі саналығымен ерекшеленеді. Жеке дара ерекшеліктер өмір жолдарын таңдауда да көрініс табады. Жастық шақ – бұл дүниетанымның, құндылық бағытталудың қалыптасатын шағы.

Бұл жаста балалық шақтан үлкендер өміріне өтуге аяқ басу орын алады, соған байланысты жауапкершілік, дербестік деңгейлері, қоғам өміріне белсene араласу және өз өмірінде белсенділік көрсету, әртүрлі проблемаларды конструктивтік шешу, кәсіптік қалыптасу орын алады. Эриксон бойынша жастық шақ жасы сәйкестену процесі айналасында тұрғызылады, ол процесс әлеуметтік, жеке дара–тұлғалық таңдаудан, идентификациядан, кәсіптік қалыптасудан тұрады.

Кәсіптік өзіндік анықталу балалық шақтан басталады және жастық шақта аяқталады. Оқу іс-қимылында өзіндік анықталу және практикалық мотивтер үлкен роль атқарады, ал жастардың жас өзгерістеріне қарамайқәсіпті таңдаудың өзгермей қалуы маңызды. Кәсіпті таңдау және оны менгеру кәсіптік өзіндік анықталудан басталады [25]. Бұл кезеңде оқушылар психологиялық және психофизиологилық ресурстарды ескере отырып, болашақ іс-қимыл саласын өзі үшін таңдау міндетін толық қалыптастырулары тиіс. Бұл уақытта оқушылардың нақты кәсіптерге көзқарастары қалыптасады, таңдалған кәсіпке байланысты оқу пәндері де таңdap алынады (4 қосымшаны қараңыз).

Кәсіп біртіндеп өмірдегі жетістікке қол жеткізудің құралы ретінде, қоғамда өз орнын табу құралы ретінде, тұлғаны өзіндік іске асырудың құралы ретінде қарастырыла бастайды. Өзіндік анықталу проблемасы оқушының өзі үшін де, қоғам үшін де өзекті бола бастайды. Барабар кәсіптік өзіндік анықталу –кәсіптік іс-қимылдағы табыстың негізгі жетістігі болып табылады.

Болашақ маманың кәсіптік тұрақталу процесінде нақты үш кезеңді атап көрсетуге болады:

1. Кәсіптік оқу орнына оқуға тұсу кезеңі (мектептегі кәсіптік бағдар, жоғарғы сынып оқушыларының нақты кәсіпті саналы таңdap алуы, кәсіптік оқыту).

2. Кәсіптік оқу орнында оқу кезеңі (тиісті теориялық білімдерді, практикалық біліктер мен дағдыларды менгеру, таңдаудың дұрыс екендігін алдын-ала синап көру, кәсіптік қабілеттерді дамыту).

3. Еңбек іс-қимылын бастау (өндірістік практикадан өту кезеңінде кәсіптік бейімделу, мектепте, колледже, жоғарғы оқу орнында алынған біліктер мен дағдыларды бекіту және дамыту, жұмыс тәжірибелерін қалыптастыру, таңдалған кәсіпті түпкілікті таңdap алу [12]).

Аталған әрбір кезеңдегі міндеттерді шешу бойынша жұмыстар кәсіптік тәрбиелену процесінің мәнін құрайды.

Оқушылардың жеке дара ерекшеліктерін зерделеуге, кәсіптер әлемімен, еңбек нарқы мен білім беру қызметінің талаптарымен, кәсіпті таңдау ережесімен таныстыруға, мансапты өзіндік презентациялауға және жоспарлауға бағытталған «Кәсіптік өзіндік анықталу» курсының бағдарламасын ұсынамыз.

Бағдарламаның мақсаттары:

- 1) оқушылардың болашақ кәсіпті дұрыс таңдау үшін қажетті білімдер мен дағдыларды менгеруі;
- 2) өзінің кәсіптік жолын жоспарлауы;
- 3) өзінің жеке дара-психологиялық ерекшеліктері және денсаулық жағдайын болашақ кәсіптің талаптарымен үйлестіру қабілеттерін қалыптастыруы;
- 4) жеке дара дамуға оң әсер етуі.

Міндеттер:

1. Өзі туралы, кәсіптік еңбек әлемі туралы білімдерді қамтитын олардың іс-қимылын арнайы үйымдастыру арқасында оқушылардың кәсіптік өзіндік анықталу процесsein өзекті ету.
2. Оқушылардың кәсіптер әлеміне, еңбек нарқына, соның арқасында жетістіктер портфелін жасауға, кәсіптік тұрақтанудың маршрутын таңдауға өзіндік көзқарасын қалыптастыруына көмек көрсету.
3. Кәсіптік дұрыс таңдауға бағыттау мақсатында оқушылардың жеке өзіндік таным процесsein белсенді ету және дамыту.
4. Заманауи әлеуметтік-экономикалық жағдайларда оқушылардың кәсіптік бейімделу қабілеттерін дамыту.
5. Социуммен табысты өзара қарым-қатынасқа әсер ететін дағдылар мен сапаларды қалыптастыру.

Курсты оқыту процесsei барысында оқытуудың әртүрлі әдістері мен сабактарды үйымдастырудың әртүрлі нысандарын үйымдастыру: “дөңгелек үстел”, жекеленген және топтық әңгімелер, семинарлар, кәсіпті сипаттау, диспуттар, кәсіптік кроссвордтарды шешу, рольдік ойындар, шығармашылық этюдтер, нақты ситуациялар әдістеріңденеады.

Курсты зерделеу оқушылардың сабактарды дайындауға және өткізуге белсенді араласуларын, сабактар мен үй жұмыстарын өзіндік жұмыс үшін әртүрлі жаттығулармен қанықтыруды талап етеді.

Қалыптастасын білімдер мен біліктердің жуықталған тізімі:

Оқушылардың білуі тиіс:

Кәсіптік өзіндік анықталудың мағынасы, кәсіптік жоспар жасауға қойылатын талаптар; кәсіпті таңдау ережелері; кәсіп және кәсіптік іс-қимыл туралы түсініктер; қызығушылық, кәсіптік еңбектің мотивтері және құндылықтары, сонымен қатар кәсіпті таңдауға байланысты тұлғаның психофизиологиялық және психологиялық ресурстары туралы түсініктер; темперамент туралы түсінік, тұлғаның қатынасына, эмоционалдық-жігер саласына, интеллектуалды қабілеттеріне, қарым-қатынас орнату стиліне, адамның шығармашылық әлеуетіне, мансабына байланысты түсініктер.

Оқушылардың жасай білулері тиіс:

Өзінің жеке дара психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін накты кәсіптің талаптарымен салыстыра қарау; жеке кәсіптік жоспарын жасау және оған жылдам өзгерістер енгізу; оқу және еңбек іс-қимылдарында өзіндік жетілу әдістерін қолдану; профессиограмманы, кәсіптік іс-қимыл кәсіптер туралы ақпараттарды талдау, сонымен қатар нарық жағдайында шарушылық жүргізудің нысандары мен әдістері туралы; кәсіптік білім алу жолдары туралы ақпараттарды білулері тиіс.

Оқушыны қалыптастыруға бағытталған және өзінің перспективаларын іске асыру үшін қол жетімді құралдармен жабдықтау арқылы белсенділікті арттыру әдістемелеріне көп көңіл болінуі қажет. Бұған жататындар: кәсіптік бағдарлау ойындары, ойындық жаттығулар, дискуссиялар, белсенділікті арттыратын және құндылық-мағыналық саул намалар.

Оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабілеттеріне, тұлғалық бағыттануларына диагностика.

Бұл жұмысқа мынадай әдістемелер қолданылуы мүмкін:

- тұлғаның бағытталуын зерделеу (Кейси әдістемесі).

- Қызығушылық картасы.

- Дж.Голландтың тұлғаның әлеуметтік бағытталуын зерделеу әдістемесі.

- “Кәсіпті таңдау мотивтері” әдістемесі.

- “Бағытталу” саул намасы (қалаймын, жасай аламын, қажет).

- Оқушылардың зияткерлік ерекшеліктерін зерттеу.

Бұл әдістемелердің артықшылықтары диагностикалық ақпараттан басқа олардың белсенділікті арттыратын әлеуеті бар.

Әрбір сабак теоретикалық және практикалық бөлімдерден тұрады, теоретикалық бөлімде оқушылар психология және кәсіптану негіздерімен танысады, практикалық бөлімде конфликтісіз қарым-қатынас орнатудың практикалық дағдылары қалыптасады және т.б.

Егер сабактарды мұндай схемамен жүргізбесе, онда олар қызық емес, іш пыстыратын, шаршататын қалыпта өтетін болады. Теоретикалық сұрақтарды бейнелейтін практикалық әдістерді таңдап алу маңызды, олар теория қарағанда көп орын алулары тиіс.

Сабактарды өткізу үшін мынадай нысандар мен әдістерді: әңгімелерді, диагностикалық әдістемелерді, шығармашылық тапсырмаларды, экскурсияларды қолдану қажет. Әдістемені таңдау барысында әртүрлілік принципін ұстану аса маңызды. Одан басқа, оқушылар өз нәтижелерін атап-аналарымен талқылауға мүмкіндіктері болатын әдістемелерді таңдау қажет.

Кәсіптік жолдарды жоспарлау

1. Заманауи еңбек нарқы және оның талаптары.

Кәсіптер нарқы деген түсінік. Кәсіптік іс-қимылдағы дербестік және жауапкершілік. Кәсіпкерлік және өзіндік жетілдіру. Біздің өнірдегі кәсіптік білім алу мүмкіншіліктері.

2. Кәсіпті таңдау мотивтері мен негізгі шарттары.

Кәсіпті таңдау мотивтері туралы түсінік. “Қалаймын – жасай аламын – қажет” – дұрыс таңдаудың қажетті шарттары.

### 3. Кәсіптік бастаманың перспективалары.

Өзіндік презентация жасау дағдылары. Резюмені қалай дұрыс құру керек. Әңгімелесуге қажетті мінез-құлықтар ережелері. Жұмысқа қабылдану алдындағы интервью (рольдік ойын).

### 4. Кәсіптік болашақ бейнесін (образын) түрғызу.

Мансапты жоспарлау. Жақын және алыс мақсаттардың тізбектері. Мақсаттарға жетудің жолдары және құралдары. Мақсаттарға жетудің ішкі және сыртқы шарттары.

### 5. Болашақ мансапқа дайындалу.

Тұлғаның психологиялық портреті. “10 жылдан кейінгі кездесі” рольдік ойыны.

### 6. “Парақтарды аудара отырып”атты қорытынды сабағы.

Кәсіпті таңдау және өзінің кәсіптік жолын жоспарлау барысында шешім қабылдау үшін қажетті оқушылар менгерген білімдер мен біліктерді жалпылау.

Қазіргі кезде қоғамның орта мектепке әлеуметтік тапсырысы белсенді, жоғарғы мәдениетті және білімді адамдарды даярлау ғана емес, сонымен қатар қоғамның кәсіптік анықталған мүшесін даярлау болып табылады. Мұндай тәсіл оқушылардың жеке дара білім-кәсіптік маршрутының бағдарламасын жасауды, еңбек нарқының қажеттілігіне сәйкес олардың кәсіптік бағытталуын және өзіндік анықталуын талап етеді.

Жалпы білім беру үйымдарының міндеттері оқушыларға құндылық бағытталуының басымдықтарын анықтауга және реттеуге, сонымен қатар, олардың өзіндік анықталуына көмек көрсету болып табылады. Оқушылардың құндылық бағытталуы кәсіптік бағытталумен және өзіндік анықталумен өзара байланысты болуы қажет.

Кез-келген тұлға өзінің қызығушылықтарына және мақсатарына сәйкес құндылықтарды менгеруге тырысады. А. Д. Сазонов [22] адамның кәсіптік іс-қимылдарының құндылықтарын былай анықтайды:

- әлеуметтік ортада өзіндік бекітілуі;
- ұжымдағы беделі;
- еңбектің шығармашылық түрпаты;
- материалдық және утилитарлық құндылықтар;
- лауазым және өсу перспективасы;
- достар арасындағы табыстылық;
- өзіндік жетілу және өзіндік даму;
- білімдерді, біліктерді және қабілеттерді практикалық қолдану.

Оқушылардың кәсіптік таңдауына кәсіптік өзіндік анықталу саласындағы зерттеушілер ұсынған мынадай бірнеше:

- білімдердің, біліктердің және дағдылардың бар болуы, белгілі бір жағдайда тұлғаның мінезіне байланысты жауап беру қабілеттері мен қасиеттеріның бар болуы;
- еңбек және кәсіпптер (мамандықтар) нарқында бағдарлана білу білігі;
- тұлғаның қажеттіліктерін, қызығушылықтарын және бейімділіктерін ескеру;

- қоғамдық-пайдалы жұмыстың маңызын сезіну faktorлары әсер етеді.

Демек, кәсіптік іс-қимылдың белгілі бір түрінде қажеттілік деп тұлғаның белгілі бір әлеуметтік классқа, қоғамның әлеуметтік тобына бағытталуын айтуға болады.

Қазіргі кездегі білім беруде адамның жеке қасиеттерінің жиынтығымен қоса оның кәсіптік жарамдылығын ескере отырып, кәсіпті таңдауға айрықша көңіл бөлінеді, бұл қасиеттер кәсіптік іс-қимылдың нақты түрін табысты менгеруге және оны орындауға оң әсер етеді. Атап айтқанда, кәсіптік жарамдылық кәсіптің талаптарын айқындаушы кәсіптік дайындылықты сипаттайтын кәсіптік маңызды сапалардың даму деңгейін көрсетеді. Е.А. Клинов [17] болашақ кәсіптік іс-қимылды таңдаудағы жеке дербес шешім қабылдау үшін қажетті «жағдайларды»:

- денсаулық жағдайын;
- баланың кәсіптік іс-қимылы туралы ата-ананың жоспарларын;
- кәсіпті немесе мамандықты таңдаудағы құрдастарының жоспарларын (мәжбүрлекен пікірі);
- оқушының бейімділігі, қажеттілігі және қызығушылығын;
- кәсіптер және мамандықтар әлемдерін, білім беру ұйымдары туралы ақпараттануын;
- мектеп шамасының деңгейін (еңбекті марапаттау, қоғамдық мойындау);
- оқушының жеке дербес кәсіптік жоспарлары (еңбек іс-қимылың мақсаты, оның ниеті);
- мамандықтарға қоғамның сұранысын негізdedі.

Былайша айтқанда, оқушылардың кәсіптік бағдарлануы зерделеу мен талдаудың технологияларын қамтиды:

- тұқым қуалаушылықты, өмір жағдайларын, материалдық қамтамасыз етуді, білім беруді, былайши айтқанда, отбасының әлеуметтік статусын детерминалайтын тұлғалық ерекшеліктер;
- мінез-құлық, темперамент;
- зияткерлік қабілеттер;
- «Мен» образы;
- қызығушылықтар, өмір құндылықтары;
- дамудың ерте кезеңінде бөгеттермен соқтығысқанда қажеттілікті қанағаттандыру деңгейі;
- кәсіптік альтернативалар (кутілетін нәтижелермен салыстыру);
- артықшылығы бар кәсіптік орта, қоршаған орта (5 қосымшаға қараңыз).

Кәсіптік өзіндік анықталу еңбек тәрбиесінің негізі болып табылады және оны іске асырудың шаралар кешенін:

- өзін-өзі тану проблемасын, өзінің ерекшеліктері, қызығушылықтары, кәсіптік бейімділігі, мотивациялық-құндылықтар артықшылықтарын, оқушылардың әлеуметтік жас ұлғаюын кәсіптік қолдау бойынша оқушылардың психологиялық-педагогикалық, медико – физиологиялық сүйемелдеуді;

- білім беру қызметі және еңбек нарықтары, кәсіптер мен мамандықтар (экономиканың әртүрлі салаларындағы кадрлардың қажеттілігін қоса отырып), жұмыс орындарын іздеушілерге, білім беру кеңістігінің барлық субъектілеріне қойылатын талаптар туралы оқушыларды кәсіптік ақпараттандыруды;

- білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде кәсіптік бағдар жұмысының тиімді тетіктерін дайындауды қамтиды.

Оқушылардың кәсіптік өзіндік анықталуын қалыптастыру *мынадай принциптер* негізінде іске асырылуы тиіс:

- сабактастық және жүйелілік;

- жекелендіру және дифференциациялау, былайша айтқанда, оқушыларға жекелендіру және дифференциациялау тәсілдерін қолдану олардың қызығушылықтарын, әлеуметтік статусын, жастарын, құндылық бағытталуарын, өмірлік жоспарларын, үлгерімдерін және денсаулық жағдайларын ескеру мақсатында жүргізіледі;

- тиімділеу, бейінді оқытудың әртүрлі ұйымдастыру (бұқаралық, топтық, жеке дара және практикалық)нысандарын оқушылармен ғана емес, сонымен қатар, ата-аналармен келісіп жасауды ескереді;

- өнімділік, ол білім беруді нақты нәтижеге, оқушының еңбек және оқу іс-қимылдары кезінде өндірілген өнімге (есеп, жоба) мақсатты бағыттауды қамтамасыз етеді;

- өзара байланыс, ол білім беруге барлық субъектілердің: педагогтердің, психологиярдың, жұмыспен қамту орталықтарының, бұқаралық ақпарат құралдарының, жастар ұйымдарының, отбасылардың, жалпы білім беру және кәсіптік білім беру ұйымдарының, еңбек нарқының қатысуларын қажет етеді;

- еңбек нарқында қажетті, өзінің жеке дара және әлеуметтік дамуын өзіндік анықтаған, кәсіптік еңбекке даяр және бүкіл өмірі бойы білім алуға даяр кадрларды даярлау мақсатында өнірдің, облыстың, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму қажеттіліктерін ескеру.

Оқу пәндерінің педагогтері оқушыларды кәсіптер туралы ақпараттар беру, әрбір кәсіпке қажетті білім мен білік көлемдерін анықтау мақсатында интернет-технологияларды қолдана отырып, өзіндік дайындалу әдісімен пәндерді мақсатты зерделеу немесе білім көлемін ұлғайту мақсатында жеке дара сабактар өткізулері қажет [11].

Оқушылардың қызығушылықтарын, бейімділіктерін, ынтасын және кәсіптік бағдарын анықтау және қалыптастыру төрт кезеңді іске асыру көмегімен мүмкін болады. Ол мынадай: бағытталу, жеке даралық, өнімділік және нақтылау кезеңдері. Эр кезеңнің өз мақсаттары бар, бірақ жинақталып олар бірін-бірі толықтырады. .

*Бірінші кезең* еңбекке, танымдық іс-қимылға оң қатынасын дамытуға әсер етеді.

*Екінші* – оқушыларды кәсіптер әлемімен таныстыру, олардың өз қызығушылықтарын, қабілеттерін, болашақ кәсіпке бағытталудың әлеуметтік құндылықтарын түсінуі.

*Үшіншікесіп алды біліктерді, еңбекке орналасуда дербес таңдауды немесе білім алуды жалғастыруды қалыптастыруға бағытталған, бұл оқушылардың кәсіптік қалыптастасу процесінің доминанты болып табылады.*

*Төртінші кезең* оқушының өз қызығушылықтарын, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, вариативтік оқыту арқылы әлеуметтік-кәсіптік таңдауды түзетуде оқушыларға психологиялық-педагогикалық демеу көрсетуге; кәсіптік аса қажетті қасиеттерді қалыптастыруға және дамытуға; білім беру және кәсіптік жоспарларын түзетуге бағытталған.

Әрбір кезең оқушылардың кәсіптік өзіндік анықталуын қалыптастыру жүйесін құрайтын құралдармен, нысандармен және әдістермен іске асырылады.

Үздіксіз білім беру және жетілдіруге қызығушылық, кәсіптер әлемінде өзіндік бағытталу және оқушылардың мансаптық өсу векторын тұрғызу білім беру кеңістігіндегі барлық субъектілердің іс-қимылын тиімді үйымдастыру арқылы іске асырылады [25].

Оқушылардың таңдаған кәсіптік іс-қимылдардың ерекшеліктерімен, мансапты құрудың саналуан жеке дара маршруттары спектрінің кеңеоімен, олардың жеке дара және кәсіптік ұтқырлықтарымен, оқушылардың өмір бойы үздіксіз білім алуға бағытталуымен анықталатын олардың саналы әлеуметтік позициясы кәсіптік өзіндік анықталуды қалыптастырудың тиімді құрастырылған жүйесінің нәтижесі болып табылады.

Бір айта кететін жай, болашақ кәсіптерін таңдау барысында оқушылар еңбекке орналасу мүмкіндігін әр уақытта ескере бермейді. Соңдықтан түлектердің кәсіптік бағдарлануы және еңбек наркының талаптары бір-біріне сәйкес келе бермейді. Тіпті, экономиканың дамуы үшін жұмыс кәсіптіері мен мамандықтарының маңызы белгілі болса да, олар оқушылар тарапынан қолдау таппайды.

Мысалы, болашақ кәсіпті таңдаудағы маңызды факторларды бағалау барысында 9-шы және 11-ші сынып оқушыларының 70%-дан артығы болашақ жұмыстарының өз қызығушылықтарына және қабілеттеріне сәйкес болуын қалайтыны анықталды. Кәсіптік қажеттілігін оқушылардың тек 25,8% көрсетті, бірақ олар көбінесе прагматикалық мотивтерді – мансапқа қол жеткізу мүмкіндігін (31%), беделі мен еңбек ақысының көп болу мүмкіндігін (42,2%) ұстанады. Соның нәтижесінде кәсіптің статустық сипаттамасы оқушылар үшін кәсіпті таңдауда аса маңызды және елеулі фактор болып саналады, әсіресе, жоғарғы білім алуға бағытталған оқушылар үшін аса маңызды. Қазіргі жастар үшін жұмыс істеу жағдайы да маңызды болып табылады (14,5%).

Жоғарғы сынып оқушыларының кәсіптік өзіндік анықталуын қалыптастыру моделі «мектеп-колледж-жоо» білім беру кеңістігіндегі өзара қарым-қатынасты анықтайды, ол қарым-қатынас мынадай факторларға негізделеді [12].

*Бірінші.* Оқушылардың даярлық деңгейі және олардың нақты мамандық алуға бағытталуы.

*Екінші.* Кәсіптік білімге дейінгі сапаны арттыру.

*Үшінші.* Жеке тұлғалық–бағытталған тәсіл идеясын іске асыру, ол үшін оқушылардың дербестігін және алға ұмтылуларын, өмірге қажетті білімдерді қалыптастыруды, практикалық дағдыларды қолдау қажет.

Мақсатты ақпараттық–тәныстыру жұмыстары шеңберінде оқушылар өнірдің еңбек нарқында түлектер қажет болып табылатын бағыттар бойынша білім алуды жалғастыру мүмкіндіктері туралы ақпараттар алады. Оқушылардың тұрақты өзіндік анықталуы, олардың қызығышлықтарын арттыру үшін сабактардың әртүрлі нысандары қолданылады: дәрістер, рольге кіру, өнеркәсіп орнына экскурсия ұйымдастыру, бұлардың барлығы көрнекі түрде көрсетіледі және оқушылардың қатысуларына мүмкіндіктер тудырады, соның негізінде оқушылар кәсіптік іс-қимылдардың (кәсіптік сыйнамалардың) шарттарын және мазмұнын өз көздерімен көруге мүмкіндік жасалады. Соның нәтижесінде оқушылардың нақты кәсіпті менгеру және өз өнірінде таңдалған мамандық бойынша кәсіпорындарда жұмысқа тұру мақсатында оқытудың жобалық траекториясын оқушылардың таңдауға дайындығын арттырады.

Мұндай оқыту траекториясын таңдауға оқушылардың дайындық критерийлері мынадай болуы мүмкін:

- кәсіптік білім беру ұйымдарында оқуға құндылық бағытталуды қалыптастырудың алғы шарты ретінде мектептегі оқытуға саналы түрде қарau;
- «мектеп-колледж-жоо» траекториясы бойынша мектептен кейінгі білім алуды жалғастыру контекстінде кәсіптік білімге құндылық бағытталуды қалыптастыру»;
- әрі қарай кәсіптік оқу барысында жеке дара–тұлғалық өмірлік мақсаттарды іске асыру.

*Төртінші.* Оқу процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында оны ұйымдастырудың көп нысандылығын, оның ішінде оқушылардың колледждермен, жоғарғы оқу орындарымен және өндіріспен өзара қарым-қатынасы процесінде іске асыру.

### **3.2. ЖБМ жағдайында оқушылардың кәсіптік өзіндік анықталуын қалыптастыру моделі**

Жеке дара білім-кәсіптік маршруты жағдайында оқушылардың кәсіптік өзіндік анықталуын қалыптастыру моделі желідегі әрбір субъектінің оқытудағы бірыңғай мақсатқа қол жеткізу іс-қимылдарының бағыты арқылы анықтау үшін мынадай компоненттерді қамтиды: (1 сурет):

1. *Мақсатты* желідегі субъектілердің жеке дара қызығушылықтарын, оқушылардың бейімділіктері мен қабілеттерін, олардың саналы таңдаған жеке дара оқыту траекторияларын ескере отырып, білім беру кеңістігінде бірігіп іс-қимыл жасауға біртінде бағыттайды және мақсаттар мен нақты міндеттерді қамтиды.

2. Ақпараттық-мотивациялық-психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамти отырып, білім беру кеңістігінің барлық субъектілерінің кәсіптік бағытталу іс-қимылы арқылы оқушылардың кәсіптік өзіндік анықталуына бағытталған. Мақсатты бағытталған ақпараттық-тәнисстыру жұмысы шеңберінде оқушылар өнірдің еңбек нарқында сұранысқа ие бағыттар бойынша кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алуды жалғастыру мүмкіндіктері тіркелген ақпараттар алады.



Нәтижелілік компонент	
Кәсіптік деңгей: болашақ іс-кимыл (білі алу) туралы жеткілікті көзкарас қалыптасты; квазикәсіптік іс-кимылдағы алғашқы біліктер қалыптасты	Әлеуметтік деңгей: көпдеңгейлі даярлық жағдайында келесі кәсіптік оқытуға тұрақты ниет қалыптасты, ол оку-тәнімдүк, оку-кәсіптік және жеке дара мотивтерді қамтиды

1 сурет–ЖБМ жағдайында оқушылардың кәсіптік өзіндік анықталуын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі

Бейінді дайындықтың негізгі принциптері деп жеке тұлғалық және әлеуметтік қажеттіліктерді ескере отырып, оқушыларды оқыту процессінің бірлігін; мектеп – кәсіптік білім беру ұйымы – жұмыс беруші жүйесіндегі білім берудің сабактастығын; жеке дара білім беру – оқытуудың кәсіптік маршруттарын құру процессіндегі оқушылардың саналығы және белсенділігін; элективтік курстардың оқушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкестігін айтуды болады.

3. Әдіснамалық-алғашқы теоретикалық ережелерді қамтиды, соның негізінде бейіндік дайындық процессінде жоғарғы сынып оқушыларының кәсіптік өзіндік анықталуын қалыптастыру процесі жобаланды, ол әдіснамалық тәсілдер мен принциптер жүйесін, сонымен қатар дидактикалық зерттеулерді қамтиды. Әдіснамалық тәсілдер жоғарғы сынып оқушыларының кәсіптік өзіндік анықталуын қалыптастырудың негізгі идеясын ашып көрсетеді және ол теоретикалық-әдіснамалық және практикалық-бағытталу тәсілдерінің өзара байланысын анықтайды.

4. *Мазмұндылық* бейінді оқытуудың мағыналық мәнін көрсетеді, ол оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу негізінде мектеп бағдарламасының базалық компоненті мен қосымша білімнің вариативтік құрамасы арасындағы интеграцияны көрсетеді. Вариативтік бөлім таңдау бойынша практикалық-бағытталған элективтік курстармен толықтырылады. Мұндай курстарды зерделеу барысында оқушыларды жекешелендіріп және әлеуметтендіріп оқыту іске асырылады, таңдалған салада нақты іс-кимыл түрлерінің кәсіпалды дағдылар мен біліктерін қалыптастыру арқасында кәсіпті саналы және жауапкершілікпен таңдауға дайындық жүргізіледі. Бұның барлығы оқытуудың жеке дара маршрутын құруға, еңбек нарқында сұранысқа ие мамандықтарды имиджділеуге, жалпы оқушылардың әрі қарай оқуларын жалғастыруларына оң ықпал етеді. Ақпараттық-мотивациялық компонент оқушылардың қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтауды қамтамасыз етеді, ал мазмұндылық нақты саладағы кәсіптік іс-кимылдың практикалық тәжірибесін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

5. *Ұйымдастыру-іс-кимылдық* оқушылардың кәсіптік өзіндік анықталуын қамтамасыз етеді, оқу әдістерінің, нысандарының және құралдарының кешенін қамтиды және мынадай: ұйымдастыру, қалыптастыру және ресурстық функцияларды іске асырады. Ұйымдастыру функциясы қойылған мақсатқа сәйкес оқыту әдістерін, нысандарын және құралдарын анықтайтын бейіндік дайындау процессін жобалау болып табылады. Қалыптастыру функциясы жоғарғы сынып оқушыларының таңдаған кәсіпті

менгеруге тұрақты тілектің пайда болуы үшін педагогикалық шарттарды жасайтын, олардың табыстылық және әлеуметтік маңызы туралы көзқарастарына сәйкес мотивациялық әлеуетті дамытуға бағытталған. Бұл модельді іске асыру мынадай педагогикалық шарттарды: бірыңғай «мектеп – кәсіптік білім беру үйімі – жұмыс беруші» білім беру кеңістігі жағдайында оқытуды үйімдастыруды; вариативтік бөлімді (таңдау бойынша курстар) қамтитын оқу-өндірістік тапсырмалар кешенін оқыту процессін кіргізуі; кәсіптік ақпаратты, кәсіптік консультация беруді және әвристикалық іс-қимылдарды қамтитын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді орындағанда табысты болады. Ресурстық функция әрбір оқушының білім беру үйімінің және өнірдегі өндіріс орындарының материалдық-техникалық базасымен танысуға мүмкіндік береді. Оқушылардың тұрақты өзіндік анықталуы мұддесінде олардың қызығушылықтарын арттыру үшін сабактардың әртүрлі нысандары қолданылады: дәрістер, рольге кіру, жобалар, өндіріс орындарына экскурсия жасау, бұлардың барлығы қорнекі көрсетіледі және олардың барлығына оқушылардың тікелей қатысуы көзделеді, соның арқасында оқушылар кәсіптік іс-қимылдардың жағдайлары және мазмұнымен жақсы танысады.

6. *Бағалауышы* бейінді оқыту процессі барысында оқушылардың тұрақты кәсіптік өзіндік анықталуы компоненттерінің қалыптасуының критерийлері мен белгіленген деңгейін құрайды. Бұл компоненттің функциялары: диагностика, бағалау және талдау болып табылады, олар оқушылардың болашақ кәсіптік іс-қимылға дайындығын қалыптастыру процессі туралы ақпараттарды жинақтауға және зерделеуге көмектеседі. Дайындық нәтижелерін бағалау үш топқа бөлінген критерийлер бойынша іске асырылады:

- мотивациялық-тұтынушылық, ол нәтижеге қол жеткізуге ұмтылуды, кәсіптік білімдер мен біліктерді алуға бағытталуды, кәсіпті таңдауға қызығушылықтардың пайда болуын, рефлексияның пайда болуын және өз қабілеттерін өзіндік бағалауды сипаттайты;

- ақпараттық, ол өндірістердің заманауи түрлері, әртүрлі кәсіптерді менгеру нысандары мен жағдайлары, кәсіптердің құндылықтары мен маңыздылықтарын, соның ішінде еңбек нарқындағы қалыптасқан ситуациялар жағдайы, кәсіптік түсініктерді қолдана білу туралы білімдердің болуын анықтайты;

- іс-қимылдық-практикалық, ол әртүрлі саладағы мамандардың іс-қимылдының түрлері туралы, стандарттық емес мәселелерді шешу білігі, оның ішінде ақпараттық технологияларды қолдана отырып, қолданыстағы ережелер мен нормаларды сақтай отырып, еңбек құралдарын қолдана отырып, оқушылардың білімдерінің деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

7. *Нәтижелілік*, ол оқушылардың кәсіптік өзіндік анықталуын қалыптастырудың тиімділігін тексеруге бағытталған. Оқытудың нәтижелері кәсіптік және әлеуметтік қалыптасуы түрғысынан қарастырлады және нақты оқушының, сонымен қатар барлық топтың белгілі бір іс-қимыл саласында базалық құзыретке қол жеткізу деңгейін анықтайты. Бұл жерде практикалық

бағытталған кәсіптік сынамалар үйымдастыру мен өткізу аса маңызды болып табылады, олар нақты еңбекке барлық ережелер мен нормаларды сақтай отырып, оқушының жеке тұлғалық қабілеттерін анықтауға мүмкіндік береді.

Кәсіптік сынама кәсіптік іс-қимылдың нақты түрінің элементтерін модельдейді және өзінің көзқарасы және күтуі түрғысынан оның артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұның барлығы оқушыға таңдалатын кәсіпке жеке тұлғалық дайындығының деңгейін анықтауға мүмкіндік туғызады және болашақ мамандықты таңдау бойынша саналы шешім қабылдауға оң әсер етеді.

Модель шенберінде жоғарғы сынып оқушыларының кәсіптік өзіндік анықталуын қалыптастыру жүйелі түрде мынадай бірнеше:

- оқушылардың әлеуметтік қоршаган ортаға және болашақ мамандыққа бейімделуі;
- өзіндік анықталудың өзектенуі – жүйелі өзіндік танымға, рефлексияға және кәсіптік дамуға саналы қажеттілікті қалыптастыру;
- өзіндік анықталуды дамыту және күшайту –еңбек опреацияларын менгеруге ұмтылуды, топта жұмыс істеу қабілеттерін, оқушылардың қабілеттерін бағалауды және өзіндік бағалауды қалыптастыру.

ЖБМ жағдайында жоғарғы сынып оқушыларын кәсіптік өзіндік анықталу моделін іске асырудың тиімділігі көп жағдайда мынадай факторлармен анықталады:

- оқытудың инновациялық білім беру технологиялары бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру;
- практикалық-бағытталған курстар мазмұнын әзірлеу;
- оқушылардың кәсіптік өзіндік анықталуды қалыптастыру деңгейін тұрақты бақылау кезеңдерінде іске асады.

Практикалық-бағытталған курстарды іске асыру бейінді таңдауға оқушылардың дайындығын қалыптастырады, оқушыларды оқытудың жеке дара траекториясын тұрғызу мүмкіндігі олардың өзіндік анықталуына ықпал етеді. Олар кәсіптік өзіндік анықталуды қалыптастыру жүйесінде өзіндік іске асырылу құралы болып табылады, мектептегі оқытуды кәсіптік білім беру үйымдарындағы және өндірістердегі оқытумен байланыстыруға мүмкіндік береді, бұның өзі оқушыларды практикалық қана емес, сонымен қатар кәсіптік бағдарлану мәселелерін шешуге ынталандырады [12].

Практикалық-бағытталған курстарды қолданып оқытуды үйымдастыру оқытушының оқушыларды белсенділікке шақыруына, оқытудың әртүрлі тәсілдерін қолдана отырып, алдын ала қойылған оқу мақсаттарына бағыттауға, оқушылардың педагогтер қойған мәселелерді шешу бойынша іс-қимылдар жасауына негізделген. Практикалық-бағытталған курстардың басым бағыттары білімдерді беру (білімдерді трансформациялау) емес, кәсіптерге бағытталған оқушылардың дағдылары мен біліктерін қалыптастыру болып табылады, ол тұлғалық қажеттіліктері мен ниеттеріне сәйкес әрбір оқушының оқытудың жеке дара траекториясын тұрғызуына мүмкіндік береді. Практикалық-бағытталған курстар әртүрлі, бірақ кәсіптік

іс-қимылдың нақты түрлерін менгеруге бағытталған, олар өндірістік оқыту барысында әлеуметтік және кәсіптік ұтқырлықтың дамуынаң әсер етеді. Мұндай курстар бейіндік пәндер бойынша білімдерді жүйелейді және тереңдетеді [12].

Практикалық-бағытталған курсардың мақсаты оқушыларды оқытууды жекелендіру және әлеуметтендіру, таңдалған іс-қимыл саласында нақты іс-қимыл жүргізудің алғашқы кәсіптік дағдылары мен біліктерін қалыптастыру арқылы кәсіпті саналы жауапкершілікпен таңдауға дайындау, әрбір оқушыны білім беру үйымдарының, өндіріс орындарының материалдық-техникалық базасымен таныстыруға мүмкіндік беру болып табылады.

Практикалық- бағытталған курстар оқушыларға өнірдің (облыстың) әлеуметтік-экономикалық дамуының түйінді проблемаларын; кәсіптің ерекшеліктерін зерделеуге; кәсіптік сынамалар жасауға; үйымдастыру және өзіндік іс-қимылдардың дағдылары мен біліктерін жетілдіруге; іс-қимылдың кәсіптік түрлерінің әлемін тануға көмектеседі. Практикалық-бағытталған курсаржоғарғы сынып оқушыларына кәсіптік өзіндік анықталуда көмек көрсетуге итермелейді, менгерілген кәсіптік білімдер, біліктер мен дағдылардың іргелі негізін қалайтын жалпы білім беретін пәндермен жалпы білім беретін пәндермен пәнаралық байланысты іске асырады, жоғарғы сынып оқушыларын кәсіптік іс-қимылға бейімдейді, жеке тұлғалық қажеттіліктерді іске асырады. Практикалық-бағытталған курстар қосымша білім берумен толықтырылады, оқушылардың кәсіптік бағыттағы пәндерді терең оқуларын, зерттеу біліктерін дамытууды қамтамасыз етеді.

Оқушылардың кәсіптік өзіндік анықталуын қалыптастырудың жетекші технологиясы болып жобалық технология және портфолио технологиясы таңдап алынды. Жыл сайын оқу процесін үйымдастыру нысандары, оқушылардың оқытуудың элективтік курсарын таңдау барысында іс-қимылдарын белсенді ету үшін уақтылы өзгерістер енгізу мақсатында курсардың мазмұны мен бейінділігі талданады. Оқушының жоғарғы сыныпта оқу барысында портфельдің 5-6 практикалық-бағытталған курсарын менгеруге мүмкіндіктері бар. Олар кәсіптің (мамандықтың) негізін зерделеуге, өндіріс құрал-жабдықтарымен, еңбек құралдарымен, аспаптарымен танысуға, өмірлік және кәсіптік жоспарларды өзгертуге, кәсіптік өзіндік анықталу перспективасына, әрі қарай мамандануды (таңдау курсары) саналы жоспарлауға бағытталған. Нақты кәсіптік саладағы практикалық тәжірибелі жинақтауға бағытталған курсардың тиімділігінің критерийі оқушыларды нақты кәсіптік іс-қимылға, кәсіпті менгеруге дайындау болып табылады.

Практикалық-бағытталған курсарды үйымдастырудың мен жүргізудің тиімділігінің нәтижесі кәсіптік сынамалар болып табылады.

*Жоғарғы сынып оқушыларының кім болғысы келеді?*

Жоғарғы сынып оқушыларының 50%-дан астамы болашақ кәсіпті таңдауын өзінің нақты мүмкіндіктері және еңбек нарқы қажеттіліктерімен байланыстырмайды; респонденттердің 46%-ы кәсіпті таңдауда үлкендердің (ата-аналардың, туысқандардың, таныстардың) көмегіне сүйенеді; 67%-ының

кәсіпті таңдаудың ғылыми негіздері туралы түсініктері жоқ, оның ішінде кәсіптің «ізденушігө» қоятын талаптары туралы ақпараттары жоқ, кәсіпті таңдауда өз мүмкіндіктерін талдау біліктегі қалыптаспаған; 44%-ы өзінің қызығушылық еңбек саласында оқу мүмкіндіктері туралы хабарлармен қамтамасыз етілмеген. Олардың көшілілігінің жеке дара білім алу сұраныстары жоқ, білім алуды жалғастыру бағыттарын саналы таңдауға жеке қажеттіліктері қалыптаспаған және жаңа экономикалық, әлеуметтік мәдени жағдайларда өзін-өзі іске асыру және кәсіптік өзіндік сәйкестендіруге дайындықтарының жоқ екендігі байқалды. Бұл проблеманы шешу мектептер мен кәсіптік білім беру үйымдарының өзара қарым-қатынасы барысында кәсіптік сынамаларды үйымдастыру және жүргізу арқылы шешілуі мүмкін.

### *Кәсіптік сынама дегеніміз не?*

Кәсіптік сынамаларбарлық ережелер мен нормаларды сақтай отырып, нақты еңбекке өзінің жеке дара қабілеттерін ашып көрсетуге және қолдануға бағытталған. Кәсіптік сынамалар таңдалған іс-қимыл түріне толықтай батуға, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Кәсіптік сынамалар орындалған кәсіптік іс-қимылды бағалау, өзіндік бағалау, нақты еңбек түрінің жалпыенбектік, жалпыөндірістік арнайы білімдерін, біліктерін және дағдыларды қалыптастыру бойынша саналы шешім қабылдауға оң әсер етеді. Мысалы, жоғарғы оқу орнының оқытушысы заманауи оқыту әдістерін қолдана отырып, іске асыратын шығармашылық жобалар, технологиялық операциялар және т.б. көрсету. Кәсіптік сынамадағы жобалық оқыту мақсатты және еңбек түрін таңдау шарттарын жасайды.

Кәсіптік сынама білім алушылардың кәсіпті таңдауына дайындығын қалыптастырудың жүйе құрастыруши факторы ретінде танылады, ол қалыптасқан жағдайда талдау қабілеттерін, зерттеу, психологиялық-педагогикалық және ақпараттық көмек сұрауды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Кәсіптік сынамалар негізін профессор С.Фукуяма (Жапония) идеясы [26] құрайды, соған байланысты кәсіптік сынама кәсіптік бағытталу және өзіндік анықталу саласында аса маңызды кезең болып саналады, себебі оны орындау процесінде білім алушы өз таңдау алуға дайындалып жүрген немесе таңдаған кәсіптік іс-қимыл бойынша тәжірибе жинайды, соған байланысты осы іс-қимылдың сипатының өз қабілеттеріне және біліктеріне сәйкестігін анықтайды.

Кәсіптік сынама барысында білім алушылар мынадай кәсіптер: «адам - табиғат», «адам - техника», «адам - адам», «адам – белгілі жүйе», «адам – көрнекі образ» түрлеріне байланысты іс-қимылға араласады.

Кәсіптік сынамалар екі кезеңде өткізіледі.

- Бірінші — дайындық кезеңі, онда оқытатын және диагностикалық бөлімдер анықталады.

- Екінші — практикалық кезең, ол үш: технологиялық, ситуациялық және функционалдық бағыт бойынша тапсырмаларды қамтиды.

Дайындық кезеңнің оқытатын бөлімі осы кәсіптік іс-қимылдың саласына кіретін кәсіптер туралы негізгі ақпараттарды алуға бағытталған.

Диагностикалық бөлім тұлғаның кәсіптік маңызды сапаларды анықтауға бағытталған.

Білім алушылардың дайындық кезеңі барысында айтылатын теоретикалық мәліметтер аспаптарды, материалдарды, құрал-жабдықтарды, құжаттарды, плакаттарды, жұмыс әдістерін көрсету арқылы инструктаж ретінде беріледі. Оқушылар белгілі-бір кәсіпті менгеруге өажетті психофизиологиялық және интеллектуалдық сапалар туралы ақпаратты алады. Белгілі-бір жұмыстың технологиясымен, еңбек қауіпсіздігі ережелерімен, санитариямен және гигиенамен танысады.

Практикалық кезең үш деңгейлі қындықтардың сынамаларын қамтиды. Бірінші деңгейдегі сынама нақты іс-қимыл саласында практикалық тәжірибелері жоқ немесе орындаушы жұмысына ептілігі бар оқушыларға ұсынылады. Екінші деңгейдегі сынамалар нақты кәсіптік іс-қимыл саласына қызығушылықтары бар, жасампаздық жұмысқа бейімділігі бар оқушыларға ұсынылады. Ушінші деңгейдегі сынамаларды тұрақты кәсіптік қызығушылықтары бар, шынайы шығармашылық еңбекке бағытталған оқушылар орындайды.

Кәсіптік сынамалар мазмұны іс-қимылдың оқушылардың интеллектуалды дамуын даму деңгейіне сәйкес орындаушылық, жасампаздық және шығармашылық компоненттері бар болуын талап етеді. Кәсіптік сынамадағы орындаушылық компонент мектеп оқушыларында нақты берілген алгоритм бойынша іс-қимылдармен, мысалы, нұсқаулыққа, жоспарлы тапсырмаға және т.б. сәйкес практикалық жұмысты орындауға байланысты практикалық біліктердің, қалыптасуын пайымдайды.

Кәсіптік сынаманың жасампаз компоненті білім алушылардың құрастыруға деген, зерттеу жұмыстарын жүргізуге, мысалы, сыйуларды, эскиздерді, технологиялық карталарды, материалдарды, детальдарды тандауға, сонымен қатар белгілі-бір құрылымды жаңғыртуға қабілеттерін дамытуды көздейді.

Кәсіптік сынаманың шығармашылық компонентіне жұмыстың басындағы, аралық және соңғы мақсаттарына, жоспарлауға, әдебиет көздерін іздеуге, проблема бойынша арнайы әдебиетті және басқа ақпараттарды зерделеуге, мұлдем жаңа заттарды құрылымдауға, дәстүрлі емес ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге, қойылған тапсырмаларды шешудің жаңа әдістерін қолдануға байланысты білім алушылардың іс-қимылының мазмұнын жатқызуға болады.

Кәсіптік сынаманы ұйымдастыру және жүргізуге білім алушылардың ата-аналарын жұмылдыру тиімді болады, себебі олардың ойын, ниеттерін ескеру, конструктивті ұсыныстарын білу қажет.

Сонымен, кәсіптік сынамалар білім алушылардың кәсіптік өзіндік анықталуын қалыптастыратын тиімдітәсіл болып табылады. Сонымен қатар, кәсіптік білім беру ұйымдарының базасында кәсіптік сынамаларды ұйымдастыру және өткізу білім алушылардың жұмыс кәсіптерін менгеруге жұмылдыру проблемасын шешуге көмектеседі. Оның өзі қазіргі кездегі еңбек нарқындағы сұраныстар мен білім беру қызметінің ұсыныстары арасындағы

дисбалансты реттеу үшін тиісті жағдай жасайды. Кәсіптік сыйнамалар шенберінде практикалық іс-қымыл арқылы білім алушыларда саналы кәсіптік таңдау және өзін болашақ кәсіпте табысты іске асыру бойынша қабілеттері қалыптасады [12].

Мектептегі оқу процесіне практикалық-бағытталған курсарды енгізу оқушылардың қажеттіліктерін, кәсіптер мен мамандықтарды таңдау туралы саналы шешім қабылдау үшін еңбек іс-қымылына бейімделуді, социумда және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқытуды қамтамасыз етеді. Қосымша білім беру ретінде коллеж және жоғарғы оқу орындарының оқытушылары жүргізетін тұрақты қолданыстағы интерактивті режимдегі курсар және семинарларды айтуда болады.

**2 кесте – оқушылардың кәсіптік өзіндік анықталуының қалыптасуын бағалау критерийлері мен көрсеткіштері**

Критерийлер	Көрсеткіштер	Анықтау әдістері
1	2	3
Мотивациялық-тұтынушылық	<p>Білім алуды жалғастыру бағыты үшін таңдау мотивтерін қалыптасуы</p> <p>Таңдау ситуациясына он (оптимистік) көзқарас</p> <p>Әрі қарай білім алу бағытын таңдау туралы шешім қабылдау процесін жүргізудегі оқушылардың белсенді позициясы</p> <p>Білім беру-кәсіптік маршруттарды құрастыру және іске асыруда оқушылардың қоғамдық маңызды құндылықтарды жетекшілікке ала білу қабілеттері</p>	<p>Тестілеу, байқау, Е.А. Климова сауалнамасы (нақты кәсіпте байқалатын бейімділікті анықтау үшін қолданылады), К. Замфир (еңбек іс-қымылына деген мотивация), А.Е. Голомшток (тәнімдық қызығушылықтар), И.Л.Соломин(кәсіптік бағдарлану)</p>
ақпараттық	<p>Білім алуды жалғастыру бағыттарын таңдау спектрі туралы ақпараттарға ие болу</p> <p>Нақты іс-қымылға қызығушылықтың бар болуы</p> <p>Кәсіптік бағдарланудың маңызды ақпарат көздерімен жұмыс істеу білігі</p> <p>Кәсіптік өзіндік анықталу үшін өз қабілеттерін, сапаларын, бейімділіктерін білу</p> <p>Кәсіптік таңдауға әсер ететін факторларды көрсететін өмірлік мысалдарға оқушылардың көніл бөлу дайындықтары және олардың шектеуліктері</p> <p>Біс-қымылдық лім беру және кәсіптік жолдарды таңдауға әсер ететін сыртқы және ішкі факторларды тани білу білігі, сонымен қатар, негізгі шектеуіштер және оларды тенестіру тәсілдері</p> <p>Әрі қарай оқу мен еңбек іс-қымылдарының</p>	<p>Практикалық-бағытталған кәсіптік сыйнамалардың теоретикалық кезеңін бағалау, курсар, факультатив бойынша бағалар, сауалнамалар, әңгімелер</p>

	таңдалған бағыттарының адамға қоятын талаптары туралы хабарлану	
Іс-қимылдық-практикалық	<p>Мақсат қоя білу және оған қол жеткізу іс-қимылдының бағдарламасын әзірлеу білігі</p> <p>Мүмкін шектеуіштерді ескере отырып, білім алуды жалғастырудың барнұсқаларын талдау білігі</p> <p>Таңдалған еғбек саласында тәжірибе жинақтауға бағытталған өнімді, практикалық іс-қимылға табысты қосыла бәлу қабілеті</p> <p>Кәсіптік бағдарланудың айтарлықтай проблемалары контекстінде кәсіптік-өндірістік және әлеуметтік-мәдени орталардың өзара қарым-қатынасының бар тәжірибесін қолдана білу қабілеті</p>	<p>Практикалық-бағытталған кәсіптік сыйнамалардың практикалық кезеңін бағалау, практикалық және зертханалық сабактарды, факультативтерді, әңгімелерді бағалау, бақылау, саулнама жүргізу</p>

Жоғарғы сынып оқушыларының кәсіптік өзіндік анықталуын қалыптастырудың тиімділігі: төменгі, орта және жоғарғы деңгейлері бойынша жоғарыда келтірілген критерийлер мен көрсеткіштерге сәйкес бағаланады. Төменгі деңгей терең емес біліммен сипатталады, орта деңгей – іс-қимылдың типтік түрлерін іске асыруда жеткілікті білімдер, біліктер және дағдылармен, жоғарғы деңгей – типтік емес өмірлік және өндірістік ситуацияларда проблемаларды шешу үшін білімдер, біліктер және дағдылардың бар болуымен сипатталады.

Мысалы, төменгі деңгейдегі іс-қимылдық-практикалық критерий: болашақ кәсіп туралы саяз біліммен және көзқараспен; зерттеулерді жүргізу және практикалық тапсырмаларды орындау барысында дайын шаблонды біліктерді көрсетумен; өз іс-қимылын өзіндік талдау және өзіндік бағалау жүргізу білігінің жоқтығымен сипатталады. Орта деңгейде: таңдалған саладағы мамандардың іс-қимылдының түрлері туралы жеткілікті білімдердің болуымен; ақпараттық технологияларды қолдана отырып, стандартты емес мәселелерді шешу білігінің бар болуыын; әуестіктің бар болуымен сипатталады. Жоғарғы деңгей: әртүрлі саладағы мамандардың іс-қимылдарының түрлері туралы оқушылардың жоғарғы дәрежедегі білімдерінің бар болуымен; шығармашылық әлеуетін қолдана отырып, стандартты емес мәселелерді шешу білігімен; ерекше ойлау қабілетімен; өз іс-қимылдының нәтижелерін бағалай білу қабілетімен сипатталады [12].

Жеке дара білім беру маршрутын жобалау – кәсіптік жобалауды әзірлеу процесsei, ол мыналарды:

- алғашқы ситуацияны бағалауды (адамның ішкі мүмкіндіктері мен қажеттілігін, сыртқы ұсыныстар мен талаптарды);
- қалаулы кәсіптік болашақ (кәсіптік мақсаттар) образын анықтау;
- қалаулы кәсіптік болашаққа қол жеткізу үшін ресурстар мен шектелерді талдауды;
- анықталған ресурстар мен шектеулерді ескере отырып, қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін нақты қадамдарды жасаудықамтиды..

**Кәсіптік өзіндік анықталуды қалыптастыру кезеңдері**

*Ақпараттық жұмыстар*

1. Кәсіптік ұйымдардың түрлері және деңгейлерімен жалпы танысу
2. Білім беру ұйымдары мен өндіріс орындарын аралауды ұйымдастыру
3. Шығармашылық конкурстарды ұйымдастыру және жүргізу
4. Оқушылардың еңбек нарқын зерделеуі

Пропедевтикалық кезең (8 сыныптың соны)

1. Қаланың «білім беру картасының» презентациясы
2. Білім алушылардың кәсіптік бағытталуының диагностикасы
3. Ата-аналардың («кірістегі») ойларын ескере отырып, оқушылардың білім алу сұраныстарын зерделеу

*Негізгі кезең (9 сыныптағы оқу барысында)*

1. Оқушылардың оқыту бейінін анықтау мақсатындағы педагогикалық диагностика және болашақ кәсіптік білім алу жолдарын анықтау.
2. Өзіндік таным процесін ұйымдастыру, кәсіптік траекторияны тандау «сынамаларын» алуды ұйымдастыру.
3. Оқушылардың мүмкін болатын шектеулерді (қыындықтар, проблемалар), траекторияларды тандау еркіндігін талдау.
4. Кәсіптік конкурстарға қатысу.
5. Бейіндітімдітаңдауды анықтау бойынша оқушыларға консультация беру.
6. Ақпараттық-әдістемелік базаны қалыптастыру.

*Қорытынды кезең (9 сыныптың соны)*

1. Кәсіптік траекторияны өзіндік және саналы тандауға оқушылардың дайындық деңгейінің диагностикасы
2. Ата-аналардың (шығыстағы) ойын ескере отырып, оқушылардың білім алу сұраныстарын зерделеу.
3. Кәсіптік білім беру маршруттын жоспарлау.

*Білімдік-кәсіптік маршрутты жоспарлау*

*1. Кәсіптік болашақ образды түрғызу:*

- кәсіптік қызығушылықтар мен бейімділіктерді зерделеу;
- кәсіпті тандау мотивін анықтау;
- таңдалған кәсіпке өзінің эмоционалдық қатынасын анықтау;
- зейіннің, жадының және ойлаудың ерекшеліктерін кәсіптің талабымен салыстыру;
- өз тұлғасының темперамент түрі мен мінездемелік сипаттын анықтау;
- өзінің қабілеттерін анықтау;
- білімдер, біліктер және дағдылар деңгейін анықтау;
- кәсіптің адам денсаулығына қоятын талаптарын өзіндік сезіммен салыстыру;
- таңдалған кәсіп бойынша еңбек іс-қимылын атқарушы өзіне ұсыну;

- еңбек іс-қимылын орындау процесінде басқа адамдардың саған қатынасын ұсыну.

*2. Мақсаттарды құру бойынша іс-қимылдар (жоспарлау білігі):*

- алыс кәсіптік мақсат (арман);
- жақын кәсіптік мақсаттар (алыс мақсатқа қол жеткізудің кезеңдері және жолдары);
- өзің туралы білім (алыс және әсіреле жақын мақсаттарға қол жеткізу үшін өзіңің қабілеттерің мен мүмкіндіктерінді білу);
- мақсаттарға (әсіреле, жақын) қол жеткізуге дайындықтар жолдарын және өзінді жетілдіру жұмыстарының әдістерін анықтау;
- алық мақсатқа жақындау әдістері ретінде мансаптың қосалқы нұсқаларын жоспарлау.

*3. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша іс-қимылдар шешім қабылдау білігі):*

- шешімдердің әр нұсқасы бойынша ақпарат жинау;
- әрбір баламадағы табыстылықтың мүмкінділігін зерттеу;
- әрбір баламаның адам мақсаттары мен құндылықтар арасындағы байланыс;
- нақты іс-қимыл жоспарын әзірлеу және проблеманы шешудің нақты нұсқасын оң әсер ететін және қарсы әсер ететін факторларды анықтау.

*4. Әрі қарай даму және өзіндік даму үшін мақсаттарды өзгерту іс-қимылдары (кәсіпке шынайы дайындалу):* жаңа мүмкіндіктер және жаңа даму үшін іс-қимылдар жоспарының тұжырымдамасы.

*5. Мансапты жоспарлаудың болжамды нәтижелері:*

- сен болашақта айналысатын мамандықтардың, кәсіптік іс-қимылдардың ерекшеліктері;
- ай сайынғы болжамды материалдық пайда;
- болжамды кәсіптік жетістіктер;
- болжамды жұмыс күні;
- орындалатын кәсіптік іс-қимылға қанағаттану.

Жеке дара білім беру маршруты білім алушының жеке дара оқу жоспарын және жеке дара білім беру бағдарламасын іске асыру бойынша нақты іс-қимылдар бағдарламасы болып табылады. Жеке дара оқу жоспары болжау функциясын атқарады, ал жеке дара білім беру бағдарламасы жобалау функциясын орындаиды.

Оқушылар үшін жеке дара карталар толтырылады, олардың мақсаты жоғарғы сынып оқушыларының жеке бастық ерекшеліктерін зерделеу, бейімделу кезеңінде психологиялық көмек көрсету және білім беру және эмоционалдық-тұлғалық ортада проблемаларды анықтау үшін бейінді және базалық деңгейлерде оқу пәндерін зерделеудің дұрыс таңдалуына бағыттау, дер кезінде коррекциялық жұмыс атқару болып табылады. Ол үшін төмендегі З кестеде көрсетілген әдістер қолданылады.

**З кесте. Жоғарғы сыйнып оқушыларының жеке бастық ерекшеліктерін зерделеу әдістемесі**

<b>№ п/п</b>	<b>Атауы</b>	<b>Автор</b>	<b>Мақсат</b>	<b>Мерзімі</b>
1.	Окушылар ұжымының педагогикалық социометриясы	Г. А. Карпова	Эмоционалдық байланыстарды, былайша айтқанда, топ (сынып) мүшелерінің өзара ұнатулары	Екі жылда бір рет
2.	«Дифференциялдық диагностикалық саул нама(ДДС)	Е. А. Климова	Професор Е.А.Климованың кәсіптер түрлерін жіктеуіші бойынша кәсіптік таңдау	Екі жылда бір рет
3.	«Қызығушылық картасы»	А. Е. Голомшток	Оку іс-қимылына қызығушылық деңгейін анықтау (мектеп пәндеріне); сонымен катар бейінді деңгейде зерделеу үшін таңдалған пәндермен дәл келуін анықтау	Екі жылда бір рет
4.	Айзенка тесті тұлғаның темпераментін анықтау	– Г. Айзенк	Тұлғаның темпераменттің анықтау және ол темпераменттің бір рет классикалық түрлерге: холерик, флегматик, меланхолик жатуы	Екі жылда бір рет
5.	Интеллект құрылым тестісі	Р. Амтхауэр	Жоғарғы сыйнып оқушыларының интеллектісінің деңгейі мен құрылымының диагностикасы	Екі жылда бір рет
6.	Оқу мотивациясы деңгейінің әдістемесі	Г. А. Карпова	Оқу іс-қимылындағы оқушылардың саналы мотивациясын анықтау	Екі жылда екі рет
7.	Тұлғаның бағыттылығын анықтау (бағытталу саул намасы)	Б. Басс	Тұлғаның бағыттылығын анықтау	Екі жылда бір рет
8.	«Құндылық бағдарлану» тестісі	М. Рокич	Жоғарғы сыйнып оқушыларының құндылық бағдарлануын зерделеу	Екі жылда бір рет
9.	Балалық қауіптенудің көпөлшемді бағалау (БҚҚБ)	Е. Е. Ромицина	Әлеуметтік маңызды және жеке даралық маңыздырғыштандыруда қауіптену деңгейін зерделеу	Екі жылда бір рет
10.	Диагностика әдістемесі және әлеуметтік-психологиялық бейімділүү (ӘПБ)	К. Роджер, Р. Даймонд	Мептептік бейімделу деңгейінің, жоғарғы сыйнып оқушыларының өзі және басқалар турали көзқарастарының ерекшеліктерінің диагностикасы	Екі жылда бір рет
11.	Кәсіптік бағытталу деңгейін анықтау әдістемесі	Зеер Э. Ф. Ерте жаста кәсіптік өзіндік анықталудың психологиясы	Білім алушылардың кәсіптік бағыттағы өзіндік бағалау әдістемесі	Екі жылда бір рет

		[23, 199 бет].		
12.	Кәсіптік дайындықты анықтау үшін сауалнама	Л. Н. Кабардова	Белгілі –бір кәсіптік саладағы білім табысты дайындығы	Екі жылда алушылардың бір рет функциясына

*Мысал: жоғарғы сынып оқушыларын жаратылыстану-математикалық дайындалу процессинде ЖБМ функцияларын іске асыру*  
Іске асыру шарттары мынадай: Условиями реализации являются:

– *ЖБМ-ды іске асыруды қолдау* (іс-қимылдың диагностикалық, дамытуши спектріне негізделген). Бұл шарт педагогтердің білім беру процессин ұйымдастыруға оны жекелендіруге, оның ішінде ЖБМ бойынша оқытуға, жоғарғы сынып оқушыларының жеке бастық қабілеттерін өзектілеу, білім алушылардың белсенділігін, дербестіктігін, өзін-өзі еркін көрсете алуына бағытталған өзгерістер енгізуі іске асыру ниетіне мен мүмкіндіктеріне көзделеді;

– *Оқушының тұлғалық өзіндік танымына бағытталған психологиялық бағдарламалардың, элективтік курстардың спектрін кеңейту* (оқушы кәсіптердің, мамандықтардың, оған дайындастырылған жоғарғы окуорындарының және колледждердің кең «палитрасымен» таныстырылады). Жұмыстың бұл бағытының негізгі міндеті – ақпараттық-ағарту, дамытуши, оқушылардың психологиялық мәдениетін дамытуға бағытталған қажеттілікке байланысты түзету, өзінің «Мен» деген образын тереңдету бойынша, кәсіптік өзіндік анықталуға бағытталған жұмыстар жүргізу болып табылады;

– *Оқушы өзін әртүрлі іс-қимыл түрінде өзін сынап көре алатын ерекше жағдай жасау*(бейінді сынамаларды, әлеуметтік практиканы) ұйымдастыру және өткізу. Әлеуметтік практика – оқу-әлеуметтік іс-қимыл түрі, онда адам әлеуметтік тәжірибе алады. Әлеуметтік практика барысында жоғарғы сынып оқушылары болжаулы болашақ кәсіптермен, еңбек жағдайымен, нақты кәсіп қызметкерлеріне қойылатын талап деңгейімен, осы іс-қимыл үшін қажетті біліктірмен танысады. Оқушылар әлеуметтік тәжірибе алатын орынды және нысанды өздері ұсынуы, ол жұмысты атқаруы, ол жұмысқа сабактың барысында және сабактан тыс уақытта дайындалуы, практика жетекшілерінен, мамандардан консультация алулары мүмкін. Әлеуметтік практика оқушылардың өздерінің немесе ұжымның іс-қимылын әлеуметтік практика барысында жоспарлаудан (жобалаудан) басталады және ол әлеуметтік практика паспорты ретінде беріледі. Практика нәтижесінде қорғалатын міндетті өнім әлеуметтік практика папкасы болып табылады, оның мақсаты топтың әлеуметтік практикадан өту барысындағы жұмыстың жүрісі туралы презентация болып саналады;

– *портфолио технологиясын іске асыру*. Оның дәстүрлі бақылау-бағалау құралдарынан айырмасы оқушылардың жан-жақты іс-қимылдарының: элективтік курсардан өту, әлеуметтік практикаға,

олимпиадаларға және т.б. фактілерді көрсететін объективтік деректерден тұрады. Бұл фактілер портфолиоға салынғандеректердің объективтіліктерін арттырады, сонымен қатар мұғалімнің оқушыға деген стереотиптік қатынасының немесе субъективтік қатынасының әсерін төмендетеді. Портфолиомен жұмыстың маңызды нәтижелері *рефлексияны* және өз мүмкіндіктері мен жетістіктерін өзіндік бағалауды, өзінің жеке дара өсуін қалыптастыру болып табылады;

— *негізгі орта және жалпы орта деңгейлерінде әмбебап оқу іс-қимылдарын әзірлеу және іске асыру.*

Өмірлік жолды жобалау мәселелері мыналармен анықталады:

- 1) жеке тұлғалық және кәсіптік өзіндік анықталу қажеттігінің өзектілігі мен объективтілігі және өмірлік жоспарлар құру;
- 2) мүмкін таңдаулар өрісіне бағларлану;
- 3) «рольдік эксперименттер» немесе мүмкін тұлғалық және кәсіптік дамудың әртүрлі модельдерінде «өмір сұру»;
- 4) мүмкін альтернативалар кеңістігінде жеке тұлғалық таңдау негізінде өзіндік анықталуды іске асыру;
- 5) нақты мақсаттарды, практикада таңдауды іске асыру жолдары мен әдістерін анықтау болып табылады.

Алдыңғы жастық даму деңгейіндегі *Уақыт перспективасында өмірлік жоспарларды түргышуда өзіндік реттеу және мақсатты іс-қимылдар жүйесінің қалыптасуы.*

ЖОЖ функцияларын іске асыру арқылы жоғарғы сынып оқушыларының жаратылыстану-математика бойынша даярлығының [11] қосымша жағдайлары мыналар болып табылады:

1. Бейінді оқытудағы және кәсіптік білім берудің сабактастықты үйымдастыру жаратылыстану-ғылыми циклдің пәндерін зерделеу, жобалау-зерттеу практикасын үйымдастыру, оқушының сыртқы білім беру ортасымен өзара қарым-қатынасы, интеграцияланған курсы іске асыру барысында оқушылардың іс-қимылдарының мазмұнын интеграциялау болып табылады.

«Бейінді пәндерді, элективтік курстарды, кәсіптік сынамаларды және әлеуметтік практикаларды таңдауда оқушылардың артық көрүлерін анықтау және талдау. Бұл жұмыс 8-ші сыныптан бастап, бейіналды дайындықтың алдында басталады. Әрбір білім алушының пәндік қызығушылықтары және қабілеттері диагностикадан өтеді. Одан кейін осы зерттеу карталары «бірінің үстіне бірі» қойылады. Қызығушылықтары мен білім алу қабілеттері сәйкес оқушылар топтары анықталады. Оқушылардың осы контингенті қажетті және өздері қалайтын пәндерді оқуға ынталы. Қызығушылықтары нақты емес оқушылардың тұлғалық бағытталуы, кәсіп түрлеріне бейімділіктері ескеріледі. Осындай талдаудан кейін әрбір оқушымен, олардың ата-аналарымен жеке дара әңгімелесу өткізіледі, білім алу деңгейлері және білім алу бағыттары бойынша ниеттері анықталады. Соның нәтижесінде оқытудың бірнеше бағыттары бойынша 8-ші сыныптан бастап ағындық жүйе байынша топтар құрылады.

2. Әрі қарай кәсіптік жолды таңдау стратегиясын оқыту

жаратылыстану-математика циклінің пәндері бойынша жеке дара оқу жоспарын, білім беру бағдарламаларын іске асырумен анықталады. Бұл шарт оқушылардың жаратылыстану білімдері және болашақ кәсіптік жолды саналы таңдауы арқылы субъективтік тәжірибелерінің және өзіндік дамуға жеке бастық дайындығының дамуына бағытталған».

3. ЖОЖ бойынша оқыту барысында жоғарғы сынып оқушысы ағындық жүйе бойынша оқиды, өзіне қажетті білім алу мазмұнын өзі үшін анықтайды (бейінді пәндер, элективтік курстар, әлеуметтік практикалыр және топтық оқу жобаларының тізімі), ол мазмұнға кәсіптік жаратылыстану-математикалық білім беру мазмұнының элементі кіреді, осы кәсіптік іс-қимыл түріне сәйкес әдістер мен тәсілдер кең қолданылады. Сабактардың арнайы кестесі жалпы білім беру пәндері мен әлеуметтік тәжірибелі қалыптастыруға бағытталған кәсіптік білім берудің әртүрлі нысандарының кезектеліп отыруы қамтамасыз етіледі. Оқытудың педагогикалық технологиялары және құралдары арқылы жеке дара білім беру траекториялары жалпы орта, сонымен қатар кәсіптік білім берудің дамытушы ресурстарын қамтиды».

Жеке дара оқу жоспарлары негізінде білім беру процессін ұйымдастыру өмірлік және кәсіптік өзіндік анықталу қабілеттерін қалыптастыру бойынша жұмыстармен сүйемелденуі тиіс.

Әрбір жоғарғы сынып оқушысының өмірлік өзіндік анықталуының барлық компонентінің сәйкес болуына, олардың өзара қарым-қатынасының байқалуына, үйлесімдіктерінің артуына ұмтылу қажет.

Оның барысында өмірлік және кәсіптік өзіндік анықталудың қалыптасуының бірнеше деңгейін бөлуге болады:

1 *деңгей* – төмен: өмілік өзіндік анықталу толық емес, оның компоненттері толық қалыптаспаған немесе көпшілік жағдайда адекватты емес элементтермен толықтырылған, тіпті бірінші және екінші жағдайлар бір уақытта орын алады, адамның белсенділігі жақын мақсаттарға қол жеткізу әдістерін іздестіруге және ситуациялық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған.

2 *деңгей* – тұлғалық жаңа өзгерістер белгілерімен сипатталады, олар кәсіптік-еңбек таңдауында, кәсіптік іс-қимыл мағынасын іздестіру және кәсіптік мәдениет әлеміндегі мінез-құлықты реттеуге арналған өзінің шектеулі мүмкіндіктеріне рефлексиялауды және кәсіптік іс-қимыл саласын таңдауда субъектілерді бағдарлауды келіседі.

3 *деңгей* – өзірленген критерийлерге және социумда қофамдық қатынас саласындағы белгілі бір әлеуметтік топқа жатудың қолданыстағы нормаларына сәйкес өзін анықтау. Өмірлік жолды таңдау қофамдық тұтынысты, борыш сезімді қанағаттандыруға және өзінің әлеуметтік статусын көтеруге барабар

4 *деңгей* – жоғарғы сынып оқушыларын өмір жолының жеке дара құндылықтарын жобалауға бағыттауды, өзінің жеке табыстылығына қол жеткізуді, жеке дара рефлексия негізінде дербес өмірінің мәдениетін мақсатты менгеруге бағытталған, өзінің қызығушылықтарын ортаның

бағындыруына белсенді қарсы тұруға бағытталған өзінің «Мен» образын құрылымдауды және бекітуді көздейді.

*5 деңгей* – өмірлік өзіндік анықталу «тиімді тұтастық» белгілерініе болады. Бұл ең жоғарғы деңгей, мұнда өмірлік өзіндік анықталудың барлық базалық компоненттері жүйелік иерархияға бағынады, онда құндылық-бағытталу компоненті жетекші рольатқарады, ал өзіндік анықталу жалпы жоғарғы сынып оқушыларын жалпымәдени құндылықтарға, өмірлік таңдаудың адамгершілік мағынасын бағыттайды, адамгершілік тұрғыда ақталған өмірлік жолды жобалауды анықтайды.

Бұл деңгейде өзіндік анықталу өзіне ерікті және саналы қабылдаған этикалық және адамгершілік шектеулер арқылы, өз іс-қимылдының салдарын көре білу қабілетінде және жауапкершілікті сезінуде, өмір сұру мағынасын іздеуде көрініс табады.

Кәсіптік өзіндік анықталудың құрамалары 4-кестеде берілген.

#### *4 кесте - кәсіптік өзіндік анықталуды қалыптастыру құралдары*

<b>Кәсіптік өзіндік анықталудың құрамалары</b>	<b>Қайда қалыптасады</b>
–мектептен кейін кәсіптік білім алушының қажеттілігін сезіну	Негізгі мектептің бейіналды даярлығы шенберінде (элективтік курстар, кәсіптік сынамалар)
–әлеуметтік-экономикалық ситуацияда, енбек нарында, жұмысқа орналасуда бағдарлану	Қалалық еңбекпен қамту орталығына экскурсия, кәсіптерді анықтауыштың интернет-бағдарламасымен жұмыс істеу
– кәсіптік мақсаттың (арманның) болуы, оның басқа өмірлік мақсаттармен салыстырылуы	Қосымша білім беру бағдарламасы «өзіндік анықталудың қызын жолы», «Портфолио» технологиясы
–кәсіптік мақсатқа қол жеткізу жолдарының кезеңдері	«Мен жіне менің мансабым» элективтік курсы
–кәсіптерде, оқу орындарында, жұмыс орындарында бағдарлану	Мансапты жоспарлау бойынша кәсіптік диагностикалық іс-шаралар, сабактар және тренинг түрінде кәсіптік бағдар қызметінің кешені, кәсіптер бойынша жол көрсеткіш
–қойылған мақсаттарды іске асыруға қарсы болатын өзінің жеке бастық сапасы туралы көзқарас	«Тұлғаның өзіндік жетілуі» оқу жоспарының мектептік компонентінің өтпелі курсы»
– өзінің кемшиліктерін жену тәсілдері туралы көзқарас	«Тұлғаның өзіндік жетілуі» оқу жоспарының мектептік компонентінің өтпелі курсы»
– қойылған мақсаттарға қол жеткізуге көмектесетін жеке бастық қасиеттер туралы көзқарас	«Тұлғаның өзіндік жетілуі» оқу жоспарының мектептік компонентінің өтпелі курсы», дамудың жеке дара картасы, тыторлық сүйемелдеу
– мақсатқа жету жолындағы сыртқы кедергілер туралы көзқарас	«Тұлғаның өзіндік жетілуі» оқу жоспарының мектептік компонентінің өтпелі курсы», әлеуметтік практикалар

– сыртқы кедергілерді жену жолдары туралы білім	«Тұлғаның өзіндік жетілуі» оқу жоспарының мектептік компонентінің өтпелі курсы», әлеуметтік практикалар
– таңдаудың қосалқы нұсқаларының бар болуы	ЖБЖ бойынша оқыту моделінің шарты
– өзінің кәсіптік жоспарларын іске асыру үшін нақты іс-қимылдар	Мектепте оқу мен жоғарғы оқу орнында оқуды біріктіру (жоғарғы оқу орнына дейінгі факультеттер), әлеуметтік практикалар

Сонымен, жеке дара білім-кәсіптік маршрутты жобалау – мектеп түлегінің кәсіптік траекториясын тиімді және дәлелді жоспарлауы деген сөз.

Жеке дара білім беру маршруты білім берудегі оқушының тұлғалық әлеуетін іске асыру мүмкіндігі болып табылады, тұлғаның кәсіптік өзіндік анықталуы үшін жағдайлар жасайды, болашақ кәсіптік таңдау барысында көмекші болады.

Оқушылардың кәсіптік бағдарлануы, кәсіптік өзіндік анықталуын қалыптастыру көпасспектілі сипатта болады, бұның өзі мектептің барлық құрылымдық бөлімдерінің үйлестірілген іс-қимылдары ғана емес, сонымен қатар қосымша білім беру ресурстарын қамту болып табылады. Ең қолайлысы жалпы білім беру ұйымының базасында желілі ұйым түрлеріне сәйкес инфрақұрылым түрғызыу қажет, ол әлеуметтік серікtestіk негізінде жұмыс істейді және оқушыларға болашақ кәсіпті таңдауда ең жоғарғы еркіндікті қамтамасыз ете отырып, оған кіретін ұйымдардың ресурстарын біріктіруді көздейді.

Білім беру ұйымдары мен өндіріс орындарының ресурстарын біріктірілген Қарағанды қаласының № 5,13,51,100 мектептері негізінде құрылған кәсіптік-бағытталған орталықтар тәжірибесін келтірейік. Ресурстық орталықтар көпденгейлі динамикалық жүйе болып табылады, ол метеп және кәсіптік білім берудің сабактастығы негізінде жұмыс істейді, сонымен қатар теоретикалық оқыту мен оқушылардың арнайы оқу-өндірістік іс-қимылдарын біріктіреді. Әртүрлі саладағы мамандардың қажеттілігі, олардың кәсіптік іс-қимылдарының түрлері, жеке дара білім алу маршруттарын құру мүмкіндіктері (мысалы, бұл ақпараттық кеңістікке «Жарменке - Тұлек», «Политехникалық білім үшін» мерзімді басылымдар жатады) туралы хабарлаудың бірлескен ақпараттық орталығы құрылды.

Ресурстық орталықтардың іс-қимылдарының ерекшеліктеріне: оқытудың вариативтік мазмұны; мектеп және кәсіптік білім берудің сабактастығы; оқушылардың теоретикалық оқу мен арнайы оқу-өндірістік іс-қимылдарының бірігуін қамтамасыз ету; жаңа ақпараттық-білім беру ортаны түрғызыу жатады.

Ресурстық орталықтардың білім беру процесі мыналарды: вариативтік бөлімдерді, қосымша білім беруді және оқыту процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтиды. Жоғарғы сынып оқушыларына ұсынылатын ресурстық орталықтардың практикалық-бағытталған курстары – кәсіптер әлемі туралы оқушыларды ақпараттандыру негізі, ол оқушылардың нақты еңбек іс-қимылдарына оқушылардың жеке артықшылық

көзқарастың қамтамасыз етеді және оқытудың жеке дара маршруттарын тұрғызуларап, сонымен қатар «бағдарлау Мен кәсіпкермін» образын және кәсіптік іс-қимылдың алғашқы біліктегі мен дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Практикалық-бағытталған курсардың мағынасы өнірлік еңбек нарының қажеттіліктерін ескере отырып, окушылардың кәсіптік өзіндік анықталуының позитивтік үмтүлісінә бағытталған, сонымен қатар окушының тұлғасын кәсіптік іс-қимыл өрісіне көзделген.

Аудиториялық жұмыс ресурстық орталықта және әлеуметтік серікестердің базалық аландарапында ұйымдастырылады, ал оқу-практикалық сабактар, зерттеу және жобалық жұмыстар жұмысшы кәсіптері орталығында, ҚарМУ, ҚГМУ, колледждерде және Қарағанды қаласының бейінді кәсіпорындарында іске асырылады. Өнірдің кәсіпорындары, окушылардың жеке дара оқыту маршруттарын құру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін сұранысқа ие және перспективалы мамандықтар мен кәсіптік білім беру үйымдары туралы Бірыңғай ақпараттық база құрылды.

ҚарМТУ «Корпоративтік университет» инновациялық-білім беру концорциумы шеңберінде тау-кен ісі, маркшейдерлік іс, геодезия және картография салаларында окушылардың кәсіптік бағытталуы мақсатында Ресурстық орталықта арнайы «Тау-кен ісі», «Нано және биотехнология» курсары ашылды. Жоғарғы оқу орнының инженерлік бейін зертханасында окушылар тау-кен ісінде заманауи аспаптарды: электронды тахометрді, GPS-навигаторды, нивелирлерді, георадарларды қолдануды зерделейді. «Кәсіптік техникалық оқытудың негізі» факультативінің бағдарламасы бойынша сабак жүргізу процесі барысында университеттің «Кәсіптік оқыту» дайындық бағытының студенттерімен бірігіп, окушылардың зерттеу немесе жобалық жұмыстары ұйымдастырылады. Жаңа технологияларды, автоматтық жобалау жүйесін зерделеу үшін «Технопарк UniScienTech» ЖШС өз зертханаларын және мамандарын жұмылдырады. «Заманауи ақпараттық технологиялар. Автоматтық жобалау» шеңберінде окушылар заманауи автоматтандырылған жобалау жүйесін зерделейді. Пәндерді, құрделіліктері әртүрлі заттар мен құрылымдарды жобалайды, әртүрлі автоматтандырылған жобалау жүйесінде көлемді 3D обьектілерді тұрғызады. Курс құрылыш және архитектура; автоматтандырылған жобалау жүйесі; машинажасау, көліктер ісі; приборжасау; геодезия және картография курсы; маркшейдерлік іс салаларында техникалық мамандықтарға бағытталған.

Жоғарғы сынып окушылары өте жиі кәсіпті тек қана өз қызығушылықтары мен артық көрүлеріне байланысты таңдауға бет бұруда. Оның барысында окушылар өздерінің жеке деректері, интеллектуалды әлеуеті және психофизиологиялық ерекшеліктері таңдалған сала қызметкерлеріне қойылатын талаптарға сәйкестілігін барабар бағалай алмайды. Осы мәселе № 40 жалпы білім беретін мектеп, № 76, 35 мектеп-лицейлері, Астана қаласының № 9 «Зерде» дарынды балалар үшін мектептің педагогтері мен психологтары жоғарғы сынып окушылары үшін кәсіптік бағдар бойынша әртүрлі ойындар мен сабактарды жүргізу арқылы қоятын негізгі мәселе болып табылады. Осындағы іс-шаралар нәтижесінде білім

алушылар қандай іс-қимылдың түрлеріне бейім екендігін, қандай кәсіпке өздерінің жақын екендігін жылдам анықтай алады. Жоғарғы сынып оқушыларының кәсіптік бағдарларына бағытталған сабактар барысында педагог-психологтар әрбір баланың бейімділіктері мен тұлғалық артық көрулеріне зерттеу; тестілер арқылы балалардың интеллектуалдық және дене қабілеттеріне талдау; Әртүрлі саладағы іс-қимылдар мен кәсіптерге зерделеу; енбек нарқында ситуацияларға талдау жүргізеді.

Сынып жетекшілері жұмысында жоғарғы сынып оқушыларын кәсіптік бағдарлау бойынша «Таңдау лабиринті» атты іскерлік ойыны қолданылады. Бұл іс-шараның бірінші бөлігі пресс-конференция түрінде өтеді, оның барысында әрбір оқушы басқа балаларға өзінің болашақ кәсібі туралы презентация көрсетеді. Одан кейін ойын барысында барлық балаларды пар-парға бөлу қажет, әрбір қатысуыш өз оппонентіне таңдаған кәсібінің басқаларға қарағанда артықшылығын дәлелдей білуі тиіс. Кәсіптік бағдарлану бойынша жоғарғы сынып оқушылары үшін ең қызықты және пайдалы іс-шара арнайы тест болып саналады. Мұндай зерттеудің сан алуан түрлері бар, оның әрқайсысы баланың тұлғалық ерекшеліктерін, бейімділіктерін және артық көрушіліктерін, интеллектуалдық даму және т.б. анықтауға бағытталған. Енбек және әлеуметтік кәсіптік сынамалар, тақырыбының үйірмелер, конкурстар, имитациялық бағдарламалар, психологиялық тренингтер және техникалық шығармашылық көрмесі практикасы да білім алушылардың кәсіптік бағдарлануында және өзіндік анықталуында үлкен роль атқарады. Оқушылар кәсіптік сынамалардан өтеді, олар білім алушалардың кәсіпке дейінгі тәжірибесін алуға және оны өз қабілеттерімен салыстырларына мүмкіндік береді.

Кәсіптік бағдарлану жұмысы білім беру процесінің бір бөлігі және енбек тәрбиесінің негізі болып табылады, оның барысында білім беру қызметі және енбек нарқытары, кәсіптер, мамандықтар, жұмыс орнын іздешілерге қойылатын талаптар, білім беру кеңістігінің барлық туралы білім алушыларды кәсіптік ақпараттандыру іске асырылады.

Мектепте өткізілетін іс-шаралар мыналарға:

- оқушылардың еңбекке, жұмысшы кәсіптері мен мамандықтарына, адамдарға; енбек нарқы және экономиканың сұраныстарын ескере отырып, таңдалған бейін бойынша кәсіптік іс-қимылдар үшін қажетті қабілеттерге он қатынасын қалыптастыруға;

- экономиканың талаптарының жылдам өзгеруі жағдайында әртүрлі экономика секторлары, кәсіптер, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және нарқыты қатынастар туралы оқушылардың көзқарастарын кеңейтуге;

- болашақ кәсіптік іс-қимылда стандарттық емес мәселелерді шешу мақсатында оқушылардың шығармашылық қасиеттерін дамытуға бағытталған.

Астана қаласының мектептерінің тәжірибелері енбек нарқымен, жоғарғы оқу орындарымен және колледждермен өзара қарым-қатынастар орнатуларымен сипатталады.

Қызылорда қаласының Серғали Толыбеков атындағы № 3 мектеп-лицейінің жоғарғы сыйнып оқушыларының кәсіптік бағдарлану тәжірибесі қызықты болып табылады. Мектеп-лицей жоғарғы оқу орындарымен және колледждермен, өнірдің кәсіпорындарымен әлеуметтік серіктестікті дамытып келеді. Оқушылардың кәсіптік бағдарлану нысандары әртүрлі: «Кәсіптер әлемі» фестивалі, әртүрлі кәсіптердің қызықты адамдарымен кезедесу үйымдастыру, конкурстар, викториналар, «Менің болашақ кәсібім» және т.б. Оқушыларды кәсіптер, өндіріс технологиялары, еңбек тәртібі, нақты кәсіптік іс-қимылдың түріне қойылатын біліктілік талаптар туралы ақпараттандыру үшін интернет-технологиялар арқылы электронды оқыту мүмкіндіктері белсенді қолданылады. Осы мақсаттарда жоғарғы сыйнып оқушылары үшін әртүрлі электронды-анықтамалық әдістемелік құралдар әзірленеді, олар оқушылардың кәсіптік бағдалануын қалыптастыруға практикалық көмек көрсетеді. Қызылорда облысының Кәсіпкерлер палатасының серіктестігімен оқушылар үшін жыл сайын «Ушөлшемді модельдеу және 3D принтинг» курсы оқытылады.

Сыйнып жетекшілері кәсіптік бағдарланудың негізгі бағыттарымен өзара қарым-қатынас арқасында оқу-тірбие жұмысының жоспарын әзірлейді және іске асырады. Психологтер және әлеуметтік педагог оқушыларға олардың анықталған проблемалары, олардың бейімділігін, қабілеттерін, қызығушылықтарын, өмірлік бағдарлары, құндылық бағдарлары, кәсіпті және білім-кәсіптік маршрутты таңдау бойынша көмек көрсетеді. Оқушыларды кәсіптік ақпараттандыру әдістері мен нысандары мыналарды: кәсіптік бағытталған сабактарды, ойындарды, сыйнып сағаттарын, әңгімелесу және дәрістерді, кәсіптік апталықтарды, оқытудың мультимедиалық технологияларын, кәсіптік білім беру үйімінің өкілдерімен бірігіп конкурстарды, көрмелерді өткізуі және т.б. қамтиды. Мектепте жыл сайын «Мен зертеушімін» жобасы бойынша конкурс өткізіліп тұрады, оқушылар конференцияларда, олимпиадаларда, өнірдің жоғарғы оқу орындарының интеллектуалды конкурстарына белсенді қатысады.

### **3.3. Кәсіптік өзіндік анықталу кезеңінде білім алушыларды қазақстандық патриотизмге тәрбиелу**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы ««Қазақстан - 2050» Стратегиясы» Қазақстан халқына жолдауында қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытында көрсетілгендей, біздің көп ұлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың жетістіктерінің негізі жаңа қазақстандық патриотизм болып табылады [5]. Бұл бағдарламада қазақстандық патриотизм өз Отанының тағдыры, қауіпсіздігі, болашағы үшін әрбір қазақстандық азаматтың саналы жауапкершілігі деп анықталады. Салауатты қоғам және күшті мемлекетті тек патриотизм рухында тәрбиеленген адам ғана тұргыза алады. Бұл құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам орнатуға өз үлесін қосуға дайын әмбебап тұлға болуы тиіс. Стратегия – 2050 негізгі мақсатына қол жеткізу үшін нақты:

біздің жалпы тағдырымыз – бұл біздің Мәңгілік ел, біздің мақтанышты және ұлы Қазақстан принципін ұстануымыз қажет. «Мәңгілік Ел» – біздің жалпықазақстандық үйіміздің ұлттық идеясы, біздің ата-бабаларымыздың арманы [6].

Мемлекет басшысы Н.А.Назарбаев әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттіндегі сөйлеген сөзінде, елімізге талантты ғалымдар қажет, ұлттық интеллектің ядросын қалау қажет, халықаралық деңгейде бәсекелестікке өабілетті әрудициясы дамыған адамдар қажет деп атап көрсетті. Кәсіптік білімге және іс-қимылға оқушыларды даярлаудың дамытушы ортасын ұйымдастыру, Қазақстанның нағыз патриоттарын тәрбиелеу мақсатында оқушылардың тұлғалық және әлеуметтік өсуіне оң әсер ететін білім беру технологияларын қолдану қажет, олардың интеллектуалды ойындар, олимпиадалар, қайырымдылық акцияларына, дискуссияларға, жобаларды қорғау сияқты іс-шараларына қатысуларын қарқыннату қажет. Оқушылардың жоғарғы оқу орындарының жүйесіне өту және бейімделу кезеңінде алған тәжірибесі кәсіптік білім алу және кәсіптік іс-қимыл ретінде олардың болашағына оң әсер етеді.

Патриотизмнің қалыптасуы және қүшесінде ҚР Конституациясына, Білім туралы заңға, «Мәңгілік ел» патриоттық актісіне, қазақстандық болмыс пен бірліктің нығаю және даму тұжырымдамасына, және барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелеу компонентінің қүшесінде бойынша типтік кешенді жоспарына негізделеді. Ондағы мақсат азаматтарда жоғарғы патриоттық сананы, өз елі үшін мақтаныш сезімін, қазақстандық патриотизм жүйесін мақсатты дамыту арқылы өз Отанының қызығушылықтарын қорғау бойынша азаматтық борышты және конституциялық міндеттерді орындауға дайындығын қалыптастыру болып табылады.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы контекстінде ұлттық тәрбиелеудің мақсаты болашақ маманың тұлғалық образының жан-жақты және үйлесімді дамуына: этникалық, көпмәдениетті және интеллектуалды құзыреттердің бірлігі, өзара қарым-қатынасы және өзара негізделген қалыптасу деңгейін анықтау тікелей әсер етеді. Осы конгломерант Қазақстанның жаңа даму кезеңінде басым мағынаға ие болады. «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы «Қазақстан – 2050» стратегиясының берік идеялық негізі ғана болып қоймай, сонымен қатар XXI ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің құралуының біртұтастық, құламайтын идеялық негізі болып қала бермек (Н.А. Назарбаев).

Адам қоғамының тарихында тәрбиелік идеал туралы көзқарас қоғамның қажеттілігінен, өскелен ұрпақтың дайындығына қойылатын талаптарға сәйкес және философиялық және психологиялық- педагогикалық тұжырымдамаларға байланысты қалыптасты және өзгеріп отырды. Былайша айтқанда, заманауи ұлттық тәрбиелік идеал – бұл интеллектуалды дамыған, шығармашылық, бәсекеге төтеп бере алатын, ұлттық өзіндік санасы жоғары, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті жоғары, өз тағдыры үшін ғана емес, сонымен қатар көпұлттық Қазақ мемлекетінің болашағы үшін жауапкершілікті сезінетін азамат және патриот, рухани-адамгершілігі мол тұлға [13].

Қазіргі кезде әлем жаһандану кезеңін–адамзаттың бірыңғай ақпараттық және коммуникациялық кеңістігінде жан-жақты бірігу кезеңін, бүкіл планетаның бірыңғай экономикалық нарқына айналдыру кезеңін бастан кешіруде. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы» «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына 20 қадам» атты әйгілі мақаласында өткен ғасырдың 60-шы жылдарында кең тараған тұтынушы қоғамның тұжырымдамасының шындыққа жана спайтыны бүгінгі күні әйгілі болғандығын; бүгінгі күні бұл тұтыну идеологиясының жарамсыздығын бүкіл әлем қатаң түсінгендігін; бұның өзі әлемнің дамыған елдерінде бұқаралық әлеуметтік масылдықты тудырғанын және жаһандық күйзелістің негізгі себептерінің бірі болып отырғанын атап көрсетті. Осыған байланысты ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2006 жылғы мамырда Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде оқыған дәрісінде айтылғандай, біз жаңа ғасырдың талаптарына бейімделуіміз қажет және қатаң бесекелестікке дайын болуымыз қажет екендігі белгілі болып отыр.

Заманауи қоғамда жаһандану кезеңінде жастардың қазақстанның патриотизмі ерекше мағынаға ие болып отыр. Біздің қоғамның қазіргі кездегі жағдайларын ескеріп, қазақстанның патриотизм жүйесі жаңа тәсілдерді іздеңдер үстінде, біздің жастарымыз өмірдің батыстық бейнесіне қызығушылық танытуда, отандық мәдениетке, өз халқының дәстүріне сенімсіздікпен қарауда. Осы қауіпті жағдайда біртіндеп, жаңа қазақстанның патриотизмді қалыптастыру қажет, халықтың өткен ерліктері мен бүгінгі күнгі өмірдің шындығымен үйлесімді жарасуы тиіс. Дәстүрлерді және өткен ұрпақтардың жетістіктерін жаңғырта отырып, біз болашаққа біртіндеп жылжудың алғышарттарын құрамыз, білім берудің ұлы ролі осында, ол бейбітшілікті қамтамасыз етудің және толеранттық және келісім рухында тәрбиелеу жолының тұрақтылығын қамтамасыз етудің факторы болып табылады [13].

Стратегия – 2050 тұжырымдамасы - жастарды тәрбиелеу идеологиясының негізі және қазақстанның патриотизмді қалыптастыру жүйесінің идеологиялық жұмысын жүйелі жүргізуін негізі деп қарауға болады. Қазіргі жағдайда, жаңа қоғам орнату мәселелері, елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуқиындалап кеңейіп кеткен шақта, халықаралық мәселелерді шешудің негізгі факторларының бірі күш көрсету болып отырғанда, тәрбиелік жұмыстың маңызы әлдеқайда артады. Тәрбиелік жұмыс халықта, оның ішінде жастарда, жоғарғы саналықты, идеялық сенімді, оларды патриотизм және интернационализм рухында тәрбиелеуге, елімізге кез-келген дүшпандық қарсы тұруға бағытталады [7]. Қазақстанның патриотизм – халықтың ұлттық өзіндік санасының базалық құрамаларының бірі, ол махабbat сезіміне, өз отанына деген мақтаныш пен адалдығына, оның тарихына, мәдениетіне, дәстүрлеріне және тұрмысына, оны қорғаудың адамгершілік борышына, сонымен қатар басқа қоғамдастықтардың өзіндік тұрмысын және өзіндік құндылықтарын сезініп, түсінуіне және бір-біріне қарсыластықсыз өмір сүруіне байланысты анықталады.

Қазақстандың жастардың даму деңгейі, оның мәдениеті, білімі – бұның барлығы Қазақстан Республикасының XXI ғасырдағы стратегиялық ресурстарының бірі болып табылады. Қазіргі жастар болашақта қоғамның саяси, экономикалық және ғылыми элитасының негізін қалыптастырады. Сондықтан қазақстан қоғамының даму жетістіктері жастардың тұлғалық бағытталуына, қазақстан мәдениетінің, тарихының қандай құндылықтары олардың тұлғалық дүниетанымдық ядросын құрайтынына, олардың азаматтық жауапкершіліктерінің деңгейі қандай болатынына тікелей байланысты болады.

Н.Ә.Назарбаев айтқандай, көпүлттық жастардың өздерін Қазақстан тарихымен, өткен ата-бабалардың маңызды құндылықтарына сәйкестендіріп оқыту қажет, жастарға өмірлік нақты бағдар беру қажет [2]. Қандай тәрбиені (ұлттық, діндік, құқықтық, саяси және т.б.) айтсақ та, оның мағынасы біреу – тұлғаны қалыптастыру процессі екендігі белгілі. Адам өз ұрпақтарын өз көзқарасына, сонымен қатар өзі өмір сүріп отырған қоғам талаптарына байланысты тәрбиелеуге тырысады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында көрсетілгендей, білім беру жүйесінің міндеттері: азаматтық пен патриотизмді, Отанына – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, мемлекеттік символдар мен мемлекеттік тілге құрмет көрсетеу, халықтар дәстүрлерін сыйлау; отандық және әлемдік мәдениет жетістіктерін қабылдау; қазақ халқының және республиканың басқа халықтарының дәстүрлері мен әдеттерін зерделеу; мемлекеттік, орыс, шетел тілдерін менгеру болып табылады.

Ұлттық патриотизм рухында жас ұрпақты тәрбиелеу қазіргі кездегі республикадағы білім беру жүйесінің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Жастарды патриотизм рухында тәрбиелеу қоғам мен мемлекеттің талаптарына ғана сәйкес болуы жеткіліксіз, сонымен қатар ол әрбір жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына бағытталған заманауи педагогикалық парадигмаларға да сәйкес болуы тиіс. Осыған байланысты патриоттық тәрбиенің «бесігі» болып табылатын білім беру үйымдары ерекше орын алады. Ол үйымдар талмай жұмыс істеуге, өз жерін, Отанын қорғауға дайын болуға тәрбиелейді, оқытады [13].

Жастардың патриотизмін қалыптастырудың жеке-дара-іс-қимыл тәсілін іске асыру, болашақ мамандарды мәдени мұралардың, өз елінің тарихы мен әлеуетін, сонымен қатар патриоттық сананы, ойлау мен дүниетанымды қалыптастыру, олардың өзара қатынастарын белгілі-бір жүйеге келтіру ерекшеліктерін зерделеу және сақтау бойынша жастарды практикалық іс-қимылдарға тікелеу қатыстыру арқылы іске асырылады. Осыған байланысты қазіргі патриотизмді қалыптастыру бойынша міндеттерді үш бірі-бірімен өзара байланысты топтарға біріктіруге болады:

- жастардың патриотизмін тиімді қалыптастыруға әсер ететін білім беру ортасын құру;
- Отанның әл-ауқат жағдайын зерделеу, бағалау және жақсарту бойынша патриоттық сәйкес іс-қимыл және интеллектуалдық және

практикалық дағдыларды дамыту үшін қажетті жалпылама білім беру қалыптастыру;

- болашақ мамандардың оларсыз (сапаларсыз) патриоттық сәйкес іс-қимылдарын жүргізу мүмкін емес сапаларын қалыптастыру.

Патриоттық тәрбиені іске асыру процессінде тұлғалық және кәсіптік өзіндік даму бағдарламасын әзірлеу жұмысы негізінде және тұлға аралық қарым-қатынас саласында жастардың өзінді танымға қажеттілігін дамыту жоспарының маңызды ролін ескеру қажет.

Оқушылардың патриоттық тәрбиесінің нәтижелілігі көп жағдайда тәрбие құралдарын қолдануға байланысты болады. Мысалы, жеке дара білім беру маршрутын жағдайында біріккен іс-қимылдардың мынадай бағыттары анықталған: Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президентінің өміріне байланысты қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу; жастарда әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруды дамытушы ортасын құру, оларда әлеуметтік-білім беру және индустріалды-инновациялық түрлендіруді шешуге бағытталған белсендерлікті арттыру, көшбасшылық сапасын дамыту, талантты жоғарғы сынып оқушыларын анықтау, қолдау және қызықтыру; қазақстандықтардың жас ұрпақтарын ұлттық құндылықтарға: патриотизм мен азаматтыққа, толеранттылық және ұлтаралық келісімге, этноаралық қатынас мәдениетінәрбиелеу. Жеке дара кәсіптік-білім беру маршруты курсары бойынша, мысалы, «Табысқа жету технологиясы» курсы бойынша, оқыту процессінде оқушылардың дербес дамуын, мансапты жоспарлауды, басқару іс-қимылдарын, шешендік өнерді менгеру байқалады.

2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев айтқандай, өз Отаныңды сүю – ата-бабалардың мұрасы, оны өзінің салмақты үлесінді көбейте және дамыта отырып, көзіңнің қарашығындаң сақтау қажет және болашақ ұрпаққа беру қажет – қазақстандықтардың бүкіл іс-қимылдарындағы негізгі мағына осында жатыр. Өзінің Отанына сүйіспеншілігін және берілгендейтін талмайтын еңбегімен дәлелдейтін қазақстандықтар көбейе берсін! Әлеуметтік дамудың стратегиялық ресурсы ретінде жастардың әлеуеттік мүмкіндігі жастар қоғамдық өмірдің барлық салаларына белсендерлік араласқандағандағанда іске асуы мүмкін, бұл мүмкіндікке өмір тіршілігінің ең өзекті проблемалары бойынша жастар ақпарат алғанда және оларды шешуге белсендерлік араласқандағанда қол жеткізіледі.

Қазақстан РЕспубликасы Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында көрсеткендей, оқыту процессінің тәрбиелік компоненттерін: патриотизм, мораль және адамгершілік нормаларын, ұлтаралық келісімді және толеранттықты, денелік және рухани дамуды, зандылықты сақтауды күшету қажет. Бұл құндылықтар меншік нысандарына қарамастан барлық оқу орындарында менгерілуі тиіс [7].

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғыру» мақаласында білім беру мәдениеті жалпыхалықтық болуы қажет деген еді. Біздің елімізде жоғарғы білімді адамдар әлемде бәсекеге қабілеттілікті көрсетулері үшін біздің елімізде барлық мүмкін шаралар іске

асырылатын болады. Елбасы айтқандай, Қазақстан бүгінде білім беруді бюджеттік қаржыландыру бойынша алдыңғы қатарлы елдердің сапына кіріп отыр. Мемлекет басшысы қазіргі кезде тек жоғарғы білімді адамдар ғана бәсекеге қабілетті болып табылады деп атап көрсетті [1].

Жаңғырту бағдарламасының маңызы бірынғай ұлтта бәсекеге қабілетті, прагматик, құшті, шығармашылықты, патриотты және белсенді тұлға даярлау, оның табысты болашағы тәрбиеге және білім алу мәдениетіне байланысты болып табылады.

«Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы білім берудің мынадай мәселелерін: жалпы орта білім берудің оку бағдарламаларының практикалық бағыталуын, өмірде салауатты прагматизмді тәрбиелеу және білімді практикалық қолдану мәселелерін, білім беру процесіне жобалық іс-қимылдарды енгізуді, әлемдік білім берудің қол жетімділігін, білім алушылардың қосымша білім алын, білім алушылардың кәсіпптерді саналы таңдауыншешуге көмектеседі. «Саналы азамат» базалық бағыты жалпы адами құндылықтар негізінде бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған.

## Қорытынды

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласында болашақ кәсіпті таңдау процесі барысында білім алушылардың кәсіптік бағдарлануын қолдау туралы мәселені, еңбек нарқының талаптары мен перспективаларын ескере отырып, білім алушылардың мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сәйкес іс-қимыл саласын еркін таңдау жағдайында кәсіптік өзіндік анықталу үшін жағдайлар жасау мәселелерін көтерген еді.

Бұгінгі күні әрбір оқушының өзіндік білім алу траекториясын құруды қамтамасыз ететін оқытудың модельдері мен технологияларын белсенді іздестіру жүріп жатыр. Білім беруді жаңғыртудың негізгі идеясы білім беру жеке даралау, ол функционалды және тиімді болуы тиіс. Білім беру процессін жеке даралау міндеттін іске асыру әдістерінің бірі білім алушылардың жеке дара білім алу маршруттарын әзірлеу және енгізу болып табылады.

Мектепте жеке дара білім алу-кәсіптік маршруттарды іске асыруды қамтамасыз ету – бұл тұлғаның даму, оның болашақ кәсіпті таңдауына дайындық, білім беру мазмұны арқылы өмірлік мағынасы мен мәнін анықтау проблемаларын шешуге үмтүлу болып табылады.

Оқушыларды жеке дара білім беру маршруттары бойынша оқытуды білім беру процессінің барлық субъектілерінің өзара қарам-қатынасы жүйесінде қарастыру керек, сонда оның қатысуышыларының арасындағы ынтымақтастықты тұрғызуға мүмкіндік туады, оқушыларды өмір бойы үздіксіз білім алуға бағыттайты, әрбір оқушының жеке бастық ерекшеліктерін дамытады [12].

Оқушылар үшін жеке дара білім беру маршруттарын қалыптастыру олардың әлеуетін сақтауға және дамытуға, социумда тұлға ретінде жеткілікті бейімделуге және бір уақытта оларды әлеуметтік және кәсіптік қажет тұлғалар болуына мүмкіндік береді.

Әрбір оқушыда әмбебап тұлғаны көргісі және дамытқысы келетін мұғалім барлық оқушыларды бір уақытта әртүрлі оқытуға байланысты күрделі педагогикалық мәселені шешуіне тұра келеді. Осыған байланысты оқушыларды өздерінің дербес траекториясымен оқытуға байланысты білім беру ұйымының алдында проблемалар туындейды.. Бұл проблеманы табысты шешу үшін педагог білім берудің әртүрлі мағыналы нысандарын, технологияларын жақсы білуі және менгеруі қажет.

Осы әдістемелік ұсынымдардың мазмұны оқытудың белгілі бір кезеңінде білім алушылардың іс-қимыл бағдарламасын құрылымдау үшін педагогтерде қажетті психологиялық-педагогикалық білімдерді де қалыптастыруға; кәсіптік іс-қимылда теоретикалық білімді нақты ситуацияда қолдана білу білігін дамытуға; типологияға сүйене отырып, жеке дара білім беру маршруттарын таңдауды іске асыруға; оқушылардың жеке дара қабілеттерін анықтау және оларды жеке дара білім беру маршруттарын жобалау үшін қолдану мақсатында баланың тұлғасын зерделеу әдістерін таңдау дағдыларын қалыптастыруға; оқушының жас және жеке бастық

ерекшеліктерін ескере отырып, жеке дара білім беру маршруттарын әзірлеуге бағытталған [19].

Қорытынды ретінде айта кететін мәселе, жеке дара білім беру маршруттарының технологиясын қолдану білім берудің көптеген өзекті мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Оның ішінде, ең алғаш жеке дара білім беру жоспарлары барлық іс-қимыл түрлерінде оқушылардың білім алу қажеттіліктері мен қызығушылықтарын түпкілікті ескеруге және қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Бұның өзі оқушылардың білім алуға қызығушылықтарын тудыруды және оны арттыруды қамтамасыз ету бойынша жұмыстардың әртүрлі нысандарын қажет етеді.

Оған қоса, жеке дара оку жоспарларының технологиясын іске асыру да маңызды болып табылады және оқушылардың әлеуметтену мәселесін тиімді шешуге, олардың дербестігін және өзіндік үйымдасу қабілеттерінің артуына жағдай жасауға оң әсер етеді.

Сонымен, мектеп практикасына жеке дара білім беру маршруттарын енгізу бізге оқушылармен тұлғалық-бағытталған жұмысқа көшу мәселесін практикада шешуге, оқушылардың және ата-аналардың жеке дара білім беру маршруттарын нақты тандаутетіктері мен рәсімдерін жетілдіру жағдайын жасауға мүмкіндік туғызады.

## **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы модернизациялау» мақаласы. <http://www.akorda.kz/ru/>.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». 31 қаңтар 2017 ж. <http://www.akorda.kz/ru/>.
3. Президент Н.Ә. Назарбаевтың Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде оқыған лекциясы.. «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру білім экономикасына» 2006 жылы 27 мамыр.
4. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақала.
5. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы "Қазақстан-2050" Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" – Астана: Елорда, 2012.
6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мудде, бір болашақ" – Астана: Елорда, 2014.
7. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» // «Казахстанская Правда» газеті 16.02.2012 ж.. 1-3 бет.
8. Артемова, Л.К. Образовательно-профессиональный маршрут старшеклассников: проблемы, пути реализации/ Л.К. Артемова //Профильная школа. - 2008. - №6. - С. 47-54.
9. Бердн М. Система профессиональной ориентации в Германии// Научные записки. Серия «Педагогика». — 2011. — № 3.
10. Гребенникова В.М., Игнатович С.С. Проектирование индивидуального образовательного маршрута как совместная деятельность учащегося и педагога // Фундаментальные исследования. – 2013. – № 11-3. – С. 529-534.
11. Драчева Е.Ю. Методическое сопровождение естественно - научного образования по индивидуальным учебным планам в старших классах школы / Е.Ю. Драчева //Мир науки, культуры, образования - 2015- №2 – С.203-205.
12. Егоров В.В., Жилбаев Ж.О., Утемуратова Б.К. Профессиональное самоопределение учащихся в условиях ресурсного центра и социального партнерства: монография / Караганда: Изд. КарГТУ, 2015 г.
13. Жилбаев Ж.О. Теория и методика формирования казахстанского патриотизма молодежи. Научное издание. – Астана, 2018.
14. Корсун А.А. К вопросу о профессиональном самоопределении старшеклассников в работах отечественных и зарубежных учёных / А.А. Корсун // TransformationofapproachestoeducationinRussiaand CIS states: [колл.моногр.] – Штутгарт: ORT Publishing, 2012.

15. Критерии профессиональной готовности учащихся [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://edu.resurs.kz/metod/kriterii-professionalnoy-gotovnosti-uchaschihsya>.
16. Куприянова Г.В. Индивидуальный образовательный маршрут. Индивидуализация в современном образовании. Ярославль. 2001.
17. Климов Е. А. Психология профессионального самоопределения / Е. А. Климов. – Ростов-на-Дону: Феникс, 1996. – 198 с.
18. Мягкоход Л. Проектирование индивидуальных образовательных траекторий в условиях перехода к новым образовательным стандартам [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://ipk.68edu.ru/2010-05-31-12-25-16/2010-06-01-07-39-07/280-2010-06-01-07-45-08.html>
19. Лежнина Л.В. Индивидуальный образовательный маршрут как инновация в профессиональной подготовке педагогов-психологов/ Л.В. Лежнина // Стандарты и мониторинг в образовании. - 2009. - №2. - С.21-25.
20. Логинова Ю. Н. Понятия индивидуального образовательного маршрута и индивидуальной образовательной траектории и проблема их проектирования//Методист.-2006.-№ 9.-С. 4-7.
21. Отечественный и зарубежный опыт профессиональной ориентации школьников//Аkkредитация в образовании [Электронный ресурс]. URL: [http://www.akvobr.ru/opyt\\_proforientacii\\_shkolnikov.html](http://www.akvobr.ru/opyt_proforientacii_shkolnikov.html)
22. Сазонов А.Д. Профессиональная ориентация учащихся. М.: Просвещение, 1988. – 223 с.
23. Сергеева Н.Н. Индивидуальный образовательный маршрут ученика в рамках профильного обучения / Н.Н. Сергеева//Администратор образования. – 2009. - №2. - С.66-69.
24. Ткаченко А. А. Опыт построения образовательных индивидуальных маршрутов//Сибирский учитель. — 2011. — № 4.
25. Утемуратова Б.К. Журнал «ManinIndia». FormationModelProfessionalCompetenceinStudents (Формирование модели профессиональных компетенций у обучающихся). Author: Utemuratova B.K., Goting V.V., Udartseva S.M., Erahtina I.I. and Smirnova G.M. Volume : No.97 (2017) Issue No.:2 (2017). Pages : 769-773. Show/HideAbstract.
26. Фукуяма Сигэкадзу. Теоретические основы профессиональной ориентации / Под ред. Е. Н. Жильцова, Н.Н. Нечаева. – М. : Изд-во Моск.ун-та, 1992. – 108с.
27. Хуторской А. В. Развитие одаренности школьников: Методика продуктивного обучения: Пособие для учителя.- М., 2000.
28. Ярулов А.А. Индивидуально-ориентированный учебный план / А.А. Ярулов//Школьные технологии. - 2004. - № 6. - С.136-154.

**Оқушы дамуының жеке білім беру бағытымен (ЖББ) жұмыс жөнінде нұсқаулық**

1. Оқушы дамуының жеке білім беру бағыты (ЖББ) – бұл:

- Білім берудің аралық және стратегиялық мақсаттарына жетудің бірізділігін үақытында жоспарлау;
- Әртүрлі әлеуметтік серіктестердің өзара ықпалдасуынан анықталатын динамикалық құбылыс,
- Оқушылардың және олардың ата-аналарының сұраныстарын, сондай-ақ білім беру үйымдарының, оқу және оқудан тыс іс-әрекет саласында өнірлердің әлеуметтік-экономикалық даму мүдделерін қанағаттандыру тәсілі.
- Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін қосымша мүмкіндіктер беру арқылы мектепте жоқ білім беру компоненттерінің орнын толтыру.

2. ЖББ толтыру жөнінде ұсынымдамалар

1. Жеке білім беру бағыты ата-аналардың немесе баланың өзінің қалауы бойынша баланың жасына және қабілеттеріне сәйкес ресімделеді.

2. Бағыт парагын ата-аналар (1-8 кл.) және оқушылардың өздері (9-11 кл.) толтырады.

3. Жеке білім беру бағытының соңғы нұсқасы ағымдағы жылдың 15 мамырынан кешіктірілмей ресімделеді.

4. Пән мұғалімдері және сынып жетекшілері бағыт парагын толтыру кезінде ата-аналарға және оқушыларға мынадай көмек көрсетеді:

- оқушыларды ақпараттық қолдауды үйимдастырады (оқушылардың қабілеттерін іске асырудың мүмкін болатын жолдары туралы ақпарат ұсынады);

- психологиялық қызметпен бірлесіп іс-әрекеттің әр түрі бойынша оқушылардың қабілеттерін айқындауды және алынған мәліметтерді ата-аналар мен оқушыларға жеткізеді;

- карталардың үлгісі мен оны толтыру нұсқаулығын ата-аналарға (ата-аналар жиналыстарында) және оқушыларға (сынып сағатында) ағымдағы жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірмей жеткізеді.

5. Бағыт парагының ұсынылған үлгісі оқушының қабілеттері мен мүдделеріне сәйкес оны ішінәра толтыру мүмкіндігін қарастырады, атап айтқанда: бағыт парагының шеті білім саласына бөлінген, оқушылардың бегілі бір нәтижелерге қолжеткізген саласынғана толтыру мүмкіндігіне ие болады (компьютер нұсқасында бағытты толтыру кезінде пайдаланылмаған блоктарын алып тастауға болады).

6. Бағыттың шеті оқушылардың қабілеттерін іске асырудың ақпараттық базасы (пәндей олимпиадалар, ғылыми-практикалық конференциялар, фестивальдар және т.б.) болып табылады.

7. Бағыттың шетінің түрлі түсті гаммасы бар, оны толтыру кезінде ескеру қажет:

- сары түс – баланың іс-шараларға қатысуы (олимпиадалардың мектептік туры, интеллектуалдық марафондардың мектептік туры, мектептік ғылыми-практикалық конференция және т.б.);

- көгілдір түс – баланың өнірлік деңгейдегі іс-шараларға қатысуы (олимпиадалар мен интеллектуалдық марафондар турлары, ғылыми-практикалық конференциялар)

- күлгін түс –баланың қала деңгейіндегі іс-шараларға қатысуы (пәндей олимпиадалар мен интеллектуалдық марафондардың қалалық кезеңі, қалалық ғылыми-практикалық конференциялар).

8. Қатысу нәтижесі бойынша бағыт парагының тиісті шетіне іс-шаралардың атауы

**енгізіледі:**

- пәндер бойынша олимпиада
- «Мәдениет диалогы» ғылыми-практикалық конференция
- «Үздік кәсіпкерлік жоба» конкурсы
- «Мамандықтар әлемі» фестивалі
- интеллектуалдық марафон

**мәртебе:**

- жеңімпаз
- жүлдегер
- лауреат
- қатысушы

**алған награда:**

- диплом (1, 2, 3-дәрежелі)
- «Ең үздік техникалық есеп үшін» грамота (не үшін, қандай номинация екенін көрсету)
- қатысушы сертификаты

9. ЖББ жыл сайын толтырылады және оқушылардың қабілеттерін дамыту мен іске асыру жолдарын жоспарлауға, сондай-ақ баланың жеке жетістіктерін анықтау үшін қажет болады. Түрлі түсті принтрінде басып шығарылған МР оқушының портфолиосына алған наградаларының түпнұсқаларымен қоса салынады.

10. ЖББ 2 данасы оқушының барлық оқыған жылды аралығында Жеке ісінде сақталады.

## **Оқушыларға арналған ұсынымдамалар**

